Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оку орындарының оку үдерісінің тиімділігі заманауи педагогикалық технологияларды ұтымды қолдана білуге тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана біту іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы орта мектептерге қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда, орта арнаулы оку орындарының педагогикалық үдерісінде ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану және осының негізінде ақпараттық-логикалық модельдеуді оқыту үдерісінде пайдалану өзекті мәселе болып табылады. Бұтінгі ақпараттық қоғамның материалдық технологиялық коры компьютерлік техникалар мен компьютерлік жөлілер, ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық байланыстарға негізделген жүйелер болып табылатындығы айқын болып отыр.

Сондықтан окушыларға білім беруде ақпараттық-логикалық модельдеуді физиканы оқытуда қолдану арқылы тәжрибелік іс-әрекеттер барысында пайда болатын мәселелерді қалыпты түрде сипаттау, яғни ақпараттық-логикалық модельдеу өдістері туралы біліктілік, іскерлік пен машиқтар жүйесін қалыптастыруды қажет етеді.

Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім беруді жетілдіруге педагогика саласы ғалымдарының [А.А.Кузнецов, И.Н.Антипов, И.В.Роберт, И.Е.Вострокнутов, В.В.Лукин, И.А.Трубина, И.А.Румянцева, Ю.А.Первин, М.П.Лапчик, В.М.Монахов, А.Г.Кушниренко, А.Г.Гейн және т.б.] еңбектері арналған.

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы жағдайында еңбек сапасына қойылатын талаптың күшеюіне байланысты еліміздегі білім беру саласының жетілдірілуі жөніндегі бірқатар еңбектерді атап өтуге болады. Атап айтқанда білім беру жүйесін ақпараттандыру мен физиканы оқытудың теориясы мен өдіstemесі саласында бірқатар еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде – білімді ақпараттандыру жағдайында электрондық оқулықтарды пайдаланудың педагогикалық мәселелері [Г.К.Нұрғалиева], қашықтан оқыту жағдайында окушылардың ақпараттық мәдениеттілігін қалыптастыру [Д.М.Джусубалиева], білім беру жүйесін ақпараттандырудың жалпы мәселелері [Б.Баймұханов, С.Е.Шакликова, С.С.Үсенов, Р.А.Ильясова, Г.Б.Ахметова], жалпы білім беретін орта мектептерде физиканы оқытуды жетілдіру [С.Қариев, А.И.Тажигулова], білім беруді ақпараттандыру жағдайында электрондық өдіstemелік жүйені құрастырудың әдіснамалық және технологиялық мәселелері [Ш.Х.Құрманалина] жан-жақты қарастырылған. Бұл аталған ғалымдардың еңбектерінің нәтижелері білім беру стандарттары мен оқытудың бағдарламалық-өдіstemелік кешендерін жасауда негізгі қолданысқа ие болды.


Бұтінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес окушыларды түрмистық қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады.

Бірақ ақпараттық технологияларды дамыту мен оларды пайдалану тек алдыңғы қатарлы техникалық деңгейді талап етіп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдануға қажет білім мен оны қолдану аясын, яғни қоғамның интеллектуалдық (зерделік) потенциалы

булудын керек етеді. Мұндай талап алдымен білім беру жүйесін қүшейтуді қажет етіп, оның қоғамдағы рөлін міндетті түрде жоғары дәрежеге көтереді.

Оқыту үрдісіндегі оқушының белсенділігі дидактиканың негізгі талаптарының біріне саналады. Оқушылардың мұндай белсенділігі мақсатты бағытталған басқарушылық педагогикалық іс-әрекеттердің және сабактарда қолданылатын педагогикалық технологиялардың тікелей салдарынан келіп туындаиды. Оқушы оқып үйренетін материалды жақсы және барынша терең түсінеді және алған білімі неғұрлым ұзак уақыт жадында қалады. Оқушы, мұғалім және АҚТ сызба түрінде кескіндесек:

Ақпаратты-қатынастық технология көптеген оқу бағдарламаларының тууына, дамуына ықпал етеді. Қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқыту – оқушылардың өз бетімен іздену жұмысының өте тиімді түрі. Оқушыларға алтын ұақытынды орынды пайдаланып, оларға тың мағұлмат, тың дүние беру – жаңа технологиялардың, АҚТ – дың жетістігі. Сабактарда аталған технологияларды қолдану диапазоны шексіз және әртүрлі. Сабактарда оқытуда мультимедиа бағдарламасы тындау арқылы мәнерлелі оқытуды, эстетикалық тәрбиені қалыптастырып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерінің дамуына да молынан әсерін тигіздеді. Сабак барысында өтілген тақырып бойынша шығарманы талдау барысында өз ойларын ғана білдіріп қана қоймай, эссе, шығарма т.б жазуға дағдыландыру да барынша оқушылардың шығармашылық дамытуға әсері ерекше. Оқушыларға АҚТ- ды пайдалану арқылы білім бере отырып, электрондық оқулыктармен оқыту жүйесінің пән сапасын арттырумен қатар басқа да тиімді жақтары



ете зор. Оқушы білімі компьютерлік жүйе арқылы бағаланып, иллюстрациялық әдістер көп қолданылып, берілген тапсырмаға деген қызығушылық артып, әр оқушы өзінің шығармашылық қабілетін үштегі түсуге де мүмкіндік туғызады. Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы ‘Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек’ дегендей, оку-тәрбие үрдісіндегі ұйымдастыру істерінде нәтижелі болатын әдістерді сұрыптап пайдаланған жөн.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл бағыт оқу – тәрбие үрдісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне көтеруді көздейді.

АҚТ технологияны қолдану мұғалімге не береді? – деген сұрақ туындаиды. Ақпараттық технологияны қолдану мұғалім үшін тиімді.

1. Оқушының білімін қысқа ұақытта бағалай алады

2. Білім сапасын арттыра алады
3. Окушының білімін кез келген уақытта бағалай алады  
Ал, ақпараттық технологияны қолдану окушыға не береді?

Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі есумен қатар шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызды Оқуға деген қызығушылығын арттырады

- ❖ Көрнекті түрде тапсырмаларды орындаі алады
  - ❖ Фылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі
  - ❖ Уақытты ұнемдейді
  - ❖ Қайталау мүмкіндігін кеңейтеді
  - ❖ Орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады
- Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осылан сәйкес жаңа білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және осыларға қолжеткізу мүмкіндіктері жатады.

Болашақта мұғалімдердің еңбектері өз сабактарында АҚТ пайдалану арқылы женеілдейді, әйткені сабакты өткізу ақпараттандыру арқылы жүргізіледі. Олар: интерактивті сабактар, сабак презентациясы және тағы басқа түрлер.

Физика – жеке тұлғаның ақыл – ой қабілетінің көзін ашу және оның үздіксіз дамуы мен жетілпүн қамтамасыз ететін пәндердің бірі.


«Механикаға сакталу заңдарының қолданылуы» тақырыбына 10 «А» сынып окушысы Балғабаев Бауыржан Кіші Фылыми Академиясында жазылған жұмысында АҚТ окушы өте тиімді қолданып, қалалық КFA байқауда жүлделі орынға ие болды. Ол өзінің жұмысында ғаламтордан алынған өмірмен байланыстырған бірнеше мысалдарды алғып, соның ішінде қазақтың ұлттық саяқ ату ойынын физиканың сакталу заңымен байланыстырып, есептің шешімін тапты.

**Есеп-1** Массасы 20 г асық 0,5 м/с жылдамдықпен қозғала отырып, 9 г тыныштықта тұрған асыққа соқтығысады. Соқтығысқаннан кейін бірінші асықтың жылдамдығы 0,2 м/с өзгереді, ал екінші асықтың қандай жылдамдықпен қозғалатынын табу керек.

**Шешуі:**


$$m_1(\vartheta_1 - \vartheta_1') = m_2 \cdot \vartheta_2$$

$$\vartheta_2 = 0,67 \text{ м/с}$$



**Есеп-2**

10 м/с жылдамдықпен қозғалып бара жатқан бильярд шары бір тыныштықта тұрған массасы сондай екінші шарға соғылды. Олардың ажырату қалпы 2-суретте көрсетілген. Шарлардың соқтығысқаннан кейінгі жылдамдықты табындар.



2-сурет

**Шығарылуды:**

$$m\vartheta = m\vartheta^1 \cos 45^\circ + m\vartheta^1 \cos 45^\circ;$$

$$\vartheta = 2\vartheta^1 \cos 45^\circ = \vartheta^1 \sqrt{2};$$

$$\vartheta^1 = \frac{\vartheta}{2 \cos 45^\circ} \approx \frac{10 \text{ м/с}}{2 \cdot 0,71} \approx 7 \text{ м/с}$$

7 сыныптағы физиканы оқытуда модульдік технологияны қолданым.

Модульдік технологияны физика сабактарында колданудын маңсаты:

1. Физика курсы материалының окушыға түсінікті болуы.
2. Теренірек мемлекеттегі қызығушылығын арттырып, қажеттілігін қанағаттандыру.

I	Кіріспе бөлім	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Күш, энергия, механикалық жұмыс, рычагтың тепе-тендік заңы туралы жалпы мағлұмат беру</li> <li>2. Осы тақырыптардың формулаларын қорыту, физикалық мағынасын түсіндіру</li> <li>3. Тұжырым жасау</li> </ol>	§63-69 204-бет 70-73-беттер
II	Сөйлеу бөлімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тірек сыйбалары бойынша тұжырымдау</li> <li>2. Есептер шығару, деңгейлік тапсырмаларды орындау</li> <li>3. Эксперименттік практикалық жұмыс</li> </ol>	35,36,37-жаттығулар 38-41-жаттығулар 175-беттегі сурет бойынша 18, 19 тапсырмалар
III	Корытынды бөлім	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тест тапсырмалары</li> <li>2. Корытынды бақылау</li> </ol>	6-тарау корытындысы

Күш ұғымын түсіндіру кезінде интерактивті тақта арқылы ғаламтордан алынған тест материалдары, ойын түрлері қарастырылып, окушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

9 сыныптардағы «Математикалық және серіппелі маятниктер» тақырыбында В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясын қолданып, окушылардың ой-өрісін дамыту мақсатында ұлы ғалымдар Галилео Галилей, Х.Гюйгенс өмірімен еңбек жолын жаңа сабакпен байланыстыра отырып түсіндірге болады.

Физика пәнінде тақырыпқа байланысты өр сабакта АҚТ-ны пайдалану окушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оның ойлау қабілетін жаңа технологиямен байланыстыруға үлкен мүмкіндік туғызады.

Қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам муддесіне лайықты болу керек. Қазақтың бүтіні мен ертеңі жас үрпақтың еншісінде дейтін болсақ, жас үрпаққа білім беру ісінде әлемдік стандартқа сәйкес білім беруді темірқазық қылып ұстасақ қателеспеспіз.

## Дамыта оқыту технологиясы

В.В. Давыдов



ӘДЕБІЕТТЕР:

1. Аюбаева Т.Ақпататтық технологиялар оқыту үрдісінде. Қазақстан мектебі №9, 2008
2. Бітім кілті – ключ знаний. №5,6 -2008
3. Физика және астрономия. №2-2006,№6-2005
4. Интернет материалдары.

**Джиренбаева Г.Н.**

*Школа-гимназия №10 им. Ч. Валиханова, г. Талдыкорган*

## **КРЕДИТНАЯ СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ШКОЛЫ-ГИМНАЗИИ**

Аталған мақалада жаһандану шартына, жаңа білім беру жүйесіне көшу, әлемдік білім беруге кіру бағыты жазылған. Сондай- ақ білім беру жүйесі және мектеп тұлектерінің дайындығы, инновациялық үрдісті дамытуға қызмет ететін оқытудың жаңа әдіс- тәсілдері мен оқыту үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары, жаңа оқыту күралдарын қолдану, іздеу жолдары жазылған.

The abstract for the article «Credit system of training in the conditions of grammar - school» In given article the globalization conditions, formation in new education system directed on occurrence in world educational space are described. Search of ways of perfection of quality of formation and preparation of graduates of schools that forms the basis to development of innovative processes which have captured introduction of new methods and training receptions, creations of new forms of the organization of educational process6 application of new tutorials is described.

В настоящее время, в условиях глобализации, в Казахстане идет становление новой системы образования, направленной на вхождение в мировое образовательное пространство. Поиск путей совершенствования качества подготовки выпускников школ служит основанием к развитию инновационных процессов, которые охватили внедрение новых методов и приемов обучения, создание новых форм организации учебного процесса, применение новых средств обучения.

**Применение определенной технологии деятельности учителя – это творческий процесс, состоящий в анализе целей образования, возможностей учеников в выборе форм, методов и средств обучения, обеспечивающих реализацию целей и возможностей. Это и выбор личных предпочтений учителя. Практически - это постоянная мыслительная поисковая и созидательная деятельность учителя.**

В 2009-2010 учебном году нам было предложено начать подготовку к эксперименту внедрения кредитной технологии обучения в 10 классах.

Следует отметить, что в утратившем силу законе об Образовании РК (1999 года) использовалась следующая трактовка: «Кредитная система обучения – это образовательная система, направленная на повышение уровня образованности обучающихся путем творческого освоения знаний на основе индивидуализации, выборности образовательной траектории в рамках регламентации учебного процесса и учета объема знаний в виде кредитов».

В действующем Законе об образовании РК (2007 год) вместо понятия «кредитная система обучения» было введено понятие «кредитная технология обучения», под которой понимается обучение на основе выбора и самостоятельного планирования обучающимся последовательности изучения дисциплин с использованием кредита, как унифицированной единицы измерения объема учебной работы обучающегося и преподавателя.

Внедрение новых технологий обучения – это инновационный процесс, он подчиняется всем правилам инновационной деятельности. Инновационная педагогическая деятельность – это деятельность по преобразованию педагогического процесса, по внедрению в него новшеств, направленных на его совершенствование.

Кредитная технология - это образовательная технология, повышающая уровень самообразования и творческого освоения знаний на основе индивидуализации, выборности образовательной траектории в рамках строгой регламентации учебного процесса и учета объема знаний в виде кредитов.

Гимназия работает в системе непрерывного обучения, и поэтому первоочередной задачей было создание рабочего (экспериментального) учебного плана для учащихся 10 классов, которые вошли в экспериментальную группу. При их создании возникла проблема временного несоответствия, поэтому необходимо было, сохранив межпредметные связи, пересмотреть порядок преподавания дисциплин.

Применение этой технологии требует резкого сокращения объема классно-урочных занятий учеников с учителем в учебном классе, что недопустимо по ГОСО. Соответственно увеличивается количество часов, отводимых на самостоятельную работу ученика, его индивидуальную работу с учителем, которая не входит в учебную нагрузку учителя.

Система кредитного обучения существенно изменяет отношения между учителем и учеником в процессе обучения. Учитель перестает быть только источником новой информации, а ученик - ее пассивным потребителем. Основное внимание в обучении концентрируется на крупных проблемах, часто не имеющих еще однозначного решения. Поэтому учитель и ученик выступают часто в роли партнеров, что приводит к усилению демократических начал в образовании и способствует более интенсивному обмену информацией в системе "учитель-ученик".

Преимуществом кредитной системы обучения является также то, что она требует постоянного совершенствования педагогического мастерства, повышения квалификации организаторов учебного процесса, обмена передовым опытом. При данной системе необходимо обеспечение учебного процесса методологией и практикой разработки и оптимального использования современных информационных технологий (НИТ), ориентированных на реализацию психолого-педагогических целей обучения и воспитания.

Переход на кредитную систему обучения начался с процесса разработки системы организационно-методических документов, определяющих:

- принципы построения учебного процесса с использованием кредитов (учебные планы);
- регламентирующих методы аттестации учащихся (регламент учебного процесса);
- методики расчета учебной нагрузки учителя (свод педагогической нагрузки) – это, как выяснилось, в современной структуре оказалось самым сложным.

Учителями - предметниками разработаны силлабусы и контент по учебным дисциплинам, утверждены на заседании научно - методического совета гимназии.

Ученики составили для себя индивидуальный образовательный маршрут. Трудность в том, что помогали им классные руководители и учителя - предметники, так как должности тьютора в гимназии не предусмотрено.

В связи с тем, что полиграфическая база гимназии не позволила растиражировать силлабусы и контент, материалы были переданы учащимся в электронном виде и распечатке.

Кредитная система обучения предполагает изменение позиций ученика и учителя в учебном процессе. При вводимой системе ученик из пассивно воспринимающей стороны превращается в активного участника учебного процесса. Где-то он становится партнером преподавателя в процессе получения знаний. Вместе с тем, меняется и роль учителя, который теперь является не только источником передачи информации, а учит ученика добывать информацию, ее переосмысливать, уметь в дальнейшем использовать знания на практике.

Практика показала, что ученики не всегда готовы к такому объему самостоятельной работы, не имеют достаточных навыков работы с новыми информационными технологиями. Также уровень загруженности на занятиях учеников, трудоемкость и интенсивность обучения очень высокая.

Проблемы адаптации учителя к новым условиям работы также требуют определенных мер для решения. Сложность проблемы заключается в психологической перестройке и адаптации к новым формам и стилю преподавания. При кредитной системе обучения учитель работает в более жестких условиях. От

**качества предмета, методической обеспеченности, информационного обеспечения, коммуникативных способностей учителя зависит успех обучения.**

Мы понимаем, какие трудности испытывает 15-16 летний ребёнок, который должен осознать необходимость самостоятельно учиться, что теперь учитель перестаёт быть для него наставником и помощником, источником знаний, а становится лишь «путеводителем» в огромном мире информации. Поэтому, несмотря на все преимущества данной технологии, мы видим и её недостатки, и пока склоняемся к тому, что в средней школе, пусть даже в старших классах, она преждевременна. Для подготовки к обучению будущих студентов по данной технологии в ВУЗах, на наш взгляд, целесообразно применение кредитной технологии только для изучения элективных курсов, курсов по выбору.

Учащиеся 10-11 классов ещё не вступили в стадию юношеского возраста и являются подростками. Мы говорим о важности использования здоровьесберегающих технологий обучения, но кредитная технология не является таковой, так как нагрузка на учащегося возрастает в несколько раз: ученик полный рабочий день находится в школе, он лишается возможности посещения занятий по интересам вне учебного заведения и занятий спортом.

К эксперименту необходимо подключить психологов и врачей, чтобы следить за психологическим и физическим здоровьем подростков.

Кредитная технология обучения предусматривает введение дополнительных возможностей для построения образовательной траектории, среди них – организация летнего семестра. Он вводится в вузе для удовлетворения потребностей в дополнительном обучении и ликвидации академической задолженности или разницы в учебных планах. Однако в школьном учебном плане мы этого предусмотреть не имеем возможности.

Таким образом, школа-гимназии № 10 им. Ч. Валиханова готова участвовать в экспериментальной деятельности по внедрению в учебный процесс кредитной технологии. В эксперименте могут принимать учащиеся 10-х классов (на данный момент это девятиклассники). На выбор учащимися для составления индивидуальной траектории развития предлагаются следующие элективные курсы и курсы по выбору, которые имеют продолжение в колледже и сасос Университете им. И. Жансугурова:

- Культурология
- Основы экономической теории
- Основы права
- Информатика
- Русская литература
- Профессиональных казахский
- Профессиональный русский
- Профессиональный английский
- Основы философии

- Основы политологии и социологии

С целью проведения эксперимента проделана следующая работа:

- обучены учителя школы-гимназии (но сертификаты до сих пор не выданы);
- разработаны силлабусы по вышеуказанным предметам, обсуждены и утверждены на заседании научно-методического Совета гимназии;
- составлен рабочий учебный план с учётом эксперимента;
- силлабусы выданы ученикам в электронном виде;
- учащимися с помощью классных руководителей и учителей - предметниками разработаны индивидуальные образовательные маршруты;
- составлено предварительное соответствующее расписание, в том числе и для индивидуальной работы;
- организован кабинет дистанционного обучения с возможностью выхода в Интернет;
- учениками централизовано приобретены учебники по основам экономики;
- занятия по английскому языку проводятся с использованием средств Интернет и интерактивного оборудования;
- образованность учащихся оценивается в соответствии с требованиями технологии.

Оценка возможных, предполагаемых проблем:

1. Составление расписания занятий, так как самостоятельная работа учащихся переносится во вторую учебную смену, в школе- гимназии для этого недостаточный аудиторный фонд.
2. Предполагаемая адаптация ученика к новой системе;
3. Предполагаемая адаптация учителя к новой системе;
4. Обеспеченность литературой по данным предметам.

Фылыми жетекшісі - Жакыпова Ф.Н., магистр - Джумажанова Д.

*I.Жансугиров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

## ИНДУСТРИАЛДЫ-ИНОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

В данной статье рассматриваются проблемы индустриально-инновационного развития, его основные цели, а так же экономические проблемы в современном Казахстане.

The problems of industrial-innovation development of Kazakhstan, its aims and economical problems are examined in this article.

«Инновациялық даму» дегеніміз жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстыру көзделген экономикалық даму бағыты. Республиканың 2003-2015жж. индустриалды-инновациялық дамуы Стратегиясының басты мақсаты да тұрақты өсім траекториясына шикізаттық бағыттан сервистік-технологиялық экономикаға көшу мақсатында өндіріс салаларын диверсификациялау көзделген. Инновациялық даму жолын тандау себептерінің негізгілері: әлемдегі өнеркәсіптің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемде жаһандану процесінің еріс алуы, Қазақстанның БСҮ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті еңсели елу елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету.

Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасында мынадай проблемалар орын алуда: экономиканың шикізат бағыттылығы; әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі; ел ішіндегі салааралық және өңірапалық экономикалық ықпалдасудың босандығы; өндеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі; ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мardымсыздығы; өндірістік және әлеуметтік инфракұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы; мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың тез тозуы; кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық түрғыдан артта қалуы; ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы; F3TKЖ қаржының аз бөлінуі; отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі; ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізуің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы; мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы; экономиканың өндеуші секторларына инвестициялар салуға отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерінің болмауы; менеджменттің экономиканы ғаламдану үрдістеріне және сервистік-технологиялық экономикаға өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Инновациялық саясаттың негізгі мақсаты – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Дамыған елдердің өзі жаңа технология қай жерде пайда болса да елдің аумағына алып келуге құмар. Осында жағдайларды ескере келгенде тұжырымдама мақсаты ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ету мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып отыр. Бағдарлама үш бағыт бойынша жүзеге асуы тиіс: экономиканың негізгі салаларын жаңғыру мен әртараптандыру; «болашақтың экономикасын» дамыту; жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне қол жеткізе отырып, салаларды дамыту.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты түйіні экономиканы жаңғырту және әртараптандыру. Қолда бар саланы жаңғырту жолымен тиімділікке қол жеткізу. Ондағы мақсат еңбек өнімділігі мен өзіндік құнды арттыру. Негізгі күш импорталмастыру мен экспорттың күшеюіне әкелетін секторларға жұмылдырылады. Жаңа жоғары технологиялы жұмыс орындарын құру экономиканы әртараптандыруға алып келетіндігі айқын.

Стратегия Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезенге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған.

Өндеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Стратегия елде ғылымды және инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізуді көздейді. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қаржы рыногын одан әрі дамыту және фискалдық, білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру көзделіп отыр. Стандарттау саясаты шеңберінде экономиканың және басқарудың барлық салаларында әлемдік стандарттарға көшу көзделуде[1].

Стратегияны ойдағыдай іске асыру экономиканың адам капиталын, өндірілген және табиғи капиталды тиімді пайдалануға негізделген тұрақты өркендеуіне алып келетін оның құрылымында сапалы өзгерістер жасауға, Қазақстанның әлеуметтік дамудың және қоғам құрылышының сапалық жаңа деңгейіне шығуына ықпал етуі керек.

Экономиканың шикізаттық бағытынан ойысудың, оны әртараптандарудың алғашқы қадамдары бұдан бірнеше жыл бұрын басталған болатын. 2003 жылы үкімет 2015 жылға дейінгі елдің индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясын жүзеге асыруды бастады. Оның екі өзекті міндепті- экономиканы индустириаландыру және индустриаландыруды инновациялық арнаға бағыттауды көзdedі. Бірінші бағытта өндеу секторы, оның ішкі нарықтағы және қазақстандық эксторттағы үлесі басым болды.

Стратегия үш кезенге бөлінді: 1-кезең-2003-2005 жылдар ; 2-кезең-2006-2010 жылдар; 3-кезең-2011-2015 жылдар.

Бірінші кезенде (2003-2005 жылдар) одан әрі технологиялық дамудың жүйелік мәселелері шешілді. Заннамалық және нормативтік-құықтық базаны өзірлеуге, салаларды дамытудың негізгі бағыттарын қалыптастыруға қол жеткізді.

Екінші кезенде (2006-2010) жылдарда өнеркәсіпті жаңарту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру және экономиканы әртараптандыру міндепті қойылды. Бұл бағытты іске асырудың құралдары мен тетіктері «Қазақстан 30-корпоративті көшбасшысы» бағдарламасында көрініс тапты .

«Қазақстан 20-корпоративті көшбасшысының» негізгі мақсаты ұлттық экономиканы жаңартуды шапшаңдату және басқа жалпы ұлттық мақсатқа-Қазақстанның

серпінді дамуын қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіргуте қол жеткізу үшін қазақстандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін атрыту болып отыр. Мемлекет басшысының тапсырысына сәйкес жалпы құны 54 миллиард АҚШ долларына жуықтайтын 45 серпінді жобадан тұратын базалық тәім қалыптастырылды. 2008 жылы Индустрія және сауда министрлігі тарапынан үш жоба пайдалануға енгізілді. Мәселен, Қарағанды облысында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-да құны 153,9 млн. АҚШ долларын құрайтын сортты прокат өндірісі үйымдастырылды. 2008 жылғы 1 шілдеде Мемлекет басшысының қатысуымен іске қосылған бұл жоба 560 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-дағы жаңа өндісті іске қосу қосымша құны жоғары өнімді игерумен қатар, елдің мелал прокаты экономикасы үшін қажетті импортқа мұқтажын төмендettі.

Ал құны 113 млн. еуро тұратын «Silicium Kazakhstan» ЖШС-інде «Өзекті кварцтан металлургиялық кремний өндірісі» жобасын іске қосу 300 жұмыс орнын ашты. Оның ашылуына 2008 жылғы 9 желтоқсанда Мемлекет басшысы қатысты. Жобаны іске асыру ел үшін және экспортқа бағдарланған саланы құруға негіз қалады, бұл өнім өлемде алюминий және химия өнеркәсібі үшін кеңінен қолданылады және электрондық приборлар жасаудың маңызды шикізаты болып табылады.

Ақтөбе облысында «Восход» кешенінде «Восхол-Ориал» ЖШС-нің хром рудалары кең байыту комбинаты іске қосылды. Құны 250 миллион АҚШ доллары тұратын бұл өндірісте 500 жұмыс орны құрылды, оның ашылуына Қазақстан мен Ресей Федерациясының Президенттері қатысты. Жобаны жүзеге асыру металлургия өнеркәсібі үшін руда базасын дамытуға және елдің экспорттық мүмкіндіктерін көнектігінде жол ашады.

Ал биыл «Тараз металлургиялық зауыты» ЖШС –нің феррокортпалар және құрыш балқыту өнімдері зауытын жаңғарту жоспарланып отыр.

Көрсеткіштері онша жоғары болмаса да, бұрынғы бағдарламаларды тиімсіз деуге болмайды. Елге инвеститциялар тартылды, бірлескен кәсіпорындар құрылды, бұрынғы жұмыс жасап келген кәсіпорындар қайтадан жарақтандарылды және жаңа өндірістер ашылды. Жергілікті атқарушы органдардан мәліметіне қарағанда, индустріялық-инновациялық стратегия ауқымында республиканың барлық аймақтарында қаржыландырудың барлық көздері есебінен 246 млрд. теңгенің 154 инвестициялық жобасы іске қосылды.

Іске қосылған жобалардың саны бойынша аймақтар арасында Ақтөбе (40) және Шығыс Қазақстан (22) облыстарында ең көп жоба іске қосылған. Салалар жағынан алғанда жобалардың арасында құрылыш материалдары (45) мен тамак өнімдері (43) салаларының үлесі жоғары. Іске қосылған өндірістерде 11613 жұмыс орны құрылған болса, бұл орайда 3525 жұмыс орнын ашқан Ақтөбе облысы көш бастап келеді.

2009 жыл Қазақстанды индустріялды дамытудың жаңа кезеңі болды. Стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру екі бесжылдық кезеңге бөлінді. Маңызды бағыттар бойынша барлығы мемлекеттік бағдарламалар жасалынды, оларда дамыту мақсаттары мен міндеттері бес жылға нақтыланып отырады. Өзекті күжаттардың бірі 2010-2014 жылдарға арналған индустріялдық-инновациялық жеделдете даму

бағдарламасы болмақ, оны жасау биылғы жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс және одан кейін мемлекет басшысының Жарлығымен бекітіледі. Сонымен қатар салалық басқармалар, шенберлік жоспарлары жасалынды. Дәйектілігімен сабактастығын сақтау мақсатында мемлекеттік бағдарлама мен салалық бағдарламалар бұрын қабылданған индустриялдық-инновациялық даму стратегиясымен, кластерлік бағдарламен, «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы » бағдарламасымен көлік стратегиясы мен индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалар құжаттармен үштастырылады.

Сонымен Қазақстан инновациялық процестерді ұлттық ғылыми-техникалық потенциалды ынталандыру мен жүзеге асыруды мақсат етіп қою, жаңа технологиялық тәртіпті енгізу, өндеші өнеркәсібіндегі жаңа шектерді игеру, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жену, алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялардың трансфертін қамтамасыз ету және халықаралық стандарттарды енгізу арқылы жаңа инновациялық саясат алдына міндет қойып отыр [2].

Қазақстандағы экономикалық реформа саясатының маңызды құрамдас бөлігі кәсіпкерлікті дамыту болып табылады.

Кәсіпкерлер экономиканы жаңғыртудың қозғаушы қүші болып табылады. Осыған байланысты Үкіметке 2010 жылдан бастап өнірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірінғай бюджеттік бағдарлама енгізілді.

Ол «Бизнестің жол картасы-2020» деп аталады.

Бұл бағдарламаның мақсаты өнірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болады.

Шағын және орта бизнеске жеңілдік шарттарымен несиелендіруді «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен «Даму» акционерлік қоғамы кәсіпкерлікті дамыту қоры көшбасшы болып, оны бірнеше кезең арқылы жүзеге асырады. Нәтижесінде республика бойынша 260 млрд. теңге қаржы игеріліп, 8 мың жоба қаржыландырылып, 16 мың жұмыс орны құрылып, сақталды.

Жаңа бизнес-бастамаларды қолдауды мына бағыттарда жүзеге асырылады:

- экономиканың шикізаттық емес секторларындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін банктер берген несиelerдің пайыздық ставкаларын субсидиялау;
- жобаларды жүзеге асыру үшін банктер берген несиelerді ішінана кепілдендіру;
- өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымдарды дамыту;
- бизнес жүргізуге сервистік қолдау көрсету;
- кадрлар даярлау, жастар тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру[3].

Саясаттың басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ

мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады.

Өндіруші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Бәсекеге түсу қабілеті дегеніміз қазақстандық кәсіпорындардың экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру қабілетін білдіреді. Басқаша айтқанда, өндіруші өнеркәсіптің өнімі осындай өлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек және баға бойынша бәсекелесуге қабілетті болуы тиіс.

Саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

- жеке сектормен серіктестік;
- инвестициялық және инновациялық ұсныстырдың өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталуы;
- өнеркәсіпті жаңғыртуға, оларға қолдау көрсету жөніндегі рәсімдердің жариялышы мен ашықтығына бағытталған жобаларды іске асыруға мемлекеттік қаржылық және өзге қолдау көрсету;
- қосылған құн тізбегін дамытуды қамтамасыз ететін салаларға мемлекеттік қолдау көрсету шараларының кешенді сипаты;
- тең бәсекелестік жағдайларды және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- қандай да болсын жеке сипаттағы жеңілдіктерден және преференциялардан бас тарту;
- индустриялық саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталуы.

Индустримальды-инновациялық саясат индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағыттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік өлеуетті үлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсекелестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс.

Негізгі бағыттар мыналар болуы тиіс:

1. Жоғары технологиялы өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық та технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін жасауға жәрдемдесу.
2. Жоғары ғылыми-технологиялық өлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік үйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, үлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) қолдау.

3. Индустриядан кейінгі экономика түрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қазіргі ғылыми-техникалық өлеует салаларын пайдалану.

Қазақстан қазірдің өзінде мына салалардағы өзірлемелер негізінде ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту үшін белгілі бір ғылыми базаға ие, оның ішінде: биотехнологиялар (ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттары мен жануарлардың генотиптері, бактериялар штамдары және басқалары); ядролық технологиялар; ғарыштық технологиялар; жаңа материалдар, химиялық өнімдер және басқаларды жасау.

4. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық бағыттардың жаңа материалдар мен химиялық технологиялар және ақпараттық технологиялар салаларында зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау.

5. Ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларына инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енүіне бағытталған заң шығару базасын жетілдіру.

Индустримальдық-инновациялық саясатты іске асыру:

- ЖІӨ құрылымындағы өнімдерді шығарудың үлес салмағын 2015 жылы 46,5 %-тен 50-52 %-ке дейін үлгайту;
- ЖІӨ құрылымындағы ғылыми және ғылыми-инновациялық қызметтің үлес салмағының қызметін 2000 жылы 0,9 %-тен 2015 жылы 1,5-1,7 %-ке дейін көтеру;
- ЖІӨ құрылымындағы өндіреу өнеркәсібінің үлесін 2000 жылы 13,3 %-тен 2015 жылы 12-12,6 %-ке төмендеуінің қарқынын баяулату (осы көрсеткіш салыстыру үшін индустримальдық саясатты жүргізбесе 2015 жылы 10,9 %-ті құрайтын болады);
- Индустримальдық-инновациялық саясатты іске асырmasa, өнеркәсіп өндірісіндегі тау-кен салаларының қосылған құн үлесі 2015 жылы 55-56 %, оның ішінде 2000 жылы 31,0 % және 25,6 % салыстырғанда мұнай өндіру - 50-51 % жетеді. Стратегияны іске асыруды ескере отырып, тау-кен өндірісі 45-47 % ғана құрайды. Бұл ретте ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өнімдердің үлесі 2000 жылы ЖІӨ 0,1 %-тен 2015 жылы 1-1,4 %-ке дейін өседі[4].

Өндіреу өнеркәсібінің қосылған құн құрылымында сапалы өзгерістер болады. Металлургия және металдарды өндіреу үлесі өндіреу өнеркәсібінің қосылған құнының жалпы көлемінен 40,1 %-тен 27-28%-ке дейін төмендейді, ал ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі 38,1 %-тен 45-46 %-ке дейін өседі. Бұл ретте ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өнім 2000 жылғы 0,6 %-ке қарағанда 9-11 %-ті құрайды.

Бұл ретте күнкөрістің төменгі деңгейі, ең аз жалақы және зейнетакы өседі. Ел түрғындарының нақты ақшалай табысы 2,1-2,4 есе үлгаяды.

Сонымен индустримальдық-инновациялық саясат Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика

салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы. – Алматы: ЮРИСТ, 2010. – 7 б.
2. Бимендиева Л., Айтбембетова А., Бәсекеге қабілеттілік-қазіргі экономика дамуының негізгі факторы//Қаз ҮҮ хабаршысы. Экономика сериясы.-2008.-№(68).-73 б.
3. Дүйсембаева К., Кенжебаева Р. Қазақстанда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың бағыттары // Экономика и статистика. – 2010. -№3. -45-48 б.
4. Официальный сайт Агентства по статистике РК в Интернете – [www.stat.kz](http://www.stat.kz) «Индустриалды-инновациялық Қазақстан»

**Есімбекова Д.Б.**

*I.Жансугиров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

[7\\_dinara\\_86@mail.ru](mailto:7_dinara_86@mail.ru)

**«АНТИКА» ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ЖҮРГІЗУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ**

В статье рассматриваются особенности проведения лекционных занятий по интерактивным формам и методам обучения. Автор сопоставляет космогонические мифы казахского, греческого и индийского народов. Происхождение названия планет в мифологии, их специфика рассматривается методом компаративистики.

The peculiarities of conducting lectures on interactive forms and methods of teaching are considered in the given article. The author compares cosmogonical myths of Kazach, Greek and Indian people. The origin of planets titles in mythology, their specific Character is considered by the method of comparative linguistic.

Оқытудың формалары мен әдістерін дұрыс таңдау – білімгерлердің теориялық және практикалық білік-дағдыларын арттыруды шешуші рөл атқарады. Оку үрдісі үш түрлі өрекет негізінде жүзеге асатыны мәлім:

- оқытушыны тыңдау;
- жазбаша, көрнекі, техникалық ресурстарды қолдану;
- ақыл-ойлық және іс-тәжірибелік жұмыстарды атқару.

«Антика әдебиет» сабағында жаңа инновациялық оқыту жүйелерін қолдану өрекшеліктеріне тоқтала кетсек.

**Дәріс тақырыбы:** Қазақ, грек және үнді халықтарындағы космогониялық мифтер.

### Жоспары:

1. *Ой тұртқи:* «Космогония» терминін қалай түсінесіз? Аспан әлемінде қандай жұлдыздар мен ғаламшарларды білесіздер?
2. *Интерактивті тақтадан* дәрісбаян үлгісі презентация түрінде шығады.
3. *Магынаны тану:* мәтін талдау, мифологиялық сөздікпен жұмыс, шағын сұхбат құру.
4. *Рефлексия:* Елес жетелеу өдісімен Ш.Үәлихановтың «Қазақтардың космологиялық түсініктері» мәтіні оқылады, білімгерлер өз ой-толғамдарын жазбаша жеткізеді.

### Дәрісбаян үлгісі



Ерте замандардан бері адам баласынын зерттеу нысаны - жер бедерімен қатар, самсаған сан шырактарымен өзіне еріксіз назар аударатын аспан болған. Олар аспан шырактарының орналасуына қарай ая-райын болжап, жолаушылар бағыт-бағдар алып, тіпті адамдардың тағдыры мен болмысын жұлдыздар және ғаламшарлармен байланыстыруға тырысқан. Төмендегі кестеде латын тілінде қазіргі уақытта қолданылып

жүрген ғаламшарлар атауларының грек, үнді және қазақ халқындағы ұлгілерін келтіре отырып, осы халықтардағы атауларға байланысты туған аңыздар мен мифтерді саралауға тырысамыз.

Латын	Грек	Үнді	Қазақ
Меркурий	Гермес	Будха	Қыранқарақшы Аскар (халық аңызы) Кіші Шолпан (М.Ысқақов)
Венера	Афродита	Шукра	Шолпан Бакташы жұлдызы (М.Ысқақов)
Марс	Арес	Сканда	Қызыл жұлдыз (М.Ысқақов) Аныракай (А.Машанов)
Юпитер	Зевс	Брихаспати	Аскар (аңызда) Шоңай (М.Ысқақов) Есекқырған (С.Қондыбай)
Сатурн	Кронос	Шани	Санжар (А.Машанов) Өсімдік жұлдызы
Нептун	Посейдон	Варуна	
Плутон	Аид	Яма	Еркілік

Аспан - адам баласының дүниені танудағы алғашқы нысаны десек, қателеспейтін шығармыз. Әйткені әр халықтың мифологиясында ол туралы аңыз-эфсаналар көптеп кездеседі.

«Аспан - шамандықтың ең құдіретті жаратылыстың жаратушысы. Көк Тәңірі - көк аспан деп аталады. Қазақтар үғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» - көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының баламасы (синоним)... Тәңірі сөзін Шынғыс хан заманында мұсылмандар «Алла» деп, ал, европалықтар «deus» деп аударған» - деп көрсетеді.

С.Қондыбай: «Аспан шырактарын адам кейпінде бейнелеу барлық уақыттарда болған. Осындағы тұлғаланудағы өзгерістердің болғанын тек археологиялық-петроглификалық

материалдардан ғана емес, тілдік материалдардан да атуып алыш, дәлелдеуге болады» [1, 23-24].

Үнді мифологиясында ата-тек Брахманың Алтын жұмыртқаны екіге бөліп, оның жоғарғы бөлігі Аспан, төменгісі Жер болғаны туралы баяндалады. Аспан мен Жерді ажырату үшін, Браhma аяа кеңістігін орналастырады. Үнді халқында гректердегі Зевс - Дъяус деп танылды, кейін басты құдай Индраға айналды.

## 1. Меркурий

**Қыран Қарақышы** - Сайыпқыран бейнесінің негізінде астралдық миғтер нышандары байқалады. «Қыран Қарақышы - қазақ өртегілік фольклорының кейіпкерлерінің бірі, оның есімі, сондай-ақ, бұхаралық өзбектердің, қарақалпақтардың, қыргыздардың және түрікпендердің фольклорында да кездеседі. Ол -өртегілік үры, қазақ пен түрік өртегісіншіде ол өзін құтқарған бас кейіпкерге сулу қызды үрлап әкеліп, дәу-перілердің жандарына ие болу арқасында оларды өз қызметшілеріне айналдырады. Қыран қарақышы магиялық білімге ие; егеуқұйрыққа айнала алады, оның үйреткен дұғасы жас жігітке үрлап әкелінген қызды қөндіргуте көмектеседі, оның бір қадамы бір күндік жол жүргенге тең» [1,486-487].

С.Қондыбайдың тұспалы бойынша, Қыран Қарақышының аспан картасындағы тұлғалануы - Меркурий ғаламшары. Оған келесідей дәлелдер келтіреді:

«1. Меркурий планетасының Күнді айналуы циклі өте қысқа, яғни тез. Былайша айтқанда, Меркурий - Желаяқ (кезінде осындағы шендестіруді А.Машанов жасаған болатын), жүйрік. «Тұлпар тұрмақ, үшқан құста жеткізбейтін» Қыран Қырақышы да - жүйрік.

2. Римдік миғтегі Миғтегі Меркурийдің «сауда тәнір иесі» екендігі белгілі. Көбіне-көп Меркурийдің бейнесі римдік сәттілік тәнір иесі Фортунамен шендестіріліп, «бақытты» деген эпитетке ие болған. Қыран Қарақышының «ақша беріп босатып алу» оқиғасынан да біз ең алдымен саудагерлікке қатысты салт-жоралардың нышанын көргендей боламыз.

3. Меркурийдің гректік аналогы - Гермес – тәнірлердің хабаршысы, жолаушылардың қамқоршысы, өлгендердің жанын о дүниеге жеткізуіш. Қыран Қарақышының үш тиінші болуы (үш ит о дүниенің күзетшісі?), қаһарманға жол көрсетуші болуы - осындағы функциялармен байланысты болуы мүмкін» [1,487-491].

«Меркурий, латынша - Римдік сауда құдайы, тұсім және байлық құдайы. Меркурий Гермес сияқты саятшылардың қамқоршысы бола отырып, сонымен бірге көптеген кәсіп иесі және дұғалаушы болған» [2,126] , - деген мәлімет «Антика әдебиеті және көне дәүірдегі әдеби терминдердің анықтамалығында» келтіріледі. «Гермес бала күнінде шолжаң болады. Теніз құдайы Посейдонның үш айыр асатаяғын, өгей бауыры соғыс құдайы Арестен қылышын үрлап алады. Күндердің бір күні Аполлон бағып жүрген киелі сиырларды да айдаған кетеді. Гермес сиырлардың тұяғына бұтақтар байлайп қояды, олар жануарлардың ізін сипарып кетеді. Гермestің бұл айлакерлігі Аполлонды ызаландырып,

ол Зевстен көмек сұрайды. Гермес өз кінесін мойындайды. Аплонның ашу-ызасын жүмсарту үшін, Гермес оған тасбақаның сауытынан жасалған кифараны (лира) сыйға тартады. Содан бері Аполлон тоғыз музасының арасында лирада ойнайды» [3,7].

Грек халқында **Гермес** туралы мынандай аңыздар сақталған: «Аркадиядағы Киллена тауының бектерінде Зевс пен Маяның (аспан кеңістігін көтеріп тұратын Атлант пен океанида Плейонның қызы; қазақша Үркөр шоқжұлдызы) құдайлардың елшісі Гермес дүниеге келді. Ол өзінің қанатты кебістерін киіп, қолына кадуцей (екі жылан оралған асатаяқ) ұстап, ой ағысындан жылдамдықпен Олимптен жердің шетіне лезде жетеді. Ол жолдарды және саяхатшыларды қолдайды, сондықтан ежелгі Грецияда жол бойында, қызылыстарда, үйге кіре берісте жебеушіге арналған гермалар (Гермestің басы бейнеленген ағаш бағандар) орнатылатын болған.

Ол тірі көзінің тірісінде жолаушыларға қамкор болса, қайтыс болғандардың жанын Аидтың қайғылы патшалығына жеткізеді. Өзінің сиқырлы асатаяғын (кадуцей) адамдардың көзіне бағыттап, оларды үйқыға кетіреді. Гермес - жолдар мен жолаушылардың жебеуші, сауда-саттықтың құдайы. Ол саудада кіріс береді және байлықта кенелтеді. Гермес өлшемді, сандарды, әліп-биді ойлап тауып, оны адамдарға үйретті. Ділмарлық пен шешендік құдайы бола тұра, әрі айлакер, құлық-сұмдығы жағынан ешкімге дес бермеген. Ептілігі, құлығы және үрлау қасиеті жөнінен ешкім тенелмейді. Қалжынға сүйей отырып, Зевстің скіпетрін, Аполлонның алтын жебелері мен садағын үрлап алған»[ 3,33-34].

«Сома, Ай құдайы» атты үнді мифінде: «Брихаспатидің әйелі сұлу Тараны Сома (Фаламшарлар мен Ай құдайы) үрлап кетеді. Құдайлар мен Шукра (Шолпан) жүлдізының иесі Ушанас бастаған асурлар (құдайлардың ағалары, сиқыр өнерімен басқа кейіпке ене алатын, тіпті көзге көрінбейтін қалыпта бола алатын, аспанда темір, күміс, алтын сарайы бар таусылмас байлық иелері) арасында шайқас басталады. Ақыры ол sogыс туралы Браахма естіп, Ушанасқа екі жақты татуластыруды тапсырады. Индра Тараны босатып, Брихаспатиге алып келеді. Тара үйіне оралғанда, жұбайы оның аяғы ауыр екенін анғарады. Көп ұзамай ол ерекше сұлу баланы дүниеге әкеледі. Сома да, Брихаспати де үлдиң жарқын тұлғасына тәнті болып, өзінің баласы деп ойлады. Құдайлар Тараға баланың әкесінің кім екенін айтуды бүйірған, алайда үялғанынан Тара ләм-мим демей жүреді. Ақыры, ұлы да ашуға мініп, анасынан шындықты жасырмауды талап еткендіктен, ол «Баланың туған әкесі - Сома!» - деп жауап қайырады. Соманың шаттығында шек болмай, ұлына «Будха» - Даны деген есім берген екен. Брахма оны Будха (Меркурий) ғаламшарының әміршісі етіп тағайындауды.

Ила (Хималайдағы су басуда Ману таудың заңғар шынынан құрбандық ретінде суға май мен сұзбе (творог) лақтырады. Сол құрбандықтан әйел адам Ила жаратылды. Будха Илаға үйленіп, олардың Пуруравас есімді ұлы туылады. Ол Батысты билейтін «Ай өuletінің» алғашқы патшасы болады. [4, 26-27]

Жоғарыда айтылған тұжырымдарға қарағанда, рим, грек және қазақ аңыздарының негізінде Меркурий ғаламшары жайлы түсініктері ортақ желіге құрылғаны байқалады. Ал үнді мифологиясының сюжеті басқа арнаға ойысқанын аңғардық.

## 2. Венера

Шолпанды әлем халықтары сұлулықтың рәмізіне балаған, оны ғашықтық құдайы санаған.

Сондыктан сұлу қызға тенеледі:

Үркөр Айдың жарығы, Шолпан қызы,

Қауыспенен қатады Сырдың мұзы.

Жамалыңа қарасам, жан жетпейді,

Бір келбетің үқсайды хордың қызы.

«Венера, латынша - ежелгі италийлік бау-бақша құдай-әйелі, кейін гректің махабbat құдайы, римдіктердің атасы Энейдің анасы болып саналған Афродитаға үқсатады. Сондай-ақ Венераны Шығыстағы махабbat құдайлары Исида мен Астартамен теңестіреді. Венераның атымен Жерден кейінгі екінші планета аталады. Ауыспалы мағынада: Венера - сұлу әйел. Мұсін мен суретте Венера бейнесі ежелгі заманда да, қазір де кең таралған. Әйгілі сюжеттер: «Венераның туылуы» (Боттичелли, Тициан, Рубенс), «Венераның күні» (Тициан, Веласкес), «Үйқыдағы Венера» (Джорджане, Тициан, Гвидо, Веласкес) [2,53].

3. Scollon R. and S. W. Scollon. 1995. Intercultural Communicatioin. Oxford: Blackwell.
4. Singer, M. 1998. Perception and Identity in Intercultural Communication. Revised editioin. Yarmouth, ME: Intercultural Press.
5. Stewart, E., and M. Bennett. 1991. American Cultural Patterns: A Cross-cultural Perspective. Revised editioin. Yarmouth, ME: Intercultural Press.

**Кереева Б.К.**

*Средняя школа-гимназия №14 г. Талдыкорган, [sh\\_14@mail.ru](mailto:sh_14@mail.ru)*

#### **РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НА ОСНОВЕ ПРОЕКТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ**

«Жобалау технологиясы негізінде оқушылардың шығармашылық ойлау қабылеттерін дамыту» тақырыбындағы жумыс технология сабағында оқушылардың кұрастыру жұмыстары форма, өлшем, түр-түс үйлесімділігін кешенді түрде жүргізуде шығармашылық ойлау арқылы қол жеткіzetінін зерттеген.

Зерттеу жұмысында бақылау, ізденіс және ойды жүзеге асыру оқушыны ойланада білдіре үйрететін сол негізде оның технологиялық шығармашылықта, технологиялық әрекеттің курылымы мен құрамын терең түсінуге және алған білімін түрлі жағдаяттарда қолдануға мүмкіндігі туатыны, баланың белсенділігі, шеберлігі артатыны дәлелдәнген.

This project work helps pupils studying technology subject at school to think and create new forms of things and find the size and colour of it.

The use of technology has been widely spread throughout the entire world. The new technologies are now so advanced that they are used for almost every thing.

This system promotes pupils' ability and activity of technology lessons.

За последнее десятилетие изменились жизненные приоритеты всего общества, произошла ломка многих стереотипов. На первое место вышла самостоятельность во всем, умение переориентироваться в постоянно изменяющейся ситуации. Стало понятно, что школьное образование должно осуществляться в интересах личности, которая не будет больше замкнута в рамках какой-то деятельности.

В процессе своей педагогической деятельности я пришла к выводу, что уроки технологии дают учащимся не только возможность применять теоретические знания на практике, но и побуждают их более глубоко изучать основы наук и самое главное приучают школьников мыслить. Таким образом, передо мною встало проблеме поиска таких путей, форм, методов, приемов преподавания технологии, которые позволили бы наиболее полно и качественно развивать творческое мышление учащихся. Поиск я вела по двум направлениям: во-первых необходимо было выбрать наиболее оптимальную педагогическую технологию, которая позволяло бы развивать творческое мышление учащихся; во-вторых с учетом экономических, социальных, психологических факторов следовало определить, использование каких материалов поможет сделать уроки наиболее интересными и насыщенными. Актуальным для меня стало обращение к проектной деятельности, как мысленному прогнозированию, составлению замысла, предвосхищающему его последующее практическое воплощение. Определим значение слова «проект». Проект - форма или единица организации крупных, относительно самостоятельных начинаний. Проект в образовании – специальным образом оформленная детальная разработка определенной проблемы, предусматривающая поиск условий и способов достижения реального практического результата. Можно наметить следующие типы проектов: исследовательские, творческие, практико-ориентированные. Исследовательские проекты полностью подчинены логике исследования и имеет структуру, приближенную или полностью совпадающую с подлинным научным исследованием.

Творческие проекты, как правило не имеют детально проработанной структуры совместной деятельности участников, она только намечается и далее развивается, подчиняясь жанру конечного результата, обусловленной этим жанром и принятой группой логике совместной деятельности, интересам участников проекта.

Практико-ориентировочные проекты отличает четко обозначенный с самого начала результат деятельности его участников. Причем этот результат обязательно ориентирован на социальные интересы самих участников.

Проект это активная работа мысли, мысленное прогнозирование того, что затем будет воплощено в предметном виде. Основной целью работы по развитию творческого мышления учащихся, построенной на основе проектной деятельности, является формирование таких качеств как конструктивность, целесообразность, гибкость, чувство стиля. Передо мною встала задача понять что представляет собою данные качества с точки зрения методики проектной технологии и каковы их пути развития. Изучив методическую литературу, связанную с проектной технологией я пришла к выводу, что конструктивность определяется как способность к производству проектных идей. По мнению доктора педагогических наук, профессора Н.М. Конышевой стадия мысленного конструирования в проектной деятельности является наиболее важной. В связи с этим при проведении уроков учащимся предлагаю такие задачи, которые требует догадки, мысленного пространственного преобразования конструкции, то есть анализа. Даже если изделие выполняется в основном репродуктивным способом, как копирование образца, очень полезно использовать такие задачи, которые заставляют продумать все особенности его устройства и возможно мысленно внести в него определенные изменения. Подобные задачи не обязательно всегда рассчитаны на длительную работу. Они могут быть короткими, но часто используемыми. Например, если я предлагаю ученикам скопировать какой-либо образец в технике аппликации, повторяя за мной все действия здесь нет задачи. Но если я прежде чем показать очередную операцию, предлагаю ученикам самим придумать, путем каких действий получены та или иная форма из имеющейся у них заготовки то они будут вынуждены совершать мысленные действия преобразовывая форму предмета. Чем больше у детей опыта в решении подобных задач, тем более сложными и комплексными могут быть предлагаемые им проектные задания. Это значит, что продумывается и форма, размеры, цветовое решение и все особенности отделки, то есть проект получает комплексный характер.

На своих уроках я стараюсь формирование целесообразности мышления осуществлять естественно, наряду с конструктивностью, поскольку отделить одно от другого практически трудно. При изготовлении любого изделия обязательно побуждаю учеников задумываться почему его конструкция именно такова зачем именно эта форма, этот материал, цвет, отделка. Что касается творчества, то оно также присутствует, но имеет такой специфический вид: ученик должен догадаться, додуматься а не делать работу бессмысленно. Творчески мыслящий ученик старается построить по возможности больше гипотез, из которых можно выбрать самый лучший вариант, а можно разрабатывать и многие варианты как разновидности творческого решения проблемы. На уроках я стараюсь к каждому заданию давать не один образец изделия, а несколько. Это очень важно поскольку такая деятельность позволяет

школьнику всегда иметь в виду, что могут быть разные решения одной и той же задачи. Особенno важно приучать учеников не работать механически по инструкции, не копировать образцы из урока в урок а самостоятельно придумывать, разрабатывать различные варианты оформления в соответствии с поставленными условиями. Из урока в

урок формирую понятие об уместности вещи, ее сочетании с окружающей обстановкой. Таким образом, проектные задачи такие как прогнозирование, поиск и реализация замысла, должны быть предусмотрены не от случая к случаю, а даваться в системе на каждом уроке и должны детей приучать детей мыслить.

Работая над развитием творческого мышления учащихся заметила как у них появился устойчивый интерес к технологическому творчеству, которые способствует пониманию структуры и состава технологического процесса в обобщенном виде и обеспечивает перенос усвоенных знаний в самые разнообразные ситуации.

Повысился уровень самостоятельности, изобретательской активности, мастерства учащихся, появились результаты влияния такой работы на детей. Если раньше при выполнении творческих работ были учащиеся не исправляющихся с поставленной задачей, то теперь все задания выполняется всеми детьми. Учащиеся из объекта деятельности превратились в субъект, которому дозволено творить, порождать новое.

А ведь это именно то, без чего ребенок просто не может существовать, без чего не может в полной мере развиваться его личность, его индивидуальная мотивационно-потребностная сфера. У учащихся раскрылись способности о наличии которых я даже и не подозревал, они успешно стали управляться с тем, что было недоступно им ранее. Для учащихся стал мотив: «Если я могу это, значит я смогу и другое». Учащиеся с интересом берутся за выполнения самых сложных проектов и часто находят интересные способы их решения. С усилием стремления к творческому мышлению постепенно увеличился объем работы на уроке, как следствие повышения внимания и хорошей работоспособности детей. Улучшается и общий психологически климат на уроке, ученики не боятся ошибок, помогают друг другу. Таким образом, используя различные приемы развитие творческого мышления на основе проектной технологии добиваюсь положительных результатов в обучении и воспитании школьников. Но особенности личностного развития отдельных учеников иногда могут требовать использования со стороны учителя различных видов помощи, активизирующих потребность, в том числе творчества и мотивацию к технологической творческой проектной деятельности.

#### ЛИТЕРАТУРА:

- 1) Работа учителя с одоренными детьми. авт. Нарикбаева Л.М.
- 2) Педагогический поиск. Ш.А. Аманашвили , В.Ф. Шаталов, Н. Лысенко, Е.Н. Ильин
- 3) Умственные развития и обучение. Н.И. Шуприкова
- 4) Формирование мотивации учения. А.К. Маркова, А.Б. Орлов
- 5) Культура педагогического исследования. А.И. Кочетов

Кожахметова С.Г.

*I.Жансугиров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*  
[k\\_saulet@mail.ru](mailto:k_saulet@mail.ru)

## ҚҰҚЫҚТАНУ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

В статье рассматриваются вопросы применения инновационных технологий в образовательном процессе по специальности «Юриспруденция». Раскрыты понятия основных терминов в образовании и сделаны выводы и предложения.

The article deals with the application of innovative technologies in education with a degree in law. Discloses the concept of basic terms in education and conclusions and suggestions.

Қазіргі уақыт талабына сай, өмірлік салаларымыздың барлығына дерлік жаңашыл идеялар, нақты жаңашыл іс-әрекеттер еніп, өміріміздің өзі өзгеріске үшырап отырғанын байқаймыз. «Бітім таптай мақтанба, өнер таптай баптанба», - деп Абай атамыз айтқандай, енді осы бітім алудың (берудің) өзінде күрделі реформалар жүргізіліп, ЖОО-н педагогикалық процесіне енгізілгенін де білеміз.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20-жыл толмақ. Тәуелсіздік – еліміздің ертені – жас үрпаққа заман талабына сай білім мен тәрбие беруді міндеттейтін ерекше дәүір.

Жоғары оқу орындарында оқытуудың жаңа инновациялық технологияларын қолдану заман талабына сай маңызды мәселе болып отыр. Осыған орай педагогика ғылымына айтарлықтай үлес қосып, жан-жақты зерттеулер жасап жүрген ғалымдардың енбектеріне жүтінсек.

Білім беру ұфымын педагогикаға түнғыш енгізген И.Песталоцци. Білім беру – оқыту мен тәрбие жұмысын бірліктіретін және жеке бастың дамуына ықпал жасайтын процесс.

Оқыту – білім берудің негізгі жолы. Оқыту екі жақты, біртекті процесс. Ал адамның білім алуды тек оқыту процесінде нәтижесі емес, оның білім алудына қөпшілік ақпарат құралдары (яғни БАҚ -автордан), кино, радио, телехабар, т.б. ықпал жасайды [1,37]. Ғылыми әдебиет беттерінен педагогикаға өз үлесін қосқан қөптеген ғалымдар

туралы, олардың еңбектері туралы білеміз. Соңғы кезде білім саласында өте жиі айтылатын термин «технология».

«Технология» гректің «techne»- өнер, шеберлік және «dogos»- ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Сонымен, шеберлік өнері, әр мамандық студенттеріне сабак жүргізуде оқытушы үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болуы керек.

*Педагогикалық технология* – тиімді оқыту жүйелерін, оку процестерін жобалаумен айналысадын педагогикалық ғылымның бағыты. Педагогикалық технология – бұл болашақ оку процесінің жобасы. Яғни, педагогикалық технология оку және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілүіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі болып табылады [2,207].

Жалпы осы оку технологиясы туралы ойлар қай кезде пайда болған деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл мәселе жаңалық емес, өйткені сонау XVI ғ. чехиялық ұлы педагог Я.А. Коменский өз заманында оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық»), болатынын уағыздап, оның тиімді нәтиже беретінін жолдарын іздестіріп, өмірде қолдануға енгізуे үмтүлғаны белгілі.

Сонымен, жалпы педагогикалық процестегі *оқыту әдістеріне* жалпы сипаттамаға назар аударсақ. Білімді менгерту қандай жолдармен немесе тәсілдермен іске асса да, оқыту әдістерін тандау негізінен, білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары және міндеттеріне сәйкес анықталады. Оку процесінде білім берудің көздеріне қарай қолданылатын әдістер:

- сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, лекция, кітаппен жұмыс;
- көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация;
- тәжірибелік әдістер: лабораториялық, практикалық, графикалық әр түрлі жаттығу жұмыстары.

Оқыту процесінде ең көп тараған әдіс – сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жеткіші роль атқарады. В.А. Сухомлинский: «Сөз – ең маңызды педагогикалық құрал, оны ешнәрсемен ауыстыра алмайсың...»- деп оның маңызына ерекше назар аударады.

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді сондай-ақ дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет [3,165].

Педагогикалық технологиялар сипатын айқындастырып көптеген оқыту технологиялары: білімді ізгілендіру, дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемді оку технологиялары, дамыта оқыту технологиясы, әр деңгейлі оку, толық менгеру, ұжымдық ықпалдаса оку, икемдесе оку, жобалап оку, авторлық оку технологиясы (мысалы, В.Ф. Шаталов технологиясы), интерактивті оқыту, қашықтан оқыту, ақпараттық оқыту және т.б. [4,28].

Дүние жүзі елдерінде білімді реформалау қашан да өте баяу және қындықпен өткен. Жоғары білімнің осы заманғы жүйелерінде олар пайда болып, дамыған әлеуметтік

–экономикалық және мәдени жағдайлардың, үлттық ерекшеліктер мен дәстүрлердің таңбалары сақталатыны анық.

*Инновация* – жаналық, жаңашылдық, өзгеріс деген үғымды білдіреді. Инновация курал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты енгізу деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін үйімдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Жаңа жол, яғни *инновациялық әдістердің қолдана отырып білім беру* (алу) бойынша біршама ұлы ғалымдар пікіріне тоқталайық. Сонымен, Джон Дьюиндің негізгі идеялары: оқушыны оқу бағдарламасымен біріктіру (Кім?- Оқушының өзі! Оқытушы бұл үшін тек жағдай тудырады). Оқушылар тікелей оқыту нәтижесі мен формальды көрсетуде белсенді емес. Мұғалімдерге мектептен тыс оқыту, қашан да жанама оқыту жағдайында «драма мен біліп кою кернеуі қатысатын», мүмкіндіктерінде пайдалану керек [5,81]. Міне, бұл осы ойшылдың пікірі, біз білім беруде табыстарға жетіп жатсақ, басқалардың өздігінен-ақ алға жылжытындығына сенеміз Е. Дакворт «мен сұраққа қалай жауап іздеу керектігі жөнінде ойланған аламын дегенді»- мойындау білім берудегі негізгі қағиданың бірі екендігін айтады. Міне, сондықтан да балалардың сұрақтарға тапқан жауаптары аса маңызды емес. «Өз зерттеулері арқылы жауап алуға болатындығын олардың түсінүлері маңызды болып табылады» (E. Duckworth, 1996, p.59) [5,92]. Мәселен түлғаның бостандық, жауапкершілік және бақытының арасындағы байланыс туралы Барри Шварц (American Psychologist, 2000) айтады. Ол өзі сүйенген зерттеуі бойынша адамның бақытты өмір сүруі үшін тек өзіндік қадамдар ғана жасап қоймау керек, сонымен бірге өздері тандап алған салада шеберлікке жетуге талпынып, шыншылдық пен берілгендей, мықтылық пен әділеттілік тәрізді сапаларды алушары керек [5,103]. Міне, бұл қазіргі заман ағысына өте дәл айтылған ой-пікірлер болып табылады.

«Жаңа технологиялардың бірі – В.Шаталовтың тірек сигналдары арқылы оқыту әдістемесі. Тірек сигналдары дегеніміз – ойдың элементі, уақыт үнемділігі және оқушы психологиясы қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты қисынды байланыстыра отырып символикалық таңбалармен белгілеп түсініу және үзақ уақыт есте сактауы», - деп көрсетеді өз мақаласында. [6,17]. Демек, Шаталов Виктор Фёдорович (01.05.1927ж. дүниеге келген) Украина жерінің тумасы - педагог-наватор қолданған әр түрлі әдістер: түсіндіру, тірек конспектілер (сигналдар), символдар, дыбыстандыру, оқулықпен жұмыс, тіректі символдарды жазбаша қайта жаңғырту, өзара бақылау қағаздарын толтыру және т.б., бұлардың барлығы дерлік педагогикалық процесте оқушылардың танымдық деңгейінің артуына үлес қосатыны аңғарылады.

Бұл кішігірім зерттеуді жүргізу барысында бір айта кетерім, бүгінгі күнге дейін «Сіз магистратура білірдіңіз ғой, магистрантсыз ба?» деген сауал қоюларынан, студенттердің жаңа терминдерді дұрыс менгермеуі көзге түседі. Сондықтан, студенттерге білім беруде жаңадан қолданысқа енгізілген білім берудегі терминдердің бірқатарын қарастырып өткенді жөн санадым. Оларға мен, анықтаманы Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңынан алуды үйғардым. Олар:

*кредиттік оқыту технологиясы* - білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім

алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту;

*қашықтықтан білім беру технологиясы* – білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан ) немесе толық емес жанама өзара іс-кимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

*бакалавр* - жоғары білім берудің тиісті білім беру бағдарламаларын менгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже;

*магистр* – жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оку бағдарламаларын менгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже;

*философия докторы (PhD)*, бейіні бойынша доктор - тиісті мамандықтар бойынша докторантураларында кәсіптік оку бағдарламаларын менгерген адамдарға берілетін жоғары академиялық дәрежелер [7].

«Құқықтану» мамандығы студенттеріне сабак жүргізгенде жаңа технологияны тиімді пайдаланудың гуманитарлы бағыт, яғни осы мамандық иелеріне негізделе тиімді оқыту технологиясын қолданған жән. Пәндік оқытуда, өз тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – студентті (болашақ білікті маманды) субъект ретінде оку ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетті арттыратын жағдай туғызу деп білемін. Студент тек білікті маман иесі ғана емес жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасуына жәрдемдесу. Оның бастысы оку үрдісін жаңаша үйымдастыру, студенттердің білім игеруіндегі іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету, жекелей тапсырмалар орындауға дағдыландыру.

Әрине, мақсатқа жету студенттің өзіндік ісі арқылы жүзеге асады. Оқытушы, бұл орайда тек – үйымдастырушы, үйлестіруші, бағыт беруші.

Ең алды жаңа тұрғыда оқытудың инновациялық технологияларын қолдануда адами қасиеттің негізгісі – қарым-қатынас, осы оқытушы мен үйренуші (студент) ортасында ашық, силасымдылық, түсінушілік негізде қарым-қатынас орнауы қажет. Соңдықтан да болар, интербелсенді оқытуда, *A.Әлімов ұсынған* интербелсенді оқытудың шарттарын:

- жағымды психологиялық орта қалыптастыру;
- студенттерге білім алушада қызығушылық (мотивация, ынта, жігер) тудыру;
- білім алушыларды үнемі сәттілікке бағыттау;
- студенттермен бірлесе атқарылатын іс-әрекеттерді жүзеге асыру [8,94]. Міне осылар сияқты басымдықтарды қагида ретінде ұстанамын. Студенттер алған білімін өмірлік жағдайда қолдануын қамтамасыз ету, соған дағыландыруды әр кез бақылаймын.

Қазіргі таңда сын (сыни) тұрғыдан ойлау жүйесін (нысанды) оку үрдісі де тиімді мүнда студенттердің өз бетінше тұжырым жасау, корытындыға келу, үқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай біту, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеттері қалыптасады.

Егер нақты оқыту үрдісіне келсек, бұл әрине әр пән, тақырып ерекшелігіне байланысты болады. Сонымен, сабак барысында интербелсенді дәріс оқылады, белгілі бір уақытка, кейін үlestірмелі материалдар таратылады; талқылау жүргізіледі, шағын топтарға белу арқылы; интербелсенді әдіс түрлерінің бірін таңдау (пәнге, тақырыпқа байланысты), мысалы: пікірталас, ойындар (рөлдік, іскерлік), тренингтер т.б. қолданылады. Әрине қазіргі таңда дәрістің өзін слайдтар арқылы LCD-проектор арқылы, немесе интербелсенді тақта (стена) арқылы жүргізу мүмкіндігі мол.

Осы барлық сабак түрінен кейінгі кезде кең қолданыста жүрген – бұл тест қолдану. *Test* – оқытудың белгілі бір белгін менгеру дәрежесін өлшеуге бағытталған тапсырмалар жиынтығы. Тест – көптеген педагогикалық окулықтар мен оқу куралдарында, тек бақылау түрі ретінде қарастырылып келгені белгілі. Мысалы, И.П. Подласый өз еңбегінде оны (тест) *оқытудың (үйретудің) әдістері* атты бөлімшеде тек бақылаудың бір түрі ретінде, тесттік бақылауы - бұл машиналы немесе онынсыз (парак), тест – арнайы тапсырмаларды қолдану арқылы оқушыларда белгілі білім деңгейін анықтау,-деп көрсетеді [9,224]. Және де келесі авторлар Ж.Б. және Р.М. Қоянбаевтарда өз еңбегінде, тест- тек, оку-танымдық іс-әрекетінің бақылау және өзін-өзі бақылау әдістеріне жатқызады [10,274]. Міне, авторлар ой-пікірі, әрине толық келісуге болмайды, өйткені *тестілеудің* интербелсенді технологиясының инновациялық жүйесін ұсынады (От и ИГУТ). Оның еңбегі «Интерактивная технология учебного тестирования. – Алматы: Эверо, 2006.- 588 с. баспадан шыққан. Тест тапсырмасындағы сұрақтардың өзі студенттерді қандай да болмасын туындаған сұрақ бойынша оны одан әрі қарастыруға, тереңдетуге ынталандырады, сейтіп олар өз білімдерін тереңдете туседі. Сонымен, тест тапсырмасын орындауды, яғни, өз алдына белек әдістемелік бағыт деп түсінген жөн болар.

Тағы да бір айта кетер мәселе бұл қашықтықтан білім беру технологиясы, электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы алыста орналасқан адамдардың оку-танымдық қызметі мен дамуын үйымдастыру. Осылан орай келесі окулық бетінен көрелік.

Дистанциялық сабак элементтері: оқу материалы; диагностикалық материал (тапсырмалар, бағалау параграфы т.б.); көрнекілік; мұғалім оқушыларға сұрақ береді; материалды түсіндіру (мұғалім оқушыларға өзінің бейнедәрістерінің жазбаларын жібереді. Кейде Интернет желісіндегі білім қорларына сілтеме жасап жіберген жақсы); мұғалім пікірталастарды басқарады; оқушылар мұғалімге сұрақ бере алады; оқушы оқушыға сұрақ береді; мұғалім оқушыларды бағалайды.

Дистанциялық оқыту құралдары: электрондық пошта (E-mail); электрондық журналдардың, конференциялардың тізімі (тақырып бойынша); нақты уақыт тәртібінде хат жазысу; тез хабарласу жүйесі (Интернет); Интернет жүйесіндегі www, web-сайт ішіндегілер, білімдік сайтқа тіркелгендер қаралады, on-line-дық виртуалдық кітапханаларға кіреді. Web- бетте басқа беттерге, қорларға сілтеме жасалады. Іздеу сервері арқылы желідегі кез келген ақпаратты табуға болады. web-сайтқа жазатын

белсенді арналар. FTP- серверлер және файлдік архивтер. Интернеттің факсимилдік қызметі Интернеттегі телефон – LP. МобиЛЬДІК телефон көмегімен Интернетке шығу [1,306].

Шет елдердің көбіне таралған, дамыған компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелерді пайдалану негізінде іске асырылатын қашықтықтан оқыту технологиясы біздерге бүкіл білім жүйесінің даму сатысындағы жаңа баспалдақ тәріздес. Мұндай оқытудың тиімділігі күндізгі бөлім студенті кітапханада оқулықтар іздеумен уақытының көбін жоғалтқан болса, ал қашықтықтан оқитын студент ол электронды кітапхана ресурстарын мәлімет, мағлұматты тез арада табуға мол мүмкіндіктер жасалады.

Демек, бұл түрғыда бір айта кетері, әдебиет беттерінен «дистанциялық» деген сөзді көбірек кездестіреміз, алайда КР 2007 ж. қабылданған «Білім туралы» заңында оған нақты анықтама былай деп берілген: «қашықтықтан білім беру технологиясы - білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту» [7].

«Құқықтану» мамандығы студенттеріне білім беруде де осы жоғарыда атап өткендей педагогикалық әдістердің барлығы да қолданылатыны анық, атап айтсақ, сөздік әдістер де, көрнекілік әдістер де. Демек атап айтсақ, келесі әдістер, әрине бұл мамандық иелері болашақ мемлекеттік қызметкерлер - «зангерлер» нақты іс-тәжірибе қызметкерлері болғандықтан әр сабакта графикалық жұмыстар барлық құқықтық пәндерден орындалады: кестелер жасау, диаграммалар құру, сыйбалар сыйзу. Сонымен қатар, тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны жаттығу әдісі. Бұл әдіс студенттерде білім мен дағдыларды қалыптастырады. Оку барысында теориялық ережелер мен қағидаларды (әсіресе нақты зан терминдерін) қайта пысықтап тереңірек меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Жаттығу студенттердің оку жұмысын өздігінен орындау белсенділігін арттырады. Өзіндік жұмыстарына студенттердің шығармашылықпен атқаратын жазбаша жұмыстары – эссе, баяндама, реферат, курстық жұмыс жұмыстары жатады. Ауызша жаттығу студенттің оку материалын ауызекі баяндауға дағылану мақсатын көздейді.

Жаттығу түріне Құқықтану пәндері бойынша, мысалы оқиға бойынша есептер (ситуационная задача), салыстырмалы карта, салыстырмалы кестелерді жатқызуға болады.

Мен осы «Құқықтану» мамандығына сабак жүргізетіндіктен ең алдымен осы мамандық иелеріне дәріс жүргізу мәселесіне тоқталғым келіп отыр. Өйткені ЖОО жаңа бағыт бойынша сабак жүргізуде дәріс сабағын өткізуінде біршама қындықтары да кездесетіні бар.

Дәріс сабагына дайындалу, өткізу: жағымды психологиялық орта қалыптастыруды алдын ала ойластыру; дәрістің басынан бастап студенттердің қызығушылығын оятуға арналған әрекетті үйымдастыру; студенттерді белсенді әрекетке баулу үшін дәріс құрылымын жоспарлау, үйымдастыру; дәрістің мазмұны түсінікті болуы үшін әр түрлі сұрақтарды дайындау, сұхбаттасып, әңгімелесу; мағынаны ашу барысында, студенттерді жеке – жұпта - шағын топта бірлесіп отырып окуға жұмылдыру; кері

байланыс арқылы студенттердің білімді менгеруі туралы үнемі ақпаратта болып өз көсіптік әркетін дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік алуы; дәріс нәтижелерін бағалау.

Қазіргі таңда бастауш сыныптардан бастап мектеп қабырғасында инновациялық технологияларды, интербелсенді әдістерді қолдану арқылы сабак жүргізіп жүргенін білеміз. Әрине, бұл жаңа бағыттағы ЖОО өте тиімді. Осы мектеп оқушылары ертенгі біздің студенттер ғой, олар жаңашыл бағыттарды жақсы менгеріп келуі әбден мүмкін. Сондықтан да қазіргі кездегі ЖОО тарапынан білім беруде жан-жақты инновациялық түрғыдан шеберлігімен ерекшеленетін оқытушылық қауым болуы шарт. Демек аталмыш Зандың бекітілгендей «баршаның сапалы білім алуға құқықтарының тенденция» деген білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерінің бірін ескере отырып біз оқытушылар студенттерге барша жігермен білім беру процессін жақсартуға үлес қосуымыз керек.

Осынау біздің Президентіміздің 2007 ж. өз Жолдауында көрсеткен «үш тұғырлы тіл» мәселесін нақты алсақ, ЖОО оқу процесіне жас мамандарды (магистрлерді) белсенді қатыстырып, соларға мол мүмкіндіктер берілуі тиіс. Өйткені қазіргі таңда зейнеткерлік жасында жүріп сабак өткізу жүрген оқытушылар аз емес. Олар әрине, жаңа ақпараттық, компьютерлік бағыттарды білмейді емес біледі демек олардың өзін ең алды үйрету қажет, және де бұл процесс өте баяу жүретіні анық. Ал, жас мамандар (егерде ұстаздық етуді қалайтын болса ғана) олар іскерлігіне білімін үнемі жетілдіруге тырысатын, ізденіс жолында жүргендер деп білемін. Осындай жас мамандарды қолдан оларға әрі қарай өз біліктілігін арттыруға жағдай жасау қажет-ак.

«Қазіргі заманғы мұғалім - бұл көсіби маман. Педагогтың көсібілігі оның көсіби жарамдылығымен, яғни өз бойында көсіби қызметті орындау үшін қажетті қасиеттерді мақсатты түрде қалыптастыруымен анықталады. ...XXI ғ. мұғалімі – педагогикалық қызметтің әр алуан салаларындағы жасампаз: өз жұмысының қорытындыларын шығаруға, өз тәжірибесін жинақтауға міндетті түрде үмтүлатын тәжірибелі технолог, ұйымдастырушы. [11,90].

Сабакты жақсы әрі толық өткізу үшін де жан-жақты білімді ұстаз қажеті анық. Демек осы арада ЖОО басшылығы тарапынан әр пәндердің нақты оқу бағдарламасына сәйкес өткізуін қамтамасыз ету. Өйткені сағат азайғаннан оқытушының жүргізетін пәндері де үлғаятыны белгілі, ал осынау бірнеше (5-6) пәндерді ол оқытушы толық, өте жақсы түрде, жоғары дәрежеде студенттермен жұмыс жасайды деу артық айтқандық екені анық.

Әрбір оқытушы тек екі-үш біртекті (өзара жақын) пән бойынша ғана сабак жүргізуі тиіс, осындай кезде ғана сабак сапасы, студенттердің білім деңгейі артатыны белгілі, мысалға алып қарастырап болсақ медицина саласында да жалпы медициналық білімі бола тұра, оны жан-жақты менгергенімен тіс дәрігері барып травмотологтың жұмысын жасап кетпес. Тағы бір айта кетер жәйт, қазіргі кезде бұрынғы «универсал» судьяның өзі де нақты ішкі мамандану иесі болуда. ҚР-да сот төрелігін жүзеге асыру мамандандырылған соттардың құрылыш қызмет етуінде, оларда әрине бір ғана құқық саласы бойынша теренірек маманданған судьялар қызмет етуде. «Сіз солай сабак өткізіз!» дегенненің орнына интербелсенді дәріс (жаңа бағыттағы сабак) осылай өтеді (етуі тиіс) деп бағыт-

бағдар беретіндегі осы салада әрбір факультеттің білікті мамандары тараپынан семинар-тренинг өткізіліп тұруы қажет. Бұл арада әрине, жас маман заңгер біліктілігі бар оқытушы (немесе магистрант) мен орта буын маман педагог-психологтың бірлесіп өткізгені абзal. Көзбен көргенді демек нақты іс-тәжірибеде сабак жүргізуі өз көзімен көріп, үлгі алыш, ертеңгі күні өз сабағын өткізуде жас мамандар интербелсенді әдістерді қолданып жүрсе, жаңашыл бағыттарды іздеуге көшсе, әрине білім сапасының ауқымды ұлғаюына мол әсері болары анық.

Кәсіби білімді, өз біліктілігіне іскерлігі сай келетін ЖОО оқытушысының сөз сойлеу мәдениеті де өте маңызды мәселе: сөз байлығы, дәлдігі, дұрыстырығы, тазалығы, әдебі белгілерімен танылатыны анық. Демек, кәсіби маманның тіліне қойылатын талаптың бірі – сөз байлығының болуы болып табылады. Осыған орай әсіресе жас маман әр кез өзінің сөлеу мәдениетін, сөйлеу шеберлігіне мүқият қарап, оны жақсартуға, байытуға үмтүлүү қажет. Әрине, бұл орайда шешендік өнерге (риторика) байланысты әдебиеттермен танысып отыруы тиіс. Әсіресе «Құқықтану» мамандығы студенттеріне білім беруші оқытушылар өз өнеге (үлгі) ретінде студенттерге дұрыс сойлеу, заң терминологиясын нық, таза қолдана сойлеуге дағдалануы қажет. Риторика өнері, шешендіктану ілімін әрбір оқытушы менгеріп, қолданғандары жөн болар.

Сонымен, *дидактика* - білім беру және оқыту теориясы екенін ескере отырып, ең негізгі ғасырлар бойы педагогтар қауымы мойындаған: ғылымилық, саналылық пен белсенделік, көрнекілік, жүйелілік пен бірізділік, беріктілік, тиімділік, теория мен тәжірибелің байланыстырығы *дидактикалық қагидалар* жүйесін әр оқытушының берік үстанып, үнемі пайдалануы арқылы студенттердің (білім алушылардың) білімді саналы, әрі белсенді түрде менгеруге қызығушылықтарын оятуы анық. Дидактиканың нақты нәтижесінің болуы да ол, нақты прагматиммен байланысты болары анық.

Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген оқытушылар мен ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан басқаруды қажет етеді. Оқытушының көсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан оқытушыдан арнайы психологиялық–педагогикалық дайындық талап етіледі.

Қазіргі таңда барлық өркениетті дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекеттер ең алдымен білім беру сапасына назар аударуда. Ол тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оку, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі - функционалдық сауаттылық, болашақ кәсіби құзыретті мамандардың болуы. Міне, осы мәселеде инновациялық технологиялардың атқаратын ролі маңызы зор.

Инновациялық іс-әрекет – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай оқу орнына жұмысын дамытатын, оку орны (ЖОО) өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Инновациялық іс-әрекетке қоршаған орта да әсер етеді. Әрбір оқытушы өзінің оқут-тәрбие жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс-әрекетін саналы түрде өзгертеді. Инновациялық технологияларда пәнаралық бірім-байланыстарды (интеграция) іске асыру қажет. Инновациялық білім жүйесі білімді гуманизациялау және гуманитарландыру проблемаларын шешуді талап етеді, адамның шығармашылық

куатын сақтау және дамыту; оқушылардың бойында шешімдердің көп өлшемділігіне, басқаша ойлауға, төзімділікке және өзінің іс-әрекеттері үшін адамгершілк жауаптылыққа негізделген көзқарасты қалыптастыру қажет.

Сонымен, туындаған жан-жақты зерттеліп, сараптама өткен оқытушылардың инновациялық технологиялары мен жаңашыл идеяларын насиҳаттап, ауқымды ортаға жеткізуде ЖОО орнының ОӘЖ жөніндегі басшылары, олардың көмекшілері және де ОӘЖ бойынша үйлестірушілердің бірлескен топтары жүзеге асырып отыруы қажет.

Жоғарыда қарастырылғаннан, қысқаша қорыта айттар болсақ, ең алдымен, нақты осы сәтте бізге қажетті:

- кредиттік оқыту технологиясы арқылы білім беруде ЖОО басшылығы тарапынан жағдайлар жасалуы қажет, яғни заманға сай техника құралдарымен (ноутбук, принтер, ксерокс, сканер, интернет еркіндігі және т.б.) әрбір оқытушы қамтамасыз етілуі тиіс;
- жаңа бағыттағы оку, білім алу жүйесімен таныс емес студенттерге жәрдемдесу ретінде психологияның жұмыс белсенділігінің артуы қажет;
- әрбір оқытушы үзаса екі-үш пән бойынша ғана сабак жүргізуі тиіс;
- студенттермен жұмыс жасауда ең алдымен оқытушы тарапынан әр кез белсенділіктің болуы;
- ЖОО жас мамандарға жол беру (магистранттар 2-жылдық білім алғандар қызмет етуі);
- оқытудың инновациялық технологияларға негізделген интербелсенді түрлі амал тәсілдерін үйлестіріп қолдану;
- студенттердің оқу-білім алу белсенділігін арттырудың тиімді құралдарының бірі – студенттердің өзіндік жұмысы мен өздігінен білім алу әрекетін жандандыру;
- нақты білікті мамандар тарапынан инновациялық технологияларды қолданумен білім беру бойынша семинар-тренинг өткізуі;
- мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алын (колледж), жоғары білім (ЖЖО) алу барысында үздіксіз осы инновациялық технологиялардың қолданылуы мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі, бақылау жүргізуі.

Демек, заман талабына сай, әр оқытушы жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабактарында күнделікті пайдаланса, сабак тартымды да, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Тағы да бір айта кетері, қойылған мақсатқа жету барысында, студенттердің тәрбиелік көркейюне, жоғары мәдениетті болуына, адамгершілк қасиеттерін биік ұстауға, тәртіптілікке үнемі бағыттап, ескеріп отыру абзал. Өйткені оқыту үрдісі әр кез тәрбие үрдісімен тығыз байланыста өтеді. Осыған орай әл-Фарабидің «Бірінши мәселе білім емес, тәрбие... Тәрбиесізге берілген білім адамзатқа апат алып келеді» деген ұлы сөзі өте орынды айтылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ШХ. Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.Ү. Фалымова, Р.К. Ильясова Педагогика.- Астана: Фолиант, 2007.-656 б.
2. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. –Алматы, 2001.-296 с.
3. Педагогика. Жалпы ред.басқарған Құдиярова А.М. – Алматы: Дарын, 2004.- 448 б.
4. С.Б. Құлдыбаева Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технология // Білім-образование. – 2009.-№6 (48). – Б. 27-31
5. Мирсентова С., Іргебаева Ә. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. Көсіби даму мектебі. – Алматы, 2006.-260 бет.
6. Н.М. Амиргалина Білім берудегі инновациялық технологияның бірі – тірек конспектілері арқылы оқытуды колледж оку үрдісіне ендіру // Білім-образование. – 2009.- №4 (46). – Б. 17-19
7. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заны // <http://www.edu.gov.kz>
8. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оку орындарында қолдану.–Алматы, 2009.- 328 б.
9. Подласый И.П. Педагогика: 100 вопросов-100 ответов. –М., 2003. -368 с.
10. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика.- Алматы, 2004.- 420 б.
11. Бексейігова Б.Қазіргі заманғы педагог // Педагогика мәселелері.- 2009.- №1 (11). – Б. 90-94

**Кылышпаева Б.Х.**

*I. Жансугиров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФЫЛЫМИ - ТЕХНИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ  
МАҢЫЗДЫЛЫФЫ**

Инновационная политика оказывает воздействие на три основных аспекта: спрос, предложение и взаимодействие. Поддержка научных исследований- это пример оказания воздействия на предложение, а создание специализированных институтов, ответственных за обслуживание инновационного процесса, представляет собой попытку создания эффективных каналов взаимодействия между потребителями и продавцами инноваций.

Innovation politics influences to three main aspects: consumption, offer and interrelationship. Supporting of scientific researches is a sample of influence on the sentence and formation of specialized institutions which are responsible for the innovational services. And it deals with creating of effective canals of interrelations between consumers and innovational sellers.

Ғылыми-техникалық әлеует бұл жинақталған ғылыми білімдер көлемі, олардың тәжірибеде қолдануға дайындық дәрежесі, ғылыми жұмысшылар мен инженерлі-техникалық құрамының сапалық және сандық көрсеткіштерімен анықталады. Қазақстанның ғылыми-техникалық әлеуеті ғылымның фундаменталды және қолданбалы секторларын, салалық бағыттағы ғылыми-зерттеу институттарын, фирмалар мен кәсіпорындардың орталық-зауыттық зертханаларын, сонымен қатар ғылыми зерттеулермен, өндірулермен айналысатын басқа құрылымдарды құрайды. Қазақстанда қазіргі ғылыми техникалық аяның маңызды болігі болып үлттық және салааралық ғылыми орталыктар торабының қалыптасуы болып табылады. Олар қолданбалы зерттеулермен қатар, фундаменталды жоспардағы зерттеулерді жүргізеді. Фундаменталды ғылым казіргі технологиялардың негізін құрайтын фундаменталды және интеллектуалды білімдерден құрады. Академиялық сектордың институттары жана физикалық және химиялық құбылыстардың мәнін танудың ілімдік сұраптарын өндеуден тұрады. Сонымен қатар жана конструкциялар мен алдыңғы қатарлы технологиялардың ілімдік негіздерін құрайды. Фундаменталды зерттеулер, білімдерді тәжірибе негізінде қолдану мақсатында қорлар құрылып, технологиялық дамуға ықпалын тигізеді. Ғылымның өзектілігі - тауарлар мен қызметтердің өндірілуімен және өспелі бәсекелестікпен анықталады. Кәсіби еңбек пен инновацияларға негізделген технологиялар бәсекелі өндірісте жаңа амалдардың үйіткышы болып табылады [1].

Жоғарғы оку ғылымы мамандарды дайындаумен тығыз байланысты және оған фундаменталды зерттеулерді, нақты қолданбалы өндірулерді орындаумен үйлестіруі тән құбылыс болып табылады. Қолданбалы ғылыми-зерттеу үйымдары, конструкторлық бюrolар және жобалық институттар, әдетте, машиналар мен механизмдердің конструкцияларын, жаңа өнімдерді өндіру технологиясын өндеуте немесе белгілі өнімдерді алу технологияларын жетілдіруге, өндірістік кәсіпорындарға ғылыми-технологиялық прогресс жетістіктерін жүзеге асыруға және көмек көрсетуге арналған. Әлемдік тәжірибе және мемлекеттердің инновациялық даму тәжірибесі дәлелдегендей, жетілген табыстардың негізгі болігі ғылым мен техника жетістіктерін кең қолдану, мемлекет жағынан ғылым мен интеллектуалды әлеуетті жан-жақты қолдау есебінен жетілді. Жаңа саясат арқылы дамыған елдер аса қомақты нәтижелерге жете алды. Бүгінгі күні барлық әлемде жалпы ішкі өнімнің 50% астамы ғылыми-техникалық прогресс есебінен қалыптасады. Әлемдік шаруашылықтың дамуы ғылыми сыйымды экономиканы көтерумен айланысты, сондықтан отандық ғылымның дамуының көлемдері мен үдерістері ел экономикасының аса маңызды салаларындағы өзіндік қомақты ролін қалыптастыру керек. Ғылымды, экономиканы қайта қалыптастырудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылып, басқа мемлекеттермен салыстырғандағы ғылыми-техникалық әлеует дәрежесін қаржыландыру көлемін бағалау деңгейіне көніл аударайық. Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік, қоғамдық және жеке ғылыми-зерттеу институттар, жобалық-конструкторлық үйымдар, жоғары білім мекемелері және ғылыми-техникалық қызметпен, интеллектуалды өнім шығарумен айналысатын кәсіпорындар әрекет етеді. Бұл кешенниң 80% аса ғылыми-зерттеу институттар құрайды, 20% жобалық-конструкторлық, тәжірибелі және сервистік үйымдардан тұрады. Әлемдік беделі бар ғылыми мектептер қатарықалыптасты. Олар тек әлемдік ғылымға ғана емес, сонымен

қатар жоғары кәсіби мамандарды - ғалымдарды, инженерлерді өндіріс, қолданбалы ғылым басшыларын дайындау

сапасына идеялық негізді құрып, Қазақстанның халықаралық беделінің өсуіне ықпалын тигізеді. Сондықтан, мемлекет зерттеушілік бағдарламаларды, бағдарламалық – мақсаттық қалыптасу

принциптерін қолданып, фундаменталды ғылымды талдап, таңдау жүргізу негізінде қолдау жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта ғылыми сыйымды өндірістер қатарын құру үшін жобалық-конструкторлық және техникалық құжаттама дайын. Елде отандық технологияларды қолдану негізінде химиялық және мұнай-химиялық өндірістерді қалпына келтіру және кенеиту, сонымен қатар мұнай, газ, көмірді және басқаны қайта өндеу бойынша кіші және орта тиімді және бәсеке қабілетті өндірістер құрылышы болжануда.

Мақсаттық ғылыми-техникалық бағдарламаларды, жоғары тиімді биотехнологияларды құру және деңсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, индустрія үшін биотехнологиялық өнім өндірісі, технологияларды өндеу саласындағы қоршаған ортаны қорғау, сонымен қатар Қазақстанның қара және тұсті metallurgия кәсіпорындарында жана технологиялық үрдістерді игеру негізінде, орта мерзімді болашақта, Қазақстанның дамуы үшін маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Дамыған мемлекеттерде фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруды жыл сайын өсіру, жана енгізулерді игеруді жеделдетілген ғылымды жеке сектормен интеграциялауды ынталандыру есебінен, ғылымның корпоративті секторын құру мен дамуына жан-жақты әрекеттесу, ғылыми-техникалық әлеуетті өзекті экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағдарлау есебінен жүргізіледі [2].

Эксперттер мәліметтері бойынша ағымдағы жылда қаржыландыруды өсіріп, ЖІӨ 2% және 2015 ж. 2,5-3% жеткізу керек. Себебі, ғылыми және технологиялық зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыру - бұл болашаққа арналған инвестициялар.

Қазақстан экономикасының дамуы үшін фундаменталды зерттеулер, инженерлік өндірulerдің біртұтас ғылыми техникалық аяға қосу керек. Әрине, бүгінгі күні мемлекет ғылымның кең аясын қаржыландыра алмайды. Отандық ғылым мен техниканың тұрғылары аса берік және олардың негізінде қос секторды дамытудың нақты мүмкіншіліктері бар. Сонымен бірге, ел мен ғылымның дамуы үшін сындарлы мәнге ие жаңа бағыттарда ізденістерді шоғырландыру қажет.

Ғылымның артықшыл бағыттарын таңдау, жаңа білімдерді алу мүмкіндіктерін бағалау және елде қойылған міндеттерді шешуге қабілетті ғалымдардың болуы және тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы анықтаушы фактор ретінде технологиялардың ғылыми негіздерін тәжірибеде өндеу қажеттілігімен анықталуы керек. Фундаменталды зерттеулердің бағыттары болашағы бар жариялы бағыттарға сәйкестендірілген тұрақты мониторингті талап етеді. Әлемдік ғылымның даму нәтижелерін және елдің стратегиялық басымдықтарын ескере отырып, Қазақстанда әлемдік дәрежеде нәтижелерге қол жеткізу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ғылым мен технологияларды дамыту облысындағы басты мақсат - экономика дамуының инновациялық сипатын және экономиканың ғылыми сыйымды секторларында отандық тауар өндірушілердің бәсекелі түрғыларын қамтамасыз етіп анықталады. Басымдықтар жиыны өзгеріссіз болуы мүмкін емес. Қазіргі ғылыми-технологиялық саясаттың міндеті тек бастапқы жобалар тізімін күрау ғана емес, сонымен қатар жоғары технологиялар облысында басымдықтарды реттеу мен өзін-өзі реттеудің тиімді «тірі» жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуімен негізделеді. Нарықтық қажеттіліктер отандық инновациялық стратегиядағы басымдылықтарға аса үлкен дәрежеде өсер етеді. Көңіл аударатын жайт, оларды тек қана коммерциялық негізде ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін анықтау қажеттілігімен анықталады.

Өте маңызды келесі жайтқа тоқталып өту қажет. Тарихи қалыптасқандай, Қазақстанда басты ғылыми-технологиялық бағыттар: геологиялық ғылымдар, тау-кен ғылымдары, металлургия, химия бағытына бағытталды. Осы бағыттар ел экономикасы мен өнеркәсібінің дамуына, ғылыми және инженерлі-техникалық мамандардың қалыптасуына өсер етті. Бұл бағыттар өздерінің басымдық жағдайын қазіргі уақытта да сактауда және елдің жаңа экономикасының ғылыми-технологиялық қамсыздандыруында «локомотив» рөлін орындауда. Болашақта бұл бағыттардың рөлі мен орнын сактау қажет, себебі салаларда әлемдік нарықта бәсекелесу мүмкіндігі бар.

Отын-энергетикалық және тау-кен-металлургиялық кешендер тағы онжылдықтарға жоғары технологиялық және ғылыми-сыйымды салалардың дамуының «локомотивтері» ретінде қалады. Сондықтан бұл кешендерді жаңа ғылыми-техникалық бағыттарда дамыту үшін қаржылық донорлар ретінде қарастыруға болмайды. Жылу энергетикалық және тау-кен, металлургия кешендері, сәйкес ғылыми-технологиялық қамсыздандыруда, ғылыми-сыйымды және экспортқа бағдарланған тауарларды жеткізуілер ретінде шыға алады. Әрине, географиялық, табиғи-климаттық, дәстүрлі және басқа себептер бойынша әлемде ешқандай ел өнімнің барлық түрлерінің өндірісі бойынша жетекші рөл атқара алмайды. Сондықтан Қазақстан әлемдік нарыққа жоспарланған технологиялық енуде минералды-шикізаттық кешенде қалыптасқан ғылыми-технологиялық әлеуметті максималды дәрежеде қолданып, жоғары технологиялық өнімдерді шығару бойынша жетекші болу мүмкіншілігі мол [3].

Ғылым мен техниканың қазақстандық аясындағы мүндай жағдай өндірістік дамыған елдердегі ғылымның рөлінің өсу көрінісімен қалыптасады. Қос сала әлемдік мінбеде мемлекеттің лайықты экономикалық және саяси тұғырларын қамтамасыз ететін дербес салаға айналуда. Мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігі ғылым мен техниканың критикалық мәнін түсіну негізінде батыстың басты елдерінің саяси, қаржылық және өндірістік шеңберлерінің ішерілеулеріне алып келді. Олардың ғылыми-техникалық саясатының басымдықтары әлемдік нарықта үлттық өнеркәсіптің бәсеке қабілеттілігінің жоғарылауына және өмір сапасының жақсаруына қол жеткізді.

Дамыған мемлекеттердің ең басты мақсаттарының бірі үлттық бәсеке қабілеттілігінің өсімі болды, яғни тиімді технологияларды, инновациялық механизмдерді, мамандар біліктілігін тұрақты өсіру, енбекті халықаралық бөлу артықшылықтарын қолдану есебінен үлт өмірінің жоғары дәрежесін қолдау және әлемдік нарықта тауарлар мен

қызметтердің бір немесе басқа түрлерінің жетекшілік түрғыларын қамтамасыз етілуімен анықталады. «Артта қалмауға тырысу» басты мемлекеттік инновациялық үрдістерді белсендете түрткі болды.

Ғылым мен технологиялар аясына қаржылық қаражаттар ағымын тек ғылымды экономиканың нақты секторының тиімді элементі ету жолымен жетуге болады. Өндірістерді тез коммерцияладап алғып, оларды нарықпен қабылданатын тауарлар немесе қызметтерді өндірге жеткізе алғандар ғана табысқа жетеді. Соңдықтан отандық экономиканың дамудың инновациялық жолына өтуі жақын жылдарға және ұзақ мерзімді болашаққа негізгі бағыт болуы керек. Нарық жағдайларында технологиялар мен техниканың табысты дамуының формалары мен әдістері біздің елде әлі жеткілікті игерілмеген. Экономиканың басқа аяларына қарағанда ғылымдағы бұл үрдіс баяу жүргізілуде. Ғылыми-техникалық аяның стихиялық өзін-өзі үйымдастыруына сенбеу керек.

Ғылым және ғылыми қызмет көрсету аясында маңызды рөлді қолданбалы ғылым алады, онда ғалымдар мен ірі мамандардың айтарлықтай бөлігі шоғырланған, ол ғылым мен өнеркәсіптік өндірістің академиялық секторы арасындағы байланыстыруышы буын болып табылады. Салалық ғылыми-техникалық үйымдар қызметінде зерттеулер нәтижелерін өндірісте игеру тәуелділігімен айқындалуы қажет.

## РУХАНИ ІЗДЕНІС, СУРЕТКЕРЛІК ҚАЙСАРЛЫҚ

Танитынды танымай алыс түрдүк,

Мәстектер мен тұлпарды салыстырдык.

Тұлқілерді қолпаштап жылмаңдаған,

Қарғаларды сұнқармен салыстырдык.

Батық Мәжитұлы

В статье всесторонне рассматриваются творческий путь, гражданский облик, общественная деятельность известного писателя, гуманиста Ануара Алимжанова

The article deals with the creative way, civial aspect and common activity of well-known writer, humanist Anyar Alimzhanov

Иә, табандатқан үш ғасырға таяу Жоңғар басқыншыларымен бірде женіп, бірде женіліп, жұтқан асымыз кеңірдегімізден өрі жүрмей, бірде өзіміз қақалып, бірде жауды қақалтып, ақыры «болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығадының» кері, аю мен айдаһар «жемдеп», қанша айтақтап салғанымен, сыры мәлім дүшпан атысқанға жақсы бол, өз арам пиғылы өзін тауып, сүйегі шашылып қалды... Сосынғы жерде ата жауын құртқанмен, үзак соғыстан титықтаған елді аз күш жұмсап, жығып, мәңгі құлдық қамытын кигізіп, барын онай олжалап алуды аңсамаған көршіміз жоқ еді. Палуанға он, терісі бірдей деп, кеуде көтеріп, қалжыраған дененді қомпайтып, жығылған жалынды құдірейткеннен гөрі, басынды иіп, барынды бергенмен, бағанды білетін, байлығынды да тел еметін, бірақ өзінді мұлдем жойып жібермей, әлшітің артын бағатын зордан қорған болуды қалаған, сара ақыл мен салқын сабырға жығылатын күн туды. Орыс империясы мен Кеңестік империяның болат, қайыс ноқтасын да тағдыр 260 жыл мойнымызға кигізіп,

кімнің отын оттасаң, соның сүйніп сыйылдатып ішірген сан-сапалық күн кешкен қаралы, жаралы тарихымыз артта қалды. Батар күннің атар таңы бар. Зорлық-зомбылықты, қылмыс-қияннатты қанша қоздатқан геноцидті бастаң өткерсек те, сан-сапат қындық көрсек те қаны таза, қаһармандықты жасаған бірге жаратқан мәрт халқымыз ашыдан тұншығып, тұшыдан ұшынбай жиырмасынышы ғасырдың дауылын да қарсы алды. Бірақ күннің жаманы кеткенмен, адамның жаманы кетпейді екен. Адам – уақыттың төлі. Уақыт желкеден басып, күштеп таңған, зорлықпен бойынызға сінірген, сүйекке біткен мінез, құлдық психологияны жуып-шаю, тазартуға жуық арада ешкімнің күші жетпесі аяна. Үстем идеология отаршылдық пиғылын, империялық, өктемдік саясатын ұлттың тұлпарлары мен сұнқарларына, сүттің бетіндегі қаймағына аударды. Оларды мәстектерге бағындырып, қарғалардың қарқылын тыннады. Керендей, кесірлік, жалтақтық, жағымпаздық, екіжүзділік, күншілдік, арызқойлық, ұсақтық, сатқындық – бейдауа дерте қоғамды ірігіп-шірігіп жатты. Таптық антогонизм, әлеуметтік расизм, саяси кекшілдік, ұлтсыздық, ождансыздық, космополитизм, атеизм аспандата дәріптелді. Басынан сөз, алдынан билік асырмадан тоталитарлық жүйеде пақыр көп, батырдың аздығы заман, уақыт, қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани-интеллектуалдық деңгейі тар таптық идеологияға негізделгендердің, дәлелден гөрі дақпыртқа, ақиқаттан гөрі лақапқа ынғай тұратын мифологиялық санаға ашты, бағынышты ұлттардан шыққан дарындылардың бағын отаршылдар байладап, экономикалық-техникалық кемелденудің даңғыл жолы кемелденуге қарай өрістемей, тәуелділіктің шынжырын тұқырта түсуге бағытталды. Азаматтық темпераментті жабылық психология бойымен басып, тұншықтыруы көрегендік, көшелілік саналды. Мұны айтып отырғанымыз, «Әлем таныған Әнуар», «Біздің Әнуар» деп оны көзімен көргендер, рухына енді бас игендер бүтін Әнекенде үздіге еске алып, тірісінде тісінің арғы жағында сақтаған азаматқа, онда да сөзден сарай тұрғызған суреткердің азабына лайық тұзу көніл лебін, жылы ниет, ақжарылқап пиғылын бақылық бол кеткен соң жамырай сездірулерінің ақиқатқа қаншалықты жақындығын сараптап берудің қажеттігіне ден койдыру.

Көрнекті жазушы Эрнест Хемингуэй: «Нағыз ақын, нағыз жазушы, негізінен жетімдерден шығады», - деп кесіп айтқан екен. Ұлы қаламгер мұнда әкесі-шешесі барлардан нағыз ақын, жазушы шықпайтынын айтқысы келмегені белгілі. Бесіктен белі шықпай жатып жетімдік тағдыр бүйірып, аш-жалаңаш жүріп, тірліктің, тағдырдың тақсіретін артығымен татқан баланың көргені де, айтары да, қатыгез өмірден майдай терін сорғалата еңбек етіп, ешкімге есесін жібермей алары да көп болуға тиіс. «Баба бүркіт барладап үшады, бала бүркіт парладап үшады». Әнуарға әкесі барлардан, жағдайы жетіскендерден қалмай, «халық жауының» баласы деп қолдан жасалған тосқауылды талқандап, Алла сыйға тартқан егіз сәбиін дүниеге келтіре алмай өмірден әкесі өткен анасы Менсұлуға да сөз келтірмей, жамауын жасқап, жыртығын бүтіндей, сыртқа сызын шығармай алдынғы қатарда журу майдайына жазылған. Өйткені, Әнуардың қатарының жетісіп тұрғаны шамалы. Әнуардың да, К.Қазыбаев, Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, Ж.Нәжмединов, Қадыр Мырза Әлі, Қалихан Ысқаков, Ә.Тарази, О.Сүлейменов, А.Сүлейменов, М.Мақатаев т.б. бәріміздің де балалық шағымызы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына тап келіп, «қүрен-қызыл бауырсақ» пен «қөкелеріміз» түске енген, «жартылай жетім есken жарым көніл жастар» (Қадір Мырза Әлі) едік. Әрине, «өткен өмір - өшкен от» емес, етікші, ағаш үстасы, Түркісібте құрылышы, телеграфист, өз бетімен

хат танып, почта бастығына дейін көтерілген, елге ісімен жаққан әкесі Тұрлыбекті құншылдікпен жазықсыз жала жауып, түбіне жеткен сумақай сүмдар мен бірге азынаған ауылды жүрек жылуы, ниет торқасымен бөлеген колхоз бастығы Капсаламов Шынғожа, Алласы аузындағы Алшыораз ана, Кенжехан үста, сауыншы Үмітжан, шешесінің сіңлісі Бибікен, ауылдас апасы Зылиха, нағашы әжесі Жәкіш, педучилище деректоры Бақыт Төрбековтерді де көзі көрді, олар - қазакы жомарттық пен мәрттіліктің үлгісі, тұлдырып жетім Әнуардың «жаратқаны» ғана емес, мықты жебеушісі де болған аяулы жандар. Құйбен тірлік, пенделік, ұсақтық оларға жат. Кейін Қарлығаш, Екпінді, Ойжайлау, Жонғар Алатауының қайны-қонышын қалдырмай сүзіп, көгілдір тауларды, биік шындардан нәр алған Тентекті тебірене кестелеп, ауыл тұрмысының әлеуметтік психологиясын бойлап, оны тарихи аспектіде жіктеп, жіліктеп, үніле зерттеп, замандастары мен жерлестерінің жан-дуниесін, сезім байлығын өз табиғатынан айналтпай, өз оралымына, оралына сай қаз-қалпында мөлдірете бейнелейтіні сол балалық шағында көзben көріп, көнілге түйгендерінің көп, мазмұнды болғанынан шығар. Талантты дегениңің бәріне бірдей жомарт жүрек дари қоймайды. Әнуарға жомарт жүрек дарыған, сондықтан ол кіндік қаны тамған Қарлығашын, көгілдір тауларын, асау өзендерін үздіге сүйіп, халқының қадір-қасиетін, моральдық мөлдір бейнесін повесть, романдары мен публицистикалық толғауларында тамылжыта кестелеген.

Ол үлттық мұрат, мемлекеттік мұддені өз қара басының пайдасынан жоғары қойған бөлек туысты тұлға, құдай молынан сыйлаған таланты бар азамат ретінде халық жадында қалды. Жарқылдаپ күліп, жадырап желпініп, ағынан жарылып, актарылып, жұртына қамқор болуға, қалқан болуға жаратылған-ақ тұлға еді. Талантының кереметтігіне үнілініз, ауыл мектебі «Екпіндіде» жеті сыныпты таусып, Лепсинскідегі педучилишеге түседі де, оны тамамдай салып, С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың журналистика факультетінің студенті атанады. Оны үздік бітіріп, «Алма-Атинская правда» газетінде қызмет етіп, «Ленинская смена» газетінің орынбасары, «Литературная газетаның» тілшісі, СОКП Орталық Комитетінің органы «Правда» газетінің Қазақстан мен Орта Азия республикалары бойынша тілшісі, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының тәрағасы, «Қазақфильм» студиясының бас редакторы, Республикалық тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау жөніндегі қазақ қоғамы Орталық кеңесі Президиумының тәрағасы, Қазақ ССР және КСРО Жоғарғы кеңестерінің депутаты, Қазақстанның Халық жазушысы... Тұлпардың ұшқыры бар, тойпаңы бар. Ауыл мектебінен білім алып, таза қазақ ортасында есken Әнуар, Ойжайлаудағы педучилишеде оқып жүргенде орысшаға көбірек көніл бөліп, орыс, шетел жазушы-акындарының кітаптарын бас алмай оқып, университеттің журналистік факультетінің орыс бөлімін үздік дипломмен бітіріп шықкан. Сейтіп ол шапшаң түбірлі бәйтерекке айналып, адамгершілігі мен азаматтығы сыннан өтіп, қарапайым қазақ жігітінің таудай талабы мен дарыны астам көкірек орыстарды да таңдандырып, Одақтың ірі басылымдарының кәтепті қара нарына айналады.

Әнуардың өмір тартысына батыл барлау жасайтын алғырылығы, көзқарас кендігі, парасат білігі, қарапайымдылығы, даңқойлыққа жаңы қас әдептілігі, сабырлы, ұстамды, әділдігі жатты жақынына айналдырып, үздіксіз рухани ізденістері, тоқмейіпсүді білмейтін табанды еңбегі, биік мұраттар жолындағы куресі жыл жылжып, ай аунаған сайын біктен-біккесе самғатқан. Өнер кесектігіне міnez кесектігі қосылғанда азамат

жалпыадамзатты мазалаған ірі мәселелерге бас тіге араласпасқа қақы жоқ. Ұлттымыздың ары, ұлы жазушы М.Әуезовтің қарақан басы саудаға түсіп, Сталиндік репрессия қайталанған шақта студент Ә.Әлімжанов үстазын СССР Халық артисі К.Куанышбаевтың атына жазылған билетпен Москваға үшірып жібереді 1991 жылы «Дружба народов» журналында Алашорданың көсемдерінің бірі, Кеңес өкіметінің қас-жауы саналған Мұстафа Шоқайды ақтаудың күні жеткенін батыл айтып мақала бастырды. Батыл, қайсар, азаматтық үстанымы жоғары Әнуар Семей полигонын жабуға да орасан зор үлес қосты. Семейде 1989 жылы 17-19 шілде де өткен ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасады. Шовинистік пиғылдың адамы, полигонның басшысы генерал-лейтенант А.Ильенко шаптыға сейлеп, «халықаралық маңызы бар» сынақ алаңын сөз етпеуді арқырай үн қатқанда Ә.Әлімжанов: «Маршалдың бүйірығы бір басқа, халықтың талап-тілегінің жөні бір басқа. Сіз қазір халықтың алдында тұрсыз», - деп тілін көлимаға келтіреді қасқа тісін сындырады. Халық құдайдың жердегі аты екенін асау генерал мойындамасқа шарасы жоқ-ты. 1990 жылы Ұлыбританияда Ядролық қаруыздану бойынша конференцияда баяндама жасайды. Азия-Африка жазушыларының халықаралық конференциясын Қазақстанда өткізуге мұрындық боп, елімізді өлемге танытуға зор үлес қосты. «Женілдігі шабыттай, ауырлығы табыттай» зілбатпан мәселелердің жел жағынан табылды. Бұл – уақытпен үндесу емес, мәнгілікпен үндесу. Адамзаттың басты байлығы – денсаулығына қасақана жасалынып отырған, әуелі азабы мен тозағына азаптап барып ажал аранына жұтқызатын кесептәт плантациялар мен қиянат полигондарын құртып, жаптыруға, әсілі, басын ізгілік жолында жаңғырыққа төсейтін азаматтың нары ғана құлшынбак. Жеке бастың даңқын ансан, дәреже, шен-шекпенді иеленуге итін салған пәнделік індеттен бір адам таза болса – ол Әнуар Әлімжанов шығар. Жеке тұлға, халықтың ұлы перзенті қияннан азап шегіп, қан сапырған қатал жылдардың күрбандығына шалынар сәтте жастығына, болашағы өртке шалынарына аландамай, күтқарушы қызыры боп ажалына араша тұсу де басқа емес студент Әнуардың қолынан келіпті. Сол, кезекті репрессияның күрбандығына шалынудан құтқарып қалған рухани інсіне ұлы жазушы, үстазы Мұхтар Әуезов: «Мен үшін басын балтаның астына төсеген Әнуардың азаматтығына өлсем, топырағым риза», - деп кеменгер тегін кемсендемеген ғой. Осы риясыз, сатусыз, жүздің бірі ғана баратын тәуекелді В.Г.Белинскийше «Жүректі тебірентетін тек қана шындық» деп түйіндеғен жөн шығар. Осындай ұлы жүректердің ғана енишіне лайық еміренген сезім, тебірентенген сырлардың тамырын баса отырып, олардың тас бұлактың суындей мөлдір сүншыл демдері жанынды жалындаш шарпиды. Алайда, бұл фәнніде рухы, жаны жәнната жатқан, пайғамбар жасына жеткенше орысқа да, шүршіт, арабқа да, парсы, индусқа даналығы мен даралығын мойындағы өткен қазақтың біртуар ұлын замандасы, өзіміз туған әдебиетіміздің корифейі, абыз ақсақалы, қайталанбас ірі ақыннымыз санап, құрметтеп жүрген Қадыр Мырза Әлі ағамыз: «Іірім» атты («Ата мұра» баспасы, 2004ж.) естелік кітабында Ә.Әлімжановты: «Жай журналист емес, мәшінр журналист. Бірақ үлкен жазушы деп айта алмаймын. Журналистің көбі өздерін жазушы санайды. Ол, әрине, қате – журналистика деген бір бөлек, әдебиет, көркем әдебиет деген бір бөлек өнер! Ал журналистика өнер емес! Бірақ көркемдік деңгейлері ойдағыдай емес. Публицистикадағы қабілетін көркем әдебиетте барынша таныта алмады, көрсете алмады», - деп не мақтағаны, не мошқағаны белгісіз екішты пікір қозғапты. «Үлкен жазушы ма, жоқ па?» жан-жақты ғылыми зерттеулердің нәтижесіне қарап берілетін баға. Журналистен жазушы шықпайды, «публицистикадағы

қабілетін көркем әдебиетте барынша таныта, көрсете алмады» дейтін тұжырымдары да Қадыр бауырымыздың әдебиеттегі беделін түсірмесе, айдарынан жел естіріп түрғаны шамалы. Осы кісі бір кезде Әди Шәріповті Жазушылар Одағының бірінші хатшылығынан босаттырып, Әнуар Әлімжановтың сол партизан жазушы, ғалым, ірі мемлекет, қоғам қайраткерінің тағына отыруына «баспалдақ» болып, қолтығынан сүйеген, құлқы бір досы. Неге Қадекен досына ыстық ықыласын мұздатып жіберді еken деп отырсақ, оның гәбі де естелік-эсседeden табылды. «Әнуар Әлімжанов, - депті ол, - ниет қылса, кез келген адаммен тіл табыса алатын тәп-тәүір жігіт еді. Бірақ оның түбіне жеткен Ілияс Есенберлин болды. Көпті көрген кәрі тулкі аңғалдау Әнуарды қалаған жауына айдал салды да отырды. Мен оның қарауында екі-үш жыл жұмыс істедім. Сол азғана жылдар аралығында Ілекенің талай-талай абройсыз әрекеттеріне күә болдым» (Ірім. «Атамұра»2004. 70-71 бб.). Бізше, осы фактілердің шындыққа жанасымдылығы күмәнді. Өйткені, халық жадында Әнуар да, құллі ұлттымыздың тарихын көркем кестелеп, ұлттық санамызды қалыптастырған «Қазактың Карамзин» Ілияс Есенберлин де, ұлттық поэзиямызға, балалар әдебиетке сарқылмас байлық, өштес мұра сыйлап жүрген Қадыр Мырза Әлі де мәнгі сакталары сөзсіз. Қазак «өлгеннің жаманы жоқ, тірінің жамандаудан аманы жоқ» деп, ешкіммен енді таласпайтын, о дүниеге тек 6 метр кебінімен ғана аттанған аруақтың құлағын шулатуды жөн көрмеген. Қадекенің «Ірімін», «Жазмышын» оқып отырғанда тәбе шашың тік тұрады. Ол қоғам қайраткері ме, әртіс пе, әнші, ақын-жазушы ма көбіне жағымсыз қылыш-әрекеттерімен, мінез-құлқымен көрінеді. Сонда «қалың елім қазағымды» жасампаздыққа тәрбиелейтіндер шетінен мансапқор, өсекші, арызқой, зинақор, масқунем, шенкүмар, тұлкі, қабылан, «құшағы да пышағы да дайын тұратын» патуасыздар болса, «киеліміз» күйелі қалпымен кімнің жанын ағартып, кімге шікірә, жанына рухани дәру, көсем болмақ?.. Әр ұжымның сыртқа шығармайтын, өз ортасында айтысып та, айқасып та түзететін, емдел-жазатын «ауруы» ұшырасары заңды. Жалпы жүртқа керегі-акын-жазушының жақсы шығармасы. Ол да-пенде, өмір сүру үшін қылыш жағдайды бастан өткөріп, қылыш әрекеттерге баруы ешкімді тандандырмайды. Қыскасы, қаламгердің пенделігінен гері оқырманға жоқтан бар жасаған жасампаздығы, өнері қат. Қазір бізде не көп, естелік, мемуар, роман эсселер көп. Солардың көбінде кітап авторы кезінде бір-бірімен айқасып өтіп, қыжылын қайтара алмаған о дүниелік әрілтесін тілі жеткенше қаралап, иманды болғырдың аруағын ластап бітеді. Ондай жазушылардың шығармаларын бүтінгі үрпаққа насиҳаттау осынан кейін қанша азапқа түсетінін ойлад қөріңізші. А.И.Герцен: «Книга – это духовное завещание одного поколения другому, совет умирающего старца юноше, начинающего жить; приказ, передаваемый часовым, отправляющимся на отдых, часовому, заступающему его место», - деп кітаптың, рухани өснегінде мақсаты мен мәнін, қандай денгейде дүниеге келуін байыпта бергендей.

Әсілі, тірлігінде сөзі мен ісі үйлеспеген, адамшылығына кір жүқтырған, арының ақауы бар жазушысы мақтан таң айы-күні толып туған перзент өмірге келуі неғайбыл. Өсиет – кітап қандай болуы керек деген саяулға F.Мұстафин: «Өткен өмірді біздер айтып кетпесек, борыш арқалап кеткен болар едік. Мемуар, естеліктер тек шындық болу керек. Өтірікті қосты-ақ авторды құдай атқаны. Кейінгі жас үрпақты адастырмақ болғаны. Ондай авторға халық та, тарих та лағынет айтады», - деп дene дерті өзінді, өтірік

айтылған қаралайтын сөз, мінез дерті басқаны қинайтынын кейінгі бізге жол етіп ұсынады, қазақ әдебиетінің аузы дуалы абызы.

Әнуар Әлімжанов шындығында да жай журналист емес, мәшінүр журналист. Ол ондай қабілетке ие болмаса, «сен түр мен атайынға» үмтүліп тұрған талантқа зәрулігі жоқ, азу тісі балғадай «Алма-Атинская правда» («Огни Алатау»), «Ленинская смена» газеттері оған төрі тұрмак табалдырығын тоспасы хак. Облыстық басылымның қара жұмысына жегіліп, газет шығару технологиясын «ішек қырындысына» дейін менгерген алғыр да жалынды, намысы әйдік жас журналисти «Ленинская смена» аттүйедей қалап, редактордың орынбасары қызметіне, биік таққа алышта отырғызады. Әнуар ол қызметке журналистика саласындағы терең білімі, білмейтінін менгеруге елгезектігі, не тапсырса да кекрәймейтін кеменгерлігі, жайдақтанбайтын жайбарақаттылығы, қарадүрсінсіз қарапайымдылығымен, жамандықтан жақсылықты іздеуге, ескіліктен жаңалықты табуға үмтүліп тұратыны, тозғаннан озғындықты көре білетін көрегендігімен жетті. Күні кешегі анғалдығы мен адалдығы, алакүйін мінезі қалмаған, кекшіл бозбала орыс журналистикасының қатал мектебінен шынығып, кәсіби ыспар маманға, көпшіл, үлкен зерденің, сарабдал ойдың адамына айналды. «Ер жігітін қадірін, ағайын білмес, жат білер» (Бұхар). Макала, очерк, публицистикасында жан-жүргегінді елжіретер терең психологиялық сезім алаулап тұратын, өмір туралы толғамы тұнғының шенберіне сыймай асып-тасып жататын, оқырманымен тау самалындағы емен-жарқын табысып, үйріш, аялап отырып бауырласып кететін, әдемі, бояуы қанық тіл, сыршылдық Одақтық беделді басылымдар «Литературная газета» мен СССР-дың бас газеті «Правда» Әнуардың табанын жерге тигізбей, ұлттық шенберде қалдырмай алғып империяның биғінен таланты түлеуін, халықаралық үлкен мінберден сөйлеуін қалады. Олар неге таңдауды басқадан емес, Әнуардан бастағанын академик М.Қаратаев: «... басқа кейбір жалаң да жадағай, тек цифр мен тізімге құрылған «журналистік» материалдарға қарағанда, жас журналистің жазғандарында өмір шындығын еңбек адамының кескін-кейіпін көркем бейнелеп көрсететін суреткерлік қабілеті байқалған-ды», - деп оның очерк, публицистикасының өзі повесть шенберінде қалауын табатынын, өткір проблемалы, танымдық қасиеті жоғары болып, мазмұн тереңдігі, көркемдік өренің биіктігі, кең құлаш – масштабтылық аңғарылып, уақыттынысын, дәуір сипаттын еркін жеткізе алатын қалам қарымына тәнті еткенін дұрыс бағамдаған. Бастысы, Әнуар ұлттың ұлы бола тұрып, жалпы адамзаттың перзенті болудан қашпаған, бойындағы нәрін сығып беруден тартынбаған. Агафон: «Между тем единственный верный способ построить похвальное слово кому бы то ни было – это разобрать, какими свойствами обладает тот о ком идет речь, и то, источником чего он является», - демекші, Әнуар Әлімжановтың очерктері тақырыбы, идеясы, көтерген проблемалары, сонау тарихи тұлғаны көдімгі бастан кешіп отырған өмірдегімен салғастырып саралайтын өнерімен, ізденімпаз экспериментаторлығымен ерекшеленеді. Ол очерктерінде жұмыр жерді мекен еткен адамдардың бостандығын, тәуелсіздігін, тендігі бақытын, әлем халықтарының достығын аңсады, патриот журналист өз Отанына, халқына, ата-баба жеріне перзенттің сезімін әлсіретіп көрген жоқ. Гуманистік принциптен айнымайды. Мәселен, «Литературная газетада» жарияланған «Дихан туралы аңыз» очеркінде ерен еңбегімен дүние жүзіне аты мәшінүр, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған сахараның ұлы перзенті, күрішші Үбрай Жақаевтың ешбір

академигіңде қол жеткізе алмайтын үздік жетістіктерге жетуінің жеті қатсыры ақылға сиятын, іске асатын адами армандар екенін, бірлік бар жерде бақ бар, женіс барын Әнуар Ібір атасының жүргегін, жанын, жалынды ойын, маңдай тердің қадірін кең де терең күйінде бейнелеп берді. Әлемге тарайтын «Литературная газетадан» жаһан халқы қарапайым қайсар қазактың туған жұртының үмітін актап, парызын өтеуден, сезінүінен жоғарырау туған, адамдық бітімінен, тіпті оның адамгершілгінен биік, идеал тұтқан адал еңбек мәжбүрлеген ұлы армандары барлығын жігі сезініп, сүйсінбек.

Оның қай очеркін алсаңыз да Әнуар жазар тақырыбын ұзак зерттеп, сол арқылы жауыр болған жайлардан шөпшек термей, тың ой, жаңаша таным арқылы өз сезімін, көңіл күйін алқынбай жеткізеді. Сондай бір мақаласы «Талант кеменгерлігі» очеркі. Онда көңілі күн күшқан айдын көлдей, тұлғасы «бір тума нардай», қазақ әдебиетінің даңқын жаһанға жайған ұлы жазушы М.Әуезовтің 1960 жылы Азия және Африка халықтары ынтымақтастығына арналған бірінші кеңестік конференциясы өтетін Сталинабадқа қазақ делегациясын басқарып бара жатқаны жайлы баяндадады. Жолшыбай өзбектің ірі жазушы – ғалымы, ақыны, аудармашысы, қоғам-мемлекет қайраткері Айбектің Ташкенттегі жеміс-жидекке малынып туған бау-бақшасы бар сәулетті құтмекеніне ат шалдырады. «Биік тауға шықсан көзің ашылады, жақсы адаммен кезіксең көңілің ашылады». Ежелгі досымен шүркүрасып табысқан Мұхтар бөгетін алған ақаба судай актарылады. Ол күллі жұртқа аян сұр кеңестің емес, келелі кеңестің адамы. Екі теңіз бір-біріне қосылғанда, екі энциклопедист ғалым-жазушы бас түйістіргенде қандай күй орнайтынын Әнуар былайша өрнектейді: «Давно был заменен остывший чай в пиалах, где-то в казане уже томился плов, и невидимый дым шашлыка соперничал с араматом цветов, а спокойная задушевная беседа все больше и дальше увлекла друзей. Они вели разговор не только вдвоем. Хафиз и Джами, Тогор и Фирдауси, Новои и Абай, Шернияз и Фурхат, Махамбет и Мукими незримо властвовали в этом айване. Среди них был и суфист Ахмет Яссави и астроном Улугбек. Их стихи и изречения, афоризмы, газели и рубай украшали двух людей, придавая беседе глубокий смысл и красату! Они вспоминали гения Средней Азии-художника Бехзада, говорили о трудах историков Мирхонда и Хондемира из Герата». Интерьер тәптіштеліп, ежіктеліп суреттеледі. Бұл интерьер мен талант рухы жымдастып кеткен картинаны адамның жан-дуниесіне еркін енетін психологиялық талдау, философиялық-интелектуальдық үлгі, терендік санаса артықтығы жоқ. Әнуар Мұхтар ғұлама Орта Азия, Жапония, Қытай, Корея, Турция, Африка, Индия, араб елдерінен жиналған аса көрнекті жазушылар мен қоғам қайраткерлері алдында сез сейлегенде зал орнынан турып, шынайы ұлылыққа тағым еткенін зор мақтаныш сезіммен тебірене толғаған.

Ташкент тоқымашысы Тащмухамедтің баласы – Мұса Тащмухамедов кейіннен өзбек әдебиетінің классигіне айналады да, Айбек деген псевдониммен әлемге даңқы жайылған. Оның «Айбек» романы бұдан бес ғасырдан астам бұрын өмір сүрген өзбек халқының ұлы ақынының тағдырын арқау етеді. Айбек сонау ғасырлардың қатпар-қатпарын жазып, ежелгі дәуірдің тілін, ділін, сенімін, шаруашылық укладын, салты мен санасы, әдеті мен ғұрпы, дәстүрін ұзак жылдар зерттеп, оқиғаларға өзі тарихшы, өзі моралист, өзі публицист ретінде тікелей араласып, кең масштабта, эпикалық ауқымда бейнелеп береді. Тарихтың қанмен жазылған, көз жасымен кестеленген замана шындығын көркемдік түрғыдан танудың әлеуметтік, эстетикалық, тәрбиелік қадірі бүтінге дейін солғын

тартпай, бағасын түсірген жок. Ұлы М.Әуезов творчество адамының қын да курделі, азапты тағдырын және ол тәніріндегі табынатын халықтың ізгілік, адамгершілік, ерлік қасиеттерін бейнелеуде досы Айбектің «Новаи» романын басшылыққа алды, жетілдірді, дамытты. Демек, бұл кездे алып таланттымен әлемге танылған, атағынан ат үркетін ұлы Әуезов Айбектің романына неге бұлай үздіге жығылғанына Әнуар: «Роман Айбека о Новаи стал не только произведением, дающим высокое эстетическое наслаждение, пищу для ума и сердца читателей, но и великолепным ответом для тех, кто пытался изказать облик нашей истории», - деп жауап қайырады. Иә, Әл Фараби, ибн-Сина, әл-Баркауи, Рудаки, Хафиз, Джами, Фирдауси, Ахмет Яссави, Ұлықбек өмір сүріп, қызмет еткен дәүір Европа, Римдіктердің түсінігінде түркілер баукеспе, варварлар, жыртқыштар деп саналғаны мәлім. Айбектің романы сол астам империялық, шовинистік біржакты, негізі жоқ солақай түсінікке соққы берді. Европа ес жия алмай жатқанда Шығыс мәдениеті, көшпенділер өркениеті дәуірлеп түрғанын байыппен, бүтілгенін жазып, буркенгенін ашып, ежелгі заман шындығын кен, жан-жақты, терен қамтып, Орта Азия, Таяу Шығыс, Ауғаныстан, Индияны жайлаған ұлттар мен ұлыстар өмірін шынайы, көркем мұсіндей алған. Сөйтіп, Әнуар түркіден шыққан екі алыптың рухани жағынан да егіз қозыдай жарасуының себеп-салдарын очеркінде терен қазып көрсеткен.

Әнуар Әлімжанов очерктерінің тақырыбы әлемдік мәселелерді қамтиды. Замандастары оны халықаралық денгейдегі майталман журналист ретінде мойындаған. «Трон Рудаки», «Пылающее копье», «Лотос любит солнце», «Человек без родины», «Бесстрашный Аль-Керим и мудрый Мухамед», «В тени минаретов», «Поэт и Муэдзин», «Пражское солнце» т.б. мақала, очерктерінде Әнуар жұмыр жердің төрт пүшпағын аралап жүргенде отаршылдық азабын тартып, арын тонатып, жанын жүдеткен, бұғауда күні өткен ауыр тағдырлы елдердің қасіретті күйіне назар аудартады.

Әнуардың замандастары оның аяғы тиғен елдерді санағаннан, аяғы тимеген елдердің санын екі қолдың саусағымен санап беру жеңілдігін еске салады. Бірақ әңгіме көп жерді көргенде емес, көпті қөкейге түйіп, адам жүргегі азаттық пен әділліті ғана аңсайтынын, соған құл болудан жаңылмайтының бар дауысымен айтып, нәсілдік қорлау, шовинистік үстемдік, империялық астамшылық, монорхиялық езгінің идеология-экзекуциясы есенгіреткен күй адамзаттың әлі де арылмай жатқан соры екенін барынша терен, шыншыл, толыққанды реалистік әдіспен алпыс екі тамыры сыздай жазады. Күллі адамзаттың басына төнген қай кесепаттан болын ешбір ел сау қаламын деуі баландық, бүгін бе, ертең бе зұлымдық сұзы бетіне тепкен кесапат шекараңыздан шіреніп өтіп, аскан кеуденді басып, тасқан көңілінді азынатып кететінін мойыннатады. Жұмыр жердің қай тұсында шиқаның аузы жарылса, сол кім-кімді де безілдетіп, енжар қалдырмай, емін іздеуге арпалыстырса, Жер-ана сонда баршамызға жайлы төсек, аста-төк нәпаха. Мұбәдә, «өзің де, өзгеге де обал жасамаудың жалғыз жолы - өз нәпсіңде өзің құл болмау». Бұл тақта отырған патша, дін үағыздаған мұфти, зәуеде, қарапайым көше сыпырушуға да жат емес, ортақ парыз. «Нет величия там, где нет простоты, добра и правды» (Д.С.Лихачев). Ә.Әлімжанов қаламының қуатты, беделдігі сол, ол ешкімді, ешбір елді ұлтты жатырқамай, «сыздаған жарасының аузынан» табылады, оның қуанышына жүрегі жарыла қуанып, қасіретіне еніреп жылап, қаламынан тамған ашы сия найзағай боп ойнайды. «Лотос любит солнце» деген очеркінде көп әйелдің ішінде Мумтаз-Махалға «құлаған» Шах-Джахан, онан мезгілсіз айырылып, басына мәңгі жанарыңды аймалайтын «Тадж-

Махал» мовзелейін түрғыздырды. Бірақ ол ғажап сұлулықтың иесі сәuletші – Иса еді, тіршілгінде жалғыз да, соңғы ғашығы Мумтаз- Махал шахиняны бір көрген құл махаббат дерті ішінде түсіп кетіп, сол қасіретін, қайтып мәңгі жүздеспес махаббатын мовзелей арқылы айдай әлемге пәш еткен. Ал, Шри Ланканың патшайымы Анула ержүрек батыр жігітерді төсегіне бір түнетіп, келесі күні ұшты-қүді жоғалтып отырған. Махаббатты мазаққа, желігін басудың амалына айналдыратын зымиян зұлымдығының сазайын сол нәпсі күмарынан шығарған қырқылжың жігітердің бірі тарттырып, күздан құлатып, күзғыннан тулкі амалын асырады. Индияны аралап жүріп көзben көрген махаббат белгісімен тамсандырған аңыздарды естігенде бурзуазиялық Литваның подпольесінде болып, фашистердің концлагерінің дәмін татқан, «Адам» атты классикалық поэма жазған аса талантты ақын Э.Межалайтис: «А любовь всегда бескорыстна, если она настоящая. Только мы сами омрачаем ее в самые светлые минуты, безумцы мы или звери, что ли. В мире много горя и жестокости, но самое страшное-убить любовь...» - деп қасиетті сезімді құрметтей білуте, іші залым, сырты абыздардан сақтанып, махаббаттың пірін, танып қол беруге шақырады.

Алып ел Индия жігіт біткеннің көз күрты, жүрек дерті болған сұлу, қылықты, инабатты, ақылды қыздардан кенде болмаған. Индия ұзак уақыт ағылшын отаршылдарының отары бол, тәуелсіздігінен айырылып, көресісін көреді. Қанау мен езгіге, күлдік қыспаққа шыдамаған табанды халық отаршылдыққа қарсы жанқиярлықпен курсіп, тәуелсіздігін жеңіп алады. Ел тізгіні өздерінің қолына тигендегі халықтың құлышынысын Ә.Әлімжанов: «Новосярки, новые плотины, дымят новые заводы. Древняя, как мир, одевающая новые наряды, как юная невеста, земля Индии. Это о тебе говорила, сидя в своем маленьком кабинете, усталая, поседевшая за последние годы дочь твоя – Индира Ганди», - деп өз туған ұлты тәуелсіздігін алып, Ұлы даласын анадан-туғандай жаңартып, үлкен құрылышпен жарқын болашакты жасап жатқандай шаттанады. Қайрат-қажыры, парасаты ереккек бергісін әйел премьер-министр Индира Гандидың жасампаз істеріне жүргегі жарыла қуанады, оны небір кедергілерді қайсарлықпен жеңіп, құнары жоқ құрдымнан алған нәріне қанағат тұтып жарық дүниеге жайрандай қол созған пәк мінезді, алаулаған лотос гүліне теңейді.

Халық жадына билік жүрмейді. Шектен шыққан империялық, монархиялық биліктен сескеніп, болып жатқан жөнсіздіктерді уақытында сыртқа шығармай, жақ қарыстырғанмен, күндердің күнінде бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ, жолбарыстың жон терісін сыйыратын халық жадындағы ақиқат ақтарылар шақ тумак. «Жаман» ісінен көрмей, кісіден көретін өкініш өзегін өртейтін, төңірегінің басына қара түн орнайтын сәтте оралмай қоймайды. Ә.Әлімжановтың «В тени минаретов» дейтін очеркінде: «Остановись, странник! Обрати свой взор на эту незнакомую для тебя землю. Она пропитана кровью. Здесь решалась судьба страны, здесь похоронены песни и сердце родины нашей...», - деп Турцияның астанасы Стамбулға кіре берістегі биік төбенің бетіне жазылған жазуға еріксіз көз тоқтаттырады, жері үшін шыбын жанын қызып, өлмес ерлік шежіресін қанымен жазып, Отанының жүргегінен орнын сайладап, келер үрпақтың әніне айналған қаһармандар еліне келгенін ескертеді. Турцияға кіре беріс қақпасы саналатын Мрамор теңізіндегі Силистрия шаһары орыс халқының Севастополь қаласындағы жаныққан соғыстардың жаттығу аланы тәрізді, қаһарман шаһардың тарихы очеркті оқыған адамның кірпігін шылап, түрік халқының туған жерге, Отанына патриоттық сезімі

тал бесікте ана сүтімен жүргіне дарып, өмірлерінің мәні, азаматтығының бағасы саналғанына көз жеткізеді. Азаматтық дегеніміздің өзі-адамгершілк қой. Жан-жағы теніздермен қоршалған, стратегиялық маңызы айрықша, Европаның Шығысқа өтер «алтын көпір» есепті елдің жағасынан сумақай империялардың темір саусағы қыспаған шағы жоқ. Біздегі отаршылдық ұғым санасына мәңгілікке орнаған аға ұрпақтай емес, түріктерді отаршылдық бұғауына төзбеушілік рухы үнемі жігерін, намысын қайрап, ортақ мұдде жолында ынтымак, бірлігін шындалап, жеке бас наразылығынан безіп, басты мұраттың төңірегіне адамгершіліктің ак туы топтастырған. Ататүрік барлық түріктердің атасына айналып, жұдырықтай жұмылған ұлт Антантаның тас-талқаынын шығарып, ұлт-азаттық соғысы нәтижесінде тәуелсіз республика бол жарияланды. Сол ынтымак, бірліктің үйіткисы, әрине, ұлттың ұлы перзенті, биік тұлға туған елі өзінің толық тәуелсіздігін женіп алғанша Отандастарымен бірге жан алып, жан беріскең айқастардың жуан ортасында жүріп, жан киярлықпен енбек етуге Алла алдында ант еткен көсемі, Басқолбасшысы – Ататүрік. Ел көшін бастаған, жаңа типті басшы Ататүрік халқын такта отырып басқарғаннан: «Плуг – вот перо, которым пишется история новой Турции! Долой мотыгу-плуг должен быть хозяином на наших полях!» - деп соқаның тұтқасын ұстап, ак нан сыйлайтын, мәндай терін құрметтейтін үрдісті киелі жол тұтты. Мәндайдың теріне ғана сену, ұлттық тіл, туған жер, туған Отан үшін әр сәтте жаңынды қиуға өзір түрарлық қасиетті сезім ол ұлттық менталитетке қаншалықты тәрбиеленуге қатысты. Жалпы халықтың ерлігі, сол ерліктің туп қазығы – ұлттық бірлігі. Ел көшін бастаған ұлылар сол ұлт бірлігін қамтамасыз ететін рухани кемелдену көздерін аша білген, өзі де соның узынына жарыған. Ұызға жарымағандар таққа отырғанмен, топқа кіре алмай, бардың парқына жетпей, халқының қарғысына қалған. Ататүркten кейін премьер-министр болған Мендерес кезіндегі хал-ахуалды замандастары: «при нем мы потеряли все, что было завоевано Ататюрком: свободу, независимость, право самим делать свою политику», - деп еңрегенде етегі жасқа толған. Қандасы әрі рухани сыңары Ататүркің жолын ұстанған Елбасымыз Н.Назарбаев: «Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа мензеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», - деп әупіріммен қолымыз жеткен Тәуелсіздігіміздің бауын берік етер үрдістен жаңылмады. Міне, Әнуар Әлімжанов очерктері, жалынды публицистикалық толғаныстары осылайша қофамдық, мемлекеттік мәселелерді теренін қозғап, оның қуаттылығы мен мәңгілігінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани негіздерін нақты мысалдармен талдаپ, санаңа сініреді. Журналистің ой-санасының кеңдігі, қалам тартып отырған тақырыбына ғылыми дайындығының биіктігі, интелектуалдық зейін-зерделілігінің асқақтығы оқырманын да өсіріп, өзіне бимәлім жұмбақ әлемнің кілтіне қол жеткізбек. Демек, Әнекең халықаралық тақырыпқа қалам тербегенде жер көргенін, ел көргенін тамсана, ішкен-жегенін гөйтіе, желпіне жазатын жазармандардай емес, табаны тиген материктегі Алланың ұмбеттерінің бастан кешкен тарихын, қасиет тұтар менталитетін, тұрғызған сирек құрылыштарын, өнері мен әдебиетін, мемлекеттік қуат көздерін, еңсесін езген қасіретті құйларін де көзімен көріп, жүрек сұзгісінен өткізіп, оған өзі азаматы бол табылатын елдің идеологиясымен үкім кеспей, бәрі сол сөз етіп отырған жүрттың топырағына, өмір кешіп жатқан формациясына, жағдай рай-әуеніне сыйымды, қаз-қалпында бейнелейді. Сонда бөтеннің жетістіктері мен жетімсіздіктері мынау «ұстараның жүзіндей аударылған дүниеде» алтынға сатып ала алмайтын тарихи мұқтаждығымыз бол шығады. Оның жазғаны да, мінбеден қызына

көтерген мәселелері де оқыған, тыңдаған жүрттың мысын басатынын көрнекті жазушы, драматург Дулат Исабеков былайша еске алады: «Оның эрудиясы, шешендігі, білгілігі мен алғырлығы кеудесіне наң піскен айтулы шешендердің кеудесіне су сеүіп, саясат бәйтерегінің басына озбырлығымен шығып алған оларды әп-сәттің ішінде төменге құлдыратып жібереді». Иә, ұлы дүбір, бәйгеге жаратылған журналист-публицист-саясаткер Әнуар Әлімжановтың болмысы замандастарын таңдандырмай қоймаған.

Бәзбіреулер журналистік - өнер жатпайтынын, журналистен жақсы жазушы шықпайтынын пірге қол қойғандай төндіре жазады. Бізше, оның шындыққа жанасымы шамалы. Керек десеніз, жап-жақсы жазушы сондай деңгейдегі журналист бола алмайды. Керінше, өмірдің алып толқынының ортасында жузіп, кәдімгі газет-журнал шығарудың қара жұмысына жегілген, қамыты мойнын қажаған, газеттің қай жанрына да мәтіби журналистен үлкен жазушы өсіп шығатыны әдебиет тарихынан мәлім. М.Шолохов, К.Федин, К.Симонов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, F.Мұсірепов, Ә.Кекілбаев, С.Муратбеков, О.Бекей т.б. сол журналистік кәсіптің «шинелінен шығып», сарқытын ішкендер. Жазушының мұраты – жазу. Журналистік кәсіп-сол «жазу» өнерінің ұстаханасы. Әрине, барлық қалам ұстагандар майталман журналист, бесаспап жазушы болады деуден аулакпыш. Бірақ жазуды өмірінің мәні мен мағынасына айналдырган «толықсандар», жазушының суреткерлік мәдениетін, талантын, шеберлігін, көнілі құлаған тақырыбына көзқарасы мен қазылышы, қабілет-қауқары, білім тәжірибесі қалыптасқан «сірі жандылар» «ардың ісінен» де орнын ойып алары хақ. Соның бірі, бірегейі - Әнуар Әлімжанов. Ол – екі тілді жазушы. Таза қазақ аулында өскендіктен, ана тілін білмеске шарасы жоқ. Ал жастайынан орыс тіліне қызығушылығы дарынды қазақ баласының оны жетік менгеруіне қынға түспеген. Орыс тілін менгеру Абайға не берді деген сауалды індете келіп, белгіті драматург-журналист Қалтай Мұхамеджанов: «Абай, Шығыс пен Батыстың әдебиет атына кезек мінгенімен, қазактың рухын, халқының мұддесін, заманың қасіретін, көзі көрген тендікпен арасалмағын анық танытып, қазақ ойын, қазақ өлеңін әлгі екі атқа көсем жекті... үйрену мен үлгі болудың, тапқан – таянғанына жегінді болмай, жеке кетудің ілгілері осындей...», - деп тұжырым жасаған. Демек, Абай да, Әнуар да Шығыстың ежелгісінен бергі інжу- маржаның жалықпай сүзді, ұлыларын ұлықтады, ұлықтап қоймай, жалпақ жүртқа олардан қалған рухани мұраны насиҳаттады, ал орыс әдебиеті екеуіне де галактикаға үшар баспалдағы болды. Асылы, қазақ ойын, халық мұддесін, заман қасіретін, көзі көрген аумалы-төкпелі, құйқылжыған уақыт мінезін көркем мұсіндеғенде олар өнерін «екі атқа көсем жегіп», ұлтының қадірін асқақтатар асыл қазына қалдырыды. Әнуардың жұмыр жердің бетінде аяғы тимеген елі некен-саяқ екенін жоғарыда еске салдық. Тұманды Альбион, Латын Америкасы, ит тұмсығы батпайтын орманды, шөлді Африка, мұхиттар айдарынан сипаған Австралия, мәнгі мұз тұншықтырып жатқан Антарктида, шөлі мен оазисі әсем өрнек салған Араб елдері, сұлулығы саяхатшыларды тіл мен жақтан айырған Щвецария т.б. көре жүріп, ел тарихы, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдениеті мен өнері жайлы мәліметтерді көңіліне тоқып, тұтқыр жадында сактағанымен, басқалар тәрізді таңдайын жауыр қылмай, байқағанын місі тұтып, тоқпейілділігінен жаңылмаған. Оны өзі былайша мойындаиды екен: «Я побывал во многих странах и на Востоке, и на Западе. Видел лика земли – и сказочные, и легендарные. Но нигде не видел зеленых и голубых гор, подобных нашим. Описать их красоту невозможно» (Г.Бельгер). Тегі, Ә.Әлімжанов сөз бен іс арасында

алшақтық болмайды. «Тағдырдың жолы тоқсан мың тарау» (Қадыр Мырза Әлі) екенін мойында, балалық шағы ел есігінде өткен Әнуар, әке-шешесінің аялы алақанын сезінбегенімен, әкесінің көзін көргендерден жақсылықты көп көрді, сонан болар, туған жері Қарлығаш, Ақтұма, Екпінді, Лепсі қаласы, Тентек өзені Жонғар Алатауының бергі, арғы жағы сезімді қоюлатар шеберлік үлгісімен қапысыз бейнеленген. Сонау XX ғасырдың отызыншы жылынан бергі Кеңестік империяның екіжүзді саясаты, елді ығыр қылған көлегейлі құбылыстары, кейбір ой-шұқыр, оқаптарымен жазушының талғамы мен талабынан өрнек тартқан көркемдік нақты өмір көріністері боп баурап алады. Өйткені, бұлар Әнуарға ете ыстық әрі етene таныс өмірден өріліп, кең панорамада суреттеліп, үлкен арнада шеру таратады. Жасыл желеқке бөленген көгілдір таулар аясында күн кешкен ел тіршілігін табиғат құбылыстарымен астастыра отырып суреттеп береді. Олар «Құнгे бет алған керуен», «Көгілдір таулар», «Отырардан жеткен сый» «Карасұнқар көпір» атты төрт повестен тұратын тетралогиялық сипаттағы сюжет таңдал алынып, күрделі композициямен діттеген тұстан шыққан. Төрт кітап бір-бірімен жалғасып, олардағы оқиғаларға Аскар, Жомарт, Анаш, Бәуken, Зәуреш, Гұлсарапар белсене араласып, буырқанған өмірдің толқынына шарпылып, ыстығына күйіп, аязына үсиді, самалына қеудесін тосып, жаңбырына шомылады. Оқиғалар бірінен-біріне көшіп отыратын төрт повесте әрбір кейішкердің өмір жолын хроникалық талдау, күнделік формасы мен зерттеушілік, ғылыми дәлдік бәрі-бәрі қат-қабат өріліп жатқандықтан, куні кеше Отан соғысының отына шарпылып, Әмірбектің қамшысының астында қара жұмыстың қазанында қайнаған Аскар мен Жомарттың, жылқы бағып жүріп, Қытайға етіп кетіп, азапты жолдармен туған жерге қайтып оралған Акаштың бастарынан кешкендері жан-жүргінді елжіретер терең бір психологиялық сезімдерге бөлейді. Іс-әрекеті, өмірге көзқарасы, ой-сезімі, көңіл-күйлері әралуан адамдардың характерін жан-жақты ашып, біртұтас дүние сырын, қоғамдық қатынастардың тылсым табиғатын сезіндіреді. Көзін тырнақ ашпай жатып анасы баладан қайтыс бол, әкесі етінің тірлігінің арқасында колхозға тәраға, почтаға бастық бол жүргенде 1937 жылдың қанды қасабы аузына салып жібереді.. Өзін жар кемерінде тұрғандай, Алланың қарғыс атқан пендесіндей сезінсе де Аскар алдыға ұмтылады. Аш-жалаңаш жүріп, «арға тартпай-арман тұл, намыс қумай, мақсат тұл» деп, ел қатарлы өмір сүре білуге, жазықсыз құрбан болған әкесінің дүшпанданда кеткен кегін қайтару үшін бір күндік қынышылыққа қор болмай, өз еңбегін, талабын, мұқалмас қажыр-қайратынмен басқаларды сыйлай отырып, сыйлата білу қажеттігін көніліне бекем түйді. Өлгеннен кейін акталған әкесі Тұрысбек Сембиннің берілген досы, колхоз председателі Сапар, колхозшы Қалтай, мұғалімі Айша апай жауқазындағы қорған Аскарға пана болады, соғыстың ауыр жылдарында ауыр жұмыска жегіліп, бір жерін майып етіп алмасы үшін бақылап, қамқорлық жасап жүреді. «Халық жауының» баласына елжіреп, еміреніп жүрген Сапарды счетовод Әмірбек түндей қара ниетімен қара кебін жамылып тіміскі органдарға жеткізеді де, «түбі шикі» сенімсіз адам ретінде қызметінен құдырады. Зұлым мен сүмның, екіжүзділік, аярлық, жылпостиқтың айы оңынан туып тұрған уақыт емес пе, ізгі жүректі Сапардың, баласын соғыс жұтып, күйеуінен жастай айырылған Дәмеш ұстаздың шәкіртіне аяушылығы, аналық сезімі бастарына бұлт ойнатады. Ұстаз ана, әйел тәрбиелі болмай-ұлт тәрбиелі болмайды. Айша образының ұқтырары осы. «Құнге бет алған керуен» Әнуар Әлімжановтың өмірбаянына қатысты оқиғаларды нысана еткендей бол та көрінеді. Әнуардың бойындағы табандылық, өжеттік, алғырлық, досқа адал, дүшпанға кешірімді,

кеңіл, бірбеткейлігі, шапшаң ашуланып, тез райынан қайтатын аққөңілділігі, өзілкеш, аңғалдығы, туған жерге ыстық, перзенттік махаббаты, ададығы, алдыға қойған мақсатын орындамай жаны жай таппайтын мазасыздығы түтелдей Асқар Сембинге көшкен. Жазушы Ахат Жақсыбаевтың: «Әнекең кіслік мәдениеті жоғары, бігімі бөлек жан еді.. іш пікірін сездірмейтін, ой толғамы терең, істің адамы болатын», - десе білгендейтін айтқан. Әнекең қай қызметте жүрсе де халықтың қамын жеп, көптеген реформаларды жүзеге асырған, пенделік тоқсауылдармен құресе жүріп, ағаға іні, жасы кішігө қамқор болған, артына үмитылmas жақсы ісі мен енжарлықпен, сатқындықпен, үлтсыздықпен арпалысып өткен сөзі қалған азамат. Рухани перзенті Асқар Сембин де педучилишені, университетті үздік дипломмен бітіріп, қала мекемелері үсынған қызмет, аспирантураны қаламай, соғыстан кейін жүдеп-жадап, аш-арыктай қүйзелген аулы Қарлығаш, Ақтұмаға оралып, оның қеудесіне жан салып, көркейіп, гүлденуіне, аяғынан тік турып кетуіне мәндай терін төгіп, перзенттік борышын өтеді. Басқа жерде сұлтан болғанша, өз елінде үлтан бол дейтін ата-бабалар өсietіn бүлжытпай жүзеге асырады. Кешегі балаң шағында әкесіне, өзіне зұлымдық жасағандарға әкесінің кім екенін, онан шыққан өзінің де ададық пен ізгіліктен нәр алған қан тектілігін, өз басының тектілігін, ісімен, құлқымен әйгілеп, тар кезеңде зәбір көргендерге басын жанғырыққа төсей жүріп, адамгершілік жолынан айнымаған Сапар, Айша тәрізді иманнан жаралған халық өкілдерінің де тектілігін мойынданып, дәлелдеп, жүрек кірін жуды, көнілі жай тапты. Досы Жомарт та Асқармен құйысқан тістесе жүріп, ғылым биғіне өрмелей бастады. Арапамаған, тарихына шүқшимиған, Отырар тәрізді жер астында қалған қалалардың «ынырыған үнін», бүтінгіге қалдырған өсietіn кейінгіге жеткізуді армандаپ, құм астында қалған Сауран, Тараз, Яссы, Жем, Сығанак, Койлық, Отырар, өлі қала Фатехпурдың басына түнеп, қазақ-қалмақ соғысының жанкешті батырларының есімін анықтау үшін халқының өшкенін жандыруға жаны құштар досы Асқармен екеуі окушыларды бастап келіп, қарасұңқар көпірінің маңында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр. Асқар мен Жомарттың образын толықтырып, көгілдір таулардың көсегесін көгереттін ірі мінездің адамы – Анаш. Бұл да – Қарлығаштың тулагі. Фашистік Германия салған лаң майдан даласынан тыс жатқан қазақ ауылын да дүрліктірді. Бесіктен белі енді шыққан ойын балалары әке-ағалары соғысқа кеткендіктен, жоқ жұмыс күшінің орнын осылар толтыруға, нардың жүгін ботаға артуға тұра келді. Анаш жылқышы шалға көмекші бол жүріп, дауылда ыққан қылқұйрықтар сонынан кеткен Хамза қарияны іздең, адасып, шекарадан асып кеткенін байқамайды. Аттан жығылып, есі ауып жатқанда Башбай байдың жалғыз көзді жалшысы Жаппас қария үйіне әкеп емдеп, бағып, аяғына мінгізеді. Анаш бірер жыл Жаппас атасының қойын бағысып, немересі Ақжүністі окуға баулиды. Сөті түсіп Қытай мен Кеңес өкіметінің арақатынасы жолға қойылғанда Харгос-Жаркент арқылы Қарлығашына аман-сау жетеді. Онсыз да көзі ашық, көкірегі ояу жасөспірім көгілдір таулардың аржағындағы қандастарының тағдырын көзімен көріп, оларды туған жерінен кетуге мәжбүрлелеген большевиктік геноцид лаңының салдарына қүйзеледі. Бұрын қазақтар қоныстанған көгілдір таулар шекара сзызығы тартылғанда шуршіттердің еншісіне тиіп, енді соры бес елі қуғын көрген бауырларымыз аяқты малға жайылым таппай шаруасы керікетіп, топтасып, қалың қытайға сес көрсете бастайды. Анаш көтеріле бастаған қандастарымызды қалың жауға бастаған Мұқан батыр жайлы аңыздарды құлағына құйып, оның анархист, бұлжіш, тонаушы атанып Үрімшіде дарға асылғанына қабырғасы қайысқан. Ақылға сыйтын, іске асатын адами арманدار болады ғой. Мұқан құмымрскадай

қаптаған Қытайға қарсы тұрып, қайрат көрсетудің ақылға сыймайтынын ескермей, ақкөз батырлыққа жендірген. Бірақ, бұға берсөн, сұға беретін империялық өктемдік өліспей беріспеуге мәжбүрлекенің де түсінеміз. Анаш туған жерден қол үзіп, енді қайтып оралудың амалын сарықкан бейбақ бауырларына бүйрегі бұрып, елге аман табаны тигеніне қуанғанымен, шекара сызығының ар жағындағы қандастарының қасіретінен қайғы шапанын жамылып оралады. Иә, «бармақтай бақты басып отыру үшін батпандай күйрық керек» (Қадыр Мырза Әлі). Малдан, бардан айырылсаң да, туған жерден, Отанынан айырылмау қажеттігін шет елге қақбақтай ауып кеткендердің «зар-зары» етіңнен өтіп, сүйегіне жеткенде аңғарады екенсің. Жасөспірім Анаш көгілдір таулардың аржағынан «толысып», «пісіп» оралды. Оқуын жалғастырып, институт бітіріп, енді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. Асқардың да, Жомарттың да алдына қойған ірі ғылыми жоспарларын қолдап, самған ұшына шарапаты мол тиіп жүр. Шолак белсенді емес, бейқам жүректі оятатын «Герценнің қоқырауы», досты жаулықтан қорғайтын-ок өтпес сауыт. Мәселен, ел басына күн туған қаралы шакта есепші Әмірбек қуаяқ колхоз председателі Асқардың әкесін «халық жауы» деп ұстатып, Сапардың орнына колхоз басқармасы, сосын аудандық тұтынушылар қоғамының төрағасы бол, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс «дәуірлеп» тұрды, арызқойлығы, терісазулығы біраз шалқытты. Заман түзеле келе арамзаның былғанышты істері әшкереленіп, арам кенірдектен өткен ақмайды құса бастайды. Жеп үйренген ауыз әдетін қойсын ба, енді момын жүрт арасына қат нәрселерді он еселенген бағасына өткізп, елді ығыр ете бастайды. Қорқаулыққа ара түскен Асқардың көзін жоюдан да тартынбайды. Ақыры, Ақаштың қырағылығы Асқарды өлім тырнағынан құтқарып, мың асқанға бір тоқсан, талайдың көз жасына қалып, талайдың қолына жазықсыз кісен салдырған, талайды қызметінен күдірып, бағын күндең, жазықсыз кудаланғандардың отбасын ойрандал, балаларының жолын кескен, сырмінездердің көзін жоюға қапыдан соққан көкжал арлан - Әмірбектің «апанын тауып», аяғына тұсау, қолына кісен салған да – сол Анаш Асылы, тау баласы тауға қарап өседі. Мінезі де тауға, арман – аңсары да тауға, көркі де, бітімі де тауға үқсайтынына ешкім күмәнданбайды.

«Құнге бет алған керуен», «Көгілдір таулар», «Отырардан жеткен сый», «Қарасұнқар көпір» повесть-тетрологиясына ортақ кейіпкерлердің бірі Анаш, сыры да, жыры да бір, достары өлім аузынан қалған Асқарды ортаға ала отырып: «Қысқасы, біздің бәріміз біріміз үшін де, біріміз бәріміз үшін де күресеміз. Жақсылық пен күн нұры үшін күресеміз. Біздің бәріміз де өзіміздің аяқ тірер нүктемізді осы таластағы өз орнымызды іздейміз», - деп жана бір ірі тірлікті бастауға серт байласады. Көгілдір таулардың келісті жігітері мен көрікті, ақылды, махаббатқа тұрлаулы қыздары әлеуметтік енжарлық, рухани дәрменсіздік сездірмей, повестен повеске өсіп, «Қарасұнқар көпірінде» жігіт ағасына, бала әлдилеп, самиян сахараның қоңыр үзік аулына ажар берген келін, ырысы мен ынтымағын жарастырған әйел-анаға айналады. Повестердегі әр оқиға, детальдарда нақтылық та, шарттылық та жетіп артылады, әр характердің сомдалуында көркемдік дәлелінің мейітінше табиғилығы, дәлдігімен көкірегіне үялайды. Әсіресе, «Отырардан жеткен сый» повесінде Жомарт алпауыт мемлекеттерде алпауыттар отбасында тәрбиеленген жастар өркөкірек бол келіп, дүниеге менмендікпен үңіліп, менсінбей, астамшылықпен қарайтынын азаматтық жүрекпен айыптаі отырып, ашы өмір шындығы жайында, оның неге ашы болатындығының саяси, әлеуметтік, экономикалық,

философиялық негіздерін тарқата толғанады. Сол толғанысы, дүниеге қоңыр шынылы көзілдірікпен қарайтын ағылшын қызы Ненсидің ақыл-ойын қатты шиширықтыра жаңаша пайымдай бітүе көзін ашады. Өз Отандастарының әлжуаз елдерге тәбесінен қарайтын, қайғы-қасіретін қалың қүйде ұстаудың кіріптар ете түсегінін қалайтын рахымсыз қылықтары тісін қайрататын дәрежеге көтеріледі қыз. Фылымға оғаш қылық, үстірт түсінік жат, жиреніштің өзі неге жиренішті болуының себебін терең қаза зерттеп білмеу біржақты тұжырым жасаттырады. Көпті көріп, көп оқу, көп өсіп, көп өзгеру, демек, өсу, есею логикасы кесек әрекеттерімен көрінетін тұлға ғана ел қамын жеп, басқаның қасіретін айтқызбай үғады, қамқор қолын ұсынатын емін іздейді.

Әнуардың жақын, сырлас достарының бірі жазушы А.Жақсыбаев: «Журналистика – қызмет. Күн көріс – кәсіп. Осы салада біраз қызмет еттім. Көріндім. Таныдым. Өстім. Ал жазу, жазу - жаныма жақын. Демім таусылғанша, қаламымды тоқтата қоймаспын», - деп имандай шынының тізгінін ұстатады. Әнуар очерк, публицистік мақала, эссе, повестер жазды. Осы сатылардан өте келе халық тарихын қатпар-қатпарымен қопарып, он бір ғасырға тіл бітіреді. Романның көп қолданылатын үш түрі: эпикалық, драмалық, лирикалық түрлері бар. Әнуар осыған публицистикалық-көркем романды әкең қосты. «Махамбеттің жебесі», «Жаушы», «Ұстаздың оралуы», «Адамдардың соқпағы» атты эпикалық туындыларына эпика да, драма да, лирика да тән. Публицистика олардан басымырақ жатады. Тағдырға тәбділ жок. Тағдырға дәм-тұзы телінбейтін өзекті жан баласы және жок. Шығарма тағдырын талант шешеді, талант жетпесе оны жеткізетін құдіретті ешкім білмейді. Оның романдары аумалы-төкпелі, ауыспалы шақтың, адам мен қоғам арасындағы әбден шиелінісіп барып әрең шешілтетін қат-қабат курес-тартыстарды құллі құнгей-көленкесі, шатқалаңы еңісі мен қиясы, ойы мен қыры, тұңғиғы мен иірімі, бұлты мен жарығы қос қыртыстанып келетін, шынайы шындықтың шенберінен ауытқымайды. Демек, Әнуар да Ахат айтпақшы, көркем туынды жазуды ақырғы демі таусылғанша тоқтатпағанына адам да, Алла да куә.

«Өмір – кітапқа сыймайды» (М.Горький). Өмірдің құлы, ақыл-ойдың төрешісі, көптеген ғылымның негізін салған, ғажайып музықант, әрі елші, математик, әрі сұшы мұрап, ақын, арманы жұмыр жерді алты орауға жететін IX-X ғасырларда ғұмыр кешкен бабамыз Әбу Нәсір Мұхамед ибн Тархани ибн Узлачи әл-Фараби ат-Түрки жайлы XX ғасырдың алпысынышы жылдарына дейін құлағымыз жабық келді. Топырағы торқа, жаны жәннattta болғыр марқұм ағамыз әл-Машани, А.Көбеев, А.Джалил мың жылдардың арғы жағында, ғұмыр кешкен бабамызды табыстырып, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандырды. Қазақ тек төрт түлік малдың соңында салпақтап күн кешкен жабайы, айранын ұрттап, қойын құрттаған, қонарын сай, ұшарын жел білген патуасыз жүрт емес, ортасынан ғылым қуып, кітап жазған, өнерімен жарты әлемді таңдандырған бітімі бөлек, әлемдік тұлғаны тудырған халық екенін ғылыми түрғыда анықтап, осыған дейін орныққан жабы көңіл, жадау бояуды жоққа шығарды. Әнуар Әлімжанов болса, құллі Азия, Африка континентін шарқ үра кезіп, ұлы бабасы жайлы сыйбысты құлағына құйып, оның табаны тиген өнірлердің кітапханасы мен архивінен сарыла дерек іздел, табанды зерттеу жүргізді. Сол ұзақ ізденіс «Ұстаздың оралуы» романы боп дүниеге келді. Өмірі адамдық, пәктік жолы саналатын әл-Фараби Отырар қаласында туып, білім алып, болашақтан күткені өлшеусіз еді. Алайда Тархан әкесі жауларының қолынан қазақ табуы, шешесінен де жастай айырылуы әл-Фарабиды тұған елін тастап, Отанынан тыс жерлерде

өмір сүрге мәжбүрлеген. «Жазушының азamatтық тірегі - деп жазады көрнекті сыншы З. Серіккалиев, - көтеріп отырған проблемасы мен мәселенің қойылышынан, жалпы авторының мәдениеті мен интеллект, білім-парасатынан танылады». Әнуардың интеллектісі мен мәдениеті, білім-парасаты тақырыбын терең игеруге мүмкіндік жасады. Ол Азия, Африка тарихына қатысты мәліметтерді жинай отырып, негізінен әл-Фарабидың жастық шағынан өлгенге дейінгі өмірі жайлы мәліметтерге баса назар аударған. Соларды қорытып, зерттеп, тарихты да, қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұғырын, ділі мен дінін, ғылымы мен өнерін, мәдени-рухани, саяси хал-ахуалын жан-жақты қамтып көркем-публицистикалық роман жазған. Кезінде Л. Толстойға замандастары орыс еліне бұрын-соңды болмаған ірі өзгерістер өкеліп, қуатты империяға айналдырған ұлы реформатор I Петр жайлы романға кірісуді өтінген ғой. Сонда ұлы суреткер заманы бимәлім, қашықтау кезеңді жазудан сескенетін айтып, бас тартқан. Ал Әнуар XX ғасырда өмір сүре отырып, IX, X ғасырларда өз туған жерінде емес, араб елдерінде күн кешіп, бақылық болған әл-Фараби өмірін романға аркан етуден бас тартпаған. Қалам ұстағандар атын шығаратын, қаны жерге тимейтін тақырыпта бағын сынауды неге жек көрсін? Алайда, «Правда», «Литературная газета» тілшісі боп, әлемді еркін аралауға мүмкіндік жасалған Әнуар Әлімжанов, араб дүниесі, Индия, Египетке сапарларында IX-X ғасырда өмір сүрген, туған жерінен қуылып, жат жерде астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия-риторика, философия ғылымдары саласында 50-ден астам енбек қалдырған энциклопедист ғалым - Әбу Насыр әл-Фараби бабасының жүрген жолымен сан мәрте арнайы сапар шегіп, даусыз талант, дана білік, асқан кіслік біткен Әнуар, сексен жыл жасағанымен көзсіз фанатизмге ғылыми ақиқатты қарсы қойған, ғұламалылығы үшін туған жері - Отырарына 80 күн тұрақтап тұрғызбай, жат елде өмірін өксітіп өткізуге мәжбүр еткен Аристотельден кейінгі екінші ұстаз жайлы аста-төк материал жинайды. Онысы роман-шежіре боп жүрттың қолына тиді. Әрине, бұл ғылыми зерттеу енбек емес, көркемделген деректі шындық. Ол оқушыларына қызығылты бол, емірендіріп, толғандыруы, таңдандыруы үшін ақылға сыйымды қиял элементтері де орынды пайдаланылған. Әйтпесе, XX ғасырдың жазушысы IX-X ғасырларда өткен, жігі кіріп, кеткен жұмбақ оқиғаларды қайдан біледі қалай кестелеп, кейіпкерлердің образын жасайды. Алайда, Әнуар әл-Фараби жүрген ізімен жүріп, кітапхана, архивтерді актарып, сол заман ғұламалары төнғергінде жазылған сирек әдебиеттерді табандылықпен таптырып алып, оқытып, шындықтан алшақ кетпейтін танымдық, біліктілігі басым бағалы дүниені халқына ұсынады. «Ұстаздың оралуында» Әнуар, ең бірінші, әл-Фарабидің туған жері Отырардан кетуінің себеп-салдарын ашып беруге тырысқан. Екіншіден, IX-X ғасырлардағы араб елдері мен араб қылышы бағындырған жерлерде ислам дінін халыққа жаппай мойындану науқанына кірікен халифтар, қала әмірлері кундіз күлкіден, тұнде үйқыдан қағылды, бағынбағандарды естіп көрмеген қатал жазалау мен өлім жазасы күтіп тұрғанын жазушы бұлтартпас фактілер негізінде кестелеген. Мәселен, Нәсір ибн Ахмед пен баласы Нұх ибн Нәсір бар имам, әскер басылары, уәзір, әскери бас қолбасшыларды жасырып шақырып алып, сипехсалдар өз ішіндегі күдіктілерін қырып салады. Таққа отыру кеудесін ақбас құрттай мұжіген Нұх көп кешкіп өзін таққа отырғызған әкесі Нәсірді де бұғаулатып, зынданға тастатады. Биік билікке қол жеткізу ниетін бұзған мұрагерлер осылайша туған іні, бауыр тұрмак әкесін де құрбан етуден беттері бұлк етпепті. Үшіншіден, Халиф әл-Мұхтадир, Нәсір ибн Ахмед, Нұх ибн Нәсір кармадтар, «абзал бауырлар мен әділет достарын» жою үшін бар

күштерін жұмылдырады. Оларға ғылым да, кітап та қажет емес, тақ пен билікке, ұмтылғандар саясатын жүзеге асытарын қара құшке табынған, тіпті олар оны ислам дінін қарсылықсыз қабылдауға апарар төте жол санағанын Әнуар қынжыла бейнелейді. Төртіншіден, араб елдеріндегі әміршілері, ислам дінін таратушылар діннің тек сыртқы жағын қабылдап, имандылық, ізгілік, тазалыққа үндейтін, ішкі мазмұнын, негізгісін ескермей, бір-ақ леппен, мақсатына жетпек бол, өліммен қорқытып, халықтың наразылығы өршітіп алғаны романда сенімді байыпталған. Әлбетте, ораза, намаз, ән мен би, білім, өнер тоқтықтаған бойға сіңіп, жүрекке даритынынын орта ғасырдағы дүмшесі халифтар мен әмірлер түсінігісі келмеген. Діннің ордасы саналған Иракта құлдар көтерілісі өрттей шарпып, «перделі батыр» Әли ибн Мұхамед әл-Баркауи қара халыққа бостандық, тенденциялық әперауді халиф, әмір, ірі дін басыларының иелігіндегі жерден қарапайым жүртқа да нәфаха бөлуді талап етіп, атқа мінді. Елге тыныштық керек, дін-рухани идеология ретінде жүрттың жүргегіне өздігінен сіңіп, халық екіге жарылмай, азамат соғысын басқа тілеп алмаудан сақтансып, Бағдад халифымен бірге Әбу Нәсір әл-Фарабидің әл-Баркауиге қарсы соғыска қатысып, ірі табысқа жетуіне себепкер болғаны нақақ қан төгуден безіп, ізгілік туын көтеруінен. Бесіншіден, автор әл-Фараби қызметті халифке жағыну, әмірші Сарайында лауазымымен шалқып өмір сүруді аңсамағанын, ал жырынды халиф, әмірлер асқан білімпаз Әбу-Нәсірді халық жақсы көретінін ескеріп, оның беделін дінді уағыздау ісінде тиімді пайдаланып қалуды үнемі естен шығармағанын сәтті штрихтармен аңғартып отырады. Алтыншыдан, Әнуар әл-Фарабидің араб, Египет, Үнді, Орта Азия елдеріндегі екінші Аристотель ретінде танылуының себебін барынша ылжадағаттап беруге күш салған. Ол «Діннің жалғандығын сипаттау» атты еңбектің авторы ұлы философ Әбу Бәкірдің, Аристотель, Птоломей, Евклид, Мұхаммед Хорезми, Аббас әл-Жаунари, Сократ, Платон, Гераклит, Гиппократтардың еңбектерін кезіп жүріп оқып, солардың негізінде жаңалық ашуға, олардың ғылымын халыққа насиҳаттауға ғұмырын сарыққанын жазушы емірене отырып мүсіндеген. Жетіншіден, осы романнан біз белгілі бір трактат жазуда қалай ізденудің үлгісін әл-Фараби бабамыздан үйренеміз. «Ізгілік қаласы туралы трактатын» жазу барысында ол Хаммурапи зандарының әрбір бабын безбендеп, оның жетіспейтін жақтарын толықтырып, жетілдіру барысында Аристотель, Платон, әл-Кинди, Әбу Бәкір шығармаларын қайта қарастырып, олардан аса құнды пікірлер тауып дамытқан. Бір қызығы, кейіннен жазылған Ж.Баласағұнның «Құтты білігінде» ұлы ұстазынан үйренгенін аңғару қынға соқпайды. Бабамыз «Ізгілік қаласы туралы трактатына» материал іздең, жер бетіндегі ең үздік ізгі қалалар саналатын Вавилон, Рим, Тудмор, Африка, Карфаген, Ниневин және басқа да мемлекет-қалалардың қоғамдық тұрмыс-тәртіplerін мұқият саралап, қорытып, ғылыми тұжырым жасаған. Қала тек сәулетті, ірі құрылышы, тұрмысымен ізгі бола алмайды, бастысы, оны ізгі жасайтын патшасы, уәзірі, әкімдері, азаматтары екенін ескеріп, олардың әрқайсысының міндеттері, ұстанымы, мінез-құлқы, сыртқы, ішкі саясаты, басқа елдермен қарым-қатынасы т.б. мәселелері төннегінде бимәлім жайларды анықтап, тәртіп-зандаулықтарының жүйесін жасады, философиялық формула тұзды. Кейіннен Кампанелла өзінің атақты «Құн қаласында» ұлы ойшыл бабамыздың идеясын құрандай қабылдағанына айызын қанады. Ғылым өткеннің өшпес іздерін тірілтумен үшпаққа жететінін ескермей болмайды. Сегізіншіден, ақылдың кені, көненің көзі, тәлім-тәрбиесіне кейінгілер зәру бабамыздың осыншама алып бола тұрып өз өмірін тәтті де, армансыз етуге ынтықпауының себептеріне де Ә.Әлімжанов көзімізді жеткізеді. Өзінің

сыршыл, нәзік, адал досы, бұған үнемі жасырын келіп, сағаттар бойы баяу салған өндерін, алыс елдер туралы жұмбақты әңгімелерін тыңдайтын кедей қызы Әнидамен қоштасамын, оған деген үздікken сезім қылын үземін деп үш үйіктаса түсініне кіріп пе? Әкесін өлтірген дүшпандары соғыс ісіне жетік, айқасуға кез-келген сәті түскен шақта өзір бозбаладан құтылудың қаскөй, қанды жолдарын іздестіріп бастары қатты. Әке-балаға сынышы. Әбу Нәсірді әкесі – Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ ат-Түркі түбі Отырадың әмірі, уәзір, тіпті болмағанда, әскерге басқолбасшылыққа алқынбай қолы жетеді деп ойлайды. Мүмкін жаратушы ерте алып кетпегендеге, ол ұлын өлгі арманының асуынан өткізуге бар күшін салары талассыз еді. Бірақ әке байқұс үлкен билікке күш қана жеткізеді, жарты әлемді құшағына икемдеген ислам дінінің қағидалары – қасиетті Құранды ұлы жатқа білсе, қай тарапқа да оған жол ашық деп үқты. Әбу Нәсірді жастай әскер өнеріне баулып, құранды қолдан тастаптай, Аллаға ессіз құлшылық етуге мәжбүрледі. Әке талабын мұлтіксіз орындаған перзенті ер жігітке қатысты өнердің бәрін игерді. Ән де айтты, өлең де жазды, күй де тартты, етік тігуді, қамшы өруді, ат әбзелдерін жасауды да бір кісідей менгерді. Әйтсе де Отырадың бай кітапханасы оны пенделік есептен айнытып, екінің біріне қонбайтын бақ- ғылым қоныр иіріміне үйіріп ала жөнелді.. «Бір ғылымнан басқаның, кеселі көп асқанға» (Абай) екенін Әбу Нәсір әкесінің трагедиялы тағдырын ақыл таразысына тарта келе мойыннады. Ол бар ғұмырын, қайратқажырын, байлығын білім алуға, адамға қажетті ғылым салаларын менгеруге жұмсал, қасық қаны қалғанша ұстанған жолына адал болуға тырысты, оғаш қылық, рабайсыз іс-әрекеттерден, нәпсінің құлы болудан сақтанды, адам болмысы мен санасына, психологиялық қалпына, бүкіл көзқарасы мен салт-санасына, алдағы қойған мақсатына орай осындаи бүлжымас қатал талап қойып, сонымен өмір сүрді. Әниданың да, кейін Банудың да өзін құлай сүйген асыл сезімдерін құрметтеп, қасиеттеп іштей азапқа түскенімен, ислам фанатизмі дәуірлеп түрған шақта, әр ізі андулы, кісені тосулы, дар жібі салбырап түрған Әбу Нәсір қарадан шыққанымен ханышаға бергісіз аруларды өзі шегер тозақ азаптарына ортақтастырмай, Алла берген ғұмырын мамыражай өткізіп, пенделік бақыттың қайсысынан да қағажу көрмеуін қалады. Бірақ махабbat қасіретін аямай тартты. Әнидасын надандық жайлаған Отырадан үш рет іздең кеп, сүймеген адамына сатылып кеткенін естіп еніресе, өзінен бала көрген аяулы Бануды түсінде құшып-сүйіп, өнінде өзіне құштеп тоқтау салғанмен, өлімге бас тіккен әр кездесуден кейін шікі әлемін қорқау қасқырлар паршалап, жанын көзіне көрсететін жан азабын Әнуар барынша өзі де шеге, көз жасын төгіп, оқырманын да егілдіре бейнелейді. Ұлының махаббаты да ұлы болатынына риясыз сенесіз. «Үстаздың оралуы» романында жазушы ғылыммен арпалысқан орта ғасырлық фанатизм қыспағында, зұлымдық қүш апогейіне жеткен заманның найзасының ұшында, қылышының астында жүріп көздеген мақсатын мұратына жеткізген ұлы бабамыз, қыпшақ Әбу Нәсір әл-Фарабидің жарқын образын жасап, құлақ естіп, көз көрмеген он ғасырдың арғы жағындағы өмірге жетелеп әкеп, жұмбақ әлемнің шытырманына шым батырады.

Тарих – фон емес, шығарманың өзегі, алтын арқауы, желісі, сюжеті 1723 жылғы «Ақтабан шұбырындыдан» кейін қытай тарихшылары дүниеде ендігі жерде қазақ елінің жоқ екенін, қазактар енді қайтып өздерінің елдігін, жерін қорғауға дәрменсіз екенін жария етуге асықты. Бәлкім, өзінің зенбіректері мен швед құйған мортирлердің күшімен қылыш, найза шоқпармен қаруланған бейғам қазактарды еріксіз жан сақтауға мәжбүрлекен

жағдайды жеңісі санап, айтақтап қосқан төбеті жергілікті тұрғындарды ата қонысынан түре қып шыққан жерлерін алдын-ала бөлісіп, картаға түсіруі осы кезде басталған тәрізді «Қай жазушыны алсақ та, ол белгілі бір дәуірдің төлі» (М.Қаратаев). 1731 жылы 10 октябрьде Қазақстан Россияға «өз еркімен қосылды», 1981 жылы 10 октябрьде сол келісімге 250 жыл толды. Кеңес империясы орыстардың «әкеleк қамқорлығының» арқасында жерін, елдігін сақтап қалған байқұс қазактарға мың-сан алғысын көз жасын төге отырып мойындану, әлемге өздерінің акпейіл, нағыз демократияшыл, кенқолтық, дарқан халық екендігін насиҳаттату үшін осы күнді атап өтуге қызу дайындыққа ерте бастан өзірленді. Сол «дәуірдің төлі», ұлтжанды Әнуар Әлімжанов қытай тарихшыларының Жонғар шапқыншылығынан кейін елі қырылып, жері жаулаушылардың қолында кеткенін асыра айтқанын, Қазақстан Россияға сыртқы дүшпандардың қоқан-лоқысынан корқып, өз еркімен отарына айналмағанын, ежелден іргесі ажырамаған, ауыстүйісі, келім-кетімі ешбір дау-дамайсыз жүріп жататын іргелі елге бодан болғанын тарихи фактілерді кеңінен қамтып, «Жауыш» көркем-публицистикалық романын жазып шықты. 1723 жылы «актабан шұбырындыда» қазактар Алтай, Тентек, Ақсу жағалауы мен Алтын көл, Зайсан, Аққүйғаш (Балқаш), Шарын алқабын тастан, Түркістан, Кіші жүз мекендереген аймакқа, Тұран ойпатына (Сарыарқа) ауа көшті. Әрине, қалмақ қонтайшысы Цеван Рабдан, оның Галдан Церен, Шона Даба есімді ұлдары бастаған 100 мыннан астам ауыр қолы дүлей селдей Жетісу өлкесін шайып өтті. Бірақ, Малайсары, Жанатай бастаған халық кекшілдері санының аздығынан партизандық жорық үйымдастырып, жаудың діңкесін құртты. Олар Ескендір Зұлқарнайдың Қазақ даласына жасамақ қанды айқасының алдын алып, құм ішіне алдағап апарып, қырып салдыратын қыпшақ Спитаман жанкештігे үқсас-ты. Айталық, қанға бөктірілген жергілікті халықтың бар байлығын тонап, ырғалып-жырғалып бара жатқан ұланғайыр керуенге шапқан Жантайдың жүздігі Шона Добаның 1000 жауынгерін қырып салып, ерлік эпопеясын қылышпен жазған. Демек, күллі қазақ сахараасының тұла бойында қалмақтарға қарсы ұлы тойтарыс берудің бар амалы қарастырылып жатты. Орта жүз ханы Сәмеке, Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Ұлы жүз ханы Болаттар үйымдастыра алмай жатқан жауға қарсы соғысты Ұлы Далада Малайсары, Санырақ, Тайлақ, Бөгембай, Қабанбай, Жанатай, Томан т.б. батырлардың арқасында қалмақтар оқ-дәрі, зенбірек, мылтықпен қаруланса да Қарасыр, Бұланты, Бөленті бойында кіммен жауласып, жағасынан ұстағанын сезініп, бойларына үрей ендей бастады. Жау басымдығы байқалған ауыр күндерде қазақ рулары мен жүздері: «Бүгінде бізге үкімді бай мен сұлтан айтпайды, халық айтады! Женсек – қадірлейді, өлсек – жоқтайды. Бүгінде өз арымыз - өзімізге қазы, ал жауымыз-жалғыз!..» дегенге жетіп, мал да, жан да туған жерді зұлым жаудан тазартуға бағышталып, темірдей тәртіп орнап, жіксіз бірлік қалыптасты. Әнуар Әлімжанов «Жауыш» романында Қытай бөгдыханы 50000 өскер, Цеван Рабданның 100000 қолы, ал орыс империясы қазактарды жер бетінен жоюды қолдап не бергені бір Аллаға аян, соншама қара құрттай қаптаған жойқын күшке ондай бірліксіз төтеп бере алмасын осы тақырыпқа «Үркөр», «Елең-алан» дилогиясын жазған үлкен жазушымыз Ә.Кекілбаев: «Құдай қарасқанда, ол кездің өзінде де қазақ даласында ақылдылар аз болмапты. Ақылды батыр да, ақылды бай да, ақылды хан да, төре де табылыпты. Сондықтан олардың біреуін қиқы, біреуін жиқы санамағмыз баяғыдағы бабаларымызға обал болумен қоса, біздің қазіргі бірлігімізге де қиянат», - деп кейбір сыңар езулер білгішсініп қазақ –қалмақ соғысы кезінде ынтымақ-бірлік болмай, аққу-

кекке, шортан-суға, шаян жағаға тартқан алтыбақан алауыздық орын алды деген жалған нүктө қояды.

Ынтымақ, бірлік жарасқан жерде рухани максимализм қоғамдық өмірде адам сенгісіз кереметтерді жүзеге асырады. Ә.Әлімжановтың «Жаушы» романындағы танымдық мәні бар ірі жаңалығы - осы ауызбірліктің үйіткиси кімдер деген сұраққа жауап іздейді. Олар, әрине, үш жүздің тізгінін қолына ұстаған рухани көсемдері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би. Ханды жүре тыңдайтын жұрт бұларға неге бас иеді дегенге Әнуар: «...бір ғана табынар тәнірі - әділет. Бұлардың қазылышы алдында бай да бір, кедей де бір, хан мен қойшы да бір. Бұлардың сатылmas ары дала шонжарларын ықтырып, ақыл-ой иелерін өздеріне табындыратын, бүкіл халықтың шексіз сүйіспеншілгіне бөлөнетін», - деп түйіндеген. Өркениетті ел саналмасақ та алып даланың қожасы қазактарда «халық демократиясы» ықылым заманнан тұрмысына берік сіңгенін анғартатын факторлар жеткілікті. Иә, басынан не бір қиямет – қайым өтсе де тектілігінен жаңылмаған, өзгенің барына ынтырып сабылмаған, аталы сөзге тоқтай білетін қазақ қана. Айталық, Қаз дауысты Қазыбек би: «Мынау Алла жаратқан көк аспанның астында өзгермейтін дүние жоқ. Тек өзінің ар-намысын сақтаған адам ғана адам сипатында, ал халық болса халық сипатында қала алады», - деп еді қаумалаған қалың жұрттың басы қоғадай жапырылды. Әйтеке би төнірегін қырандай шолып барып: «...бүкіл сарбаздарды хандардың ішіндегі ең жасы, ержүрек Әбілқайыр бастайды! Бізде хан бас болу керек деген – ежелден келе жатқан дәстүр», - деп санқ еткенде жұрт ризалықпен еңсесін басқан ойдан серпіліп, емендей кеуделерін тіктейді. Әйткені, күллі қазақтың ар-намысын арқалаған абыз Әйтеке би төнірегінде жер төнірісіне үқсап шалжиып отырған Сәмекені, Тәуkenің кіндігінен жарылған Болат бозымбайды, Әбілмәмбетті, Барақ, Болаттарды көрмей отырған жоқ. Ордабасындағы ордалы жиындағы ордалы ойлар түйіндескен ортақ арманның түйінін шешер құлашы кең, ойы терең, жауынгерлігі жұртты үйітқан, стратег Әбілқайырды таныған сұңғылалығына риза боласын. Сұңғылалығын, көреген қолбасшылығын Аңырақайдағы шешуші соғысты үйымдастыруынан көреміз. Асылы, қазақтар кеудесі аспан құшқан қалмақтарды аңырата табанға таптап, жүндей түтуде оның үлесі аз емес шығар. Бір қынжыларлығы, бір кезде Әбілқайырдың қазақ халқына деген адаптацияның көзқарасына, дипломатиялық алғырлығына күмән келтіретін шолақ ойлылық, тар өрістілік белен алды. Мемлекет басқару кеменгерлер, тұңғиық саясаткердің иығына шақ. Ол кеменің ролінде отырған тенізшідей су астындағы қауіп-кедергілерді жілі бақыламаса апатқа ұшыратпак. Әбілқайыр хан да халқының сол сәттегі хал-ахуалын салқын ақылмен бақылап, арандап қалмаудың амалымен кейінгі үрпактың қарғысына қалмаудың қамын жеді. Әнуар Әлімжанов Әбілқайыр үлттық тарихымыздың ірі тұлғасы, көреген ел басшысы ретінде халқын мулдем құртып алмай, біраз уақыт басқалардың мазаламауынан сақтайдын мықты көршінің боданында болып, аяқ-қолды еркін жайып, өсіп-өніп, ескі жарақатты жазып, еңсені тіктеп, «акыра тендік сұрай алатын» күнге кіріптарлық қамытын киіп жүргенмен, аман-есен жетуді аңсады. Алмас қылыш қап түбінде жатпайды. Даңғойлықты даналыққа жендерғен Әбілқайыр сол кездегі нақты тарихи мүмкіндіктер мен әлемдік даму тенденциясы заңдылықтарын жете ескеріп барып, бодандыққа тәуекел еткенін үлкен жазушымыз Ә.Кекілбаев: «Ол өз деңгейлесіне есе жібермеу өзінен күштінің аузына өзің жүгірмеу, ашуына тимеу, ақысын аңдып, ес жиып алу. Сол арқылы Шығыста жонғар,

Күнгейде ауған, иран, батыста қалмақ экспансионизміне тойтарыс берілді. Шығыс шекараға 180000 әскер төккен, батыс шекарада 80000 әскер төккен Цин, Ресей экспансионизмімен біраз уақыт аныс аңдай тұруға тұра келді», - деп білімпаздығымен кеудемсоқтықпен айтылып жүрген желбаз пікірлерге қарсы төбе шашың тік тұрып, иманың қасым болатын фактілер келтіріп, сабырлыққа шақырады. Қалмақтарды туған жерден саяси жағдай көмектесіп, зорға күшп шығып, тұралаған, аш-жалаңаш, қару-жарағы ескі саны құрт түсіп кеткен халықты жалаңтес ұранмен тік көтеріп жалаңып тұрған айдаңар мен арыстанның аузына салып жіберудің арты неге соқтыратынын ойлаудың өзі дененді түркіштіреді емес пе?!

«Жауыш» романында Әнуар осы тақырыпқа жазылған шығармаларында қазақ қаламгерлері бара бермеген объективті шындықты аттап өтпейді. Ержүрек, жауынгер, құрескер, көріштеріне құшағы ашық, қоқан-лоқысы жоқ аққөніл, кенқолтық, дархан халықтың достары да көп болмақ. Оның басына іс түскенде солар бұғып қалмақ емес. Шешуші Аңырақай айқасында қазақтардың қатарында түркімен, өзбек, карақалпак, тәжік жүздіктері жан алып, жан беріскең қайрат көрсетіп, орыс Егорка, башқұрт батыры Хайдар болатшы руынан шыққан, Манай қарттың жалғыз ұлы Кенже батырмен бірге жауышлыққа бірге барып, шайқастарда өлермен жаулаушылардың арасына жарып кіріп, тенденсіз ерлік жасап, достықтары шындала түскенін жазушы сүйсіне бейнелейді. Кейіннен ел билігін ұстаған кеменгер билер, күшке де парасатқа да кемел батырлар, «ержүрек» Әбілқайыр сардардың шешімімен Қоштай баласы Құттымбек және Қандағұл баласы Сейтқали халық аманатын арқалап елшілікке орыс империясына жіберілгенде қатері көп жолда корғап баруға Кенже батыр, орыс Егорка, башқұрт Хайдар аттанады. Олар ел сеніміне қылау түсірмейді. Бір-біріне «бауырым» деп үздіге үн қатқанда, Сіз де елжіреп, жанарыныз дымдана бастайды. Қазакта «Ораздының көрісі қартайғанда қазына болады, Шиырлының көрісі қартайғанда қазымыр болады» деген аталы сөз бар. «Жауышда» сондай «қартайғанда қазына болған», жайшылықта руының ақылшысы, ел басына құн туғанда халықтың қамын жеген өзі батыр, өзі дана Манай және Орақбай қарияның пифылы, құлқы, қайсар, қырағылығы, іске де сөзге де алмас қылыштай қылпып тұрған бітімі қайран қалдырады. Құдай берген бес баласының төртеуі жауыз қалмақтармен соғыста мерт болып, соңғы ұлы Кенжесін бауырына басып қалған Манай карт, Алтын Емелге бекініп, кезекті жау тасқынына тосқауыл бол жатқан Малайсары батырға көмектесуге соңғы үміт етері Кенжесін де ақ батасын беріп, Сейіт екеуін аттандырады. Манай ақсақалға халқынан қымбат, қасиетті жоқ. Бары-сонікі. Куанышы, қайғысы, женілісі, женісі де ортақ, демек, жаны да, бары да – халқынікі. Романда Әбілқайырдың бәйбішесі Бопай мен Кенже батырдың келиншегі Сәния образдары жаныңа нұр құяды. Бас сардар болып күллі қазақ тізгінің қолына ұстаған Әбілқайыр ханың нақсүйері Бопай ханышаның «құлқісі күміс, үні жұмсақ, әрі әмірлі». Кеуде керіп, төнірегін жайпап, ызғар сеуіп, сәні мен салтанатын асырғысы келіп тыраштанған өлермендік онда жоқ. Бағасын біліп, білдіртетін, өзгенің де бағасын тани біліп баршамен, сырдесте пікірлес бол, төнірегіне жүлдyzдай жамырата жинайтын тектілігі сыйбатына сымбат қосып, ақылдылығын, жолға жүйріктігін айғақтай түскен. Бопай адамшылық принципке беріктігімен ел басына қара бұлт төнгенде рулы елге ұран болған Абак, Қарқабат, Ақкелін, Домалақ екенін халықтың салтынан айнымайды. Мінезге байлығымен Бопай сүйікті ері Әбілқайырдың беделіне бедел қосып, оның төнірегінде де жүртты

жымдастыра түсуге аз үлес қоспайды. Малшы Орақбай шалдың отбасынан шықкан Сәния ару қалмақтардан етек бастылықты көп көре жүріп жасымайды, бірде шаруадан бас алмай титықтаса, енді бірде ауылға шапқан жаумен үстіне сауыт киіп, хаса батырлардай айқасады. Басқа ұлт өкілдері қазактың қамын жеп, намысын қорғап, интернационалдық борышын адал орындаپ жүргенде қазак Қаражал сүм жауға сатылып, жансызы боп қастандықтың небір катыгездігін балалатып, туған еліне опасызыдық жасайды. Соны сезген Сәния өзінен қалмай, жүрегін ұсынып жүрген жігіті садакпен атып өлтіреді, сатқындықтан халқы тартар ауыр зардаптардың алдын алады. Даңкты Бөгенбай батыр Бас сардар Әбілқайыр ханға: «Бұл Кенже батыр болады. Малайсарының жонғарлармен алғашқы ұрысында ерлік көрсеткен. Кейінгі Бұлантты, Бөленті бойындағы соғыста да өжет ерлігімен даңкы шықкан», - деп таныстыра, мінездеме беретін ел жақтаған жігіті Сәния да уздіге сүйеді.

Аласапыран шақта ауылдан аттанып, хабарсыз кеткен Кенже Малайсары, Санырақ батырлардың қатарында соғысып, енді шешуші ұрыска кірісер алдында Түркістанға келеді. Сол сәтте «ақ табан шұбырындыға» ілесіп өкесі Ошақбаймен бірге осында жеткен Сәния, қалың жауынгерлердің ортасынан сүйгені Кенжені көзі шалып қалғанда қуанғанинан буын-буынынан өл кетіп: «Тірі екенсің той! Тірі екенсің, Кенжем... Ризамын, жаратқан... Ендігі жерде, қара түнек ажал сенің орныңа мені кеп алсын, деп тілеймін алладан күнбе күн. Тек сен аман бол Кенжем. Мен сені ғана, тек сені ғана сүйемін, сенен өзге ешкімнің жоқ екенін бұрын неғып білмедім екен... Көп айдан бері бірінші рет Сәния көз жасына ерік берді». Міне, таңғы шықтай мәлдір махаббат. Жаудың оғы да, елдің сөзі де өтпейтін қасиетті сезім. Мұндан сәтті суреттер, монологтар, адам жанының ирімдеріне бойлатар өрнекті сұлу сөзді кестелер Әнуар шығармаларында мол ұшырасады. Анау айтқандай, ол мықты журналист, бірақ мықты жазушы емес деген жел сөздің бекерлігіне көзіміз жетеді.

Ойлы, ұстамды, отты, жігерлі, ұлттық менталитет пен патриотизмге толы кітап қымкуyt, шиыр-шырғаланы, бұкпесі жата тастары, қиянаты мол өмірдің бұралан жолдарынан қалай ат та аман, арба да аман өтіп, адамның өзін-өзі сын сағатта танып-бітуге, бағалауға, төнірегін құрметтеуге, ақыл ойың мен жүрегінді қанаттандырып, арпалыса күресе жүріп мынадай өмір сыйлаған ата-бабаларын құрметтеуге, ізгі тәрбие, өнеге, жақсы жолға жетелейтін даналық нұрын сепкен адамзатты бауырым деп сүюге көмектеседі. Әнуар Әлімжанов «Махаббаттың жебесі» романының алғы -сөзінде: «Мен халықтың көптеген ғасырлар бойына жат жерлік басқыншыларға қарсы, өз азаматтығы мен тендігі үшін жүргізген күресінің бір ғана оқиғасын баян еттім...» - деп жазыпты. Асылы, халықтың арман-тілегінен, көз жасынан жарапған перзенттері ешқашан елін жерге қаратпаған, ақ сүтін актаған. Солардың ішінде ел есінде мәңгі қалғандар: Сырым Датов, Кенесары Қасымов, Исатай-Махамбет. Ә.Әлімжанов осылардың ішінде өміrbаяны барынша курделі, қазақ даласын еңреткен трагедиялы өлім бүйірған Махамбет тағдырын арқау етеді. Шағын романда бірнеше кітапқа түк болар кернеуі жоғары ішкі, сыртқы драматизмі ушыққан оқиғаларды шеберлікпен кестелеп, ержүрек, жауынгер, күрескер қаһармандардың образын жасап, гуманистік мұратын жүзеге асырған. Романда автор халық күрескерінің құлқы, ниеті қандай болу керектігін бірінші кезекте көрсетуге тырысады. Айталақ, Еділ мен Жайық арасындағы алып аймақты Россия империясының патшасы I Павелдің тілін тауып алған Бөкей сұлтан, хандық құрып, қарауындағы жүртты

ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайды. Оның орнын басқан Жәңгір билігін өкеден де күштейтіп, сән-салтанатын ақ патшаға еліктей отырып, онан да асыруға тырысты. Нарынқұмның қақ ортасында жасыл желекті бақ өсіріп, Жасқұс қалашығын тұрғызыды, өзгеше Сарай салдырып, медресе, мектеп ашты, сауда орындары бой көтеріп, көшпелі қазақтардың көзі көрмеген «реформалар» жасады. Сөйтіп, көзге тосын, құлақ естімеген жаналықтарымен Отандастарын өзінің тұлғасына таңдана көз тігуте мәжбүрлекен Жәңгір хан, арда қазақтарды екі жақты қанауға мәжбүрлеп, күшпен қысып, салықпен есендіреп, орыс билеушілерін тек жақсы қырымен «сүйсіндіруге», адаптациямен жағуға бар қүшін салды. Қазақ сахарасының бір пүшпағындағы ояу көзі қарғылы төбеті, адаптация құлы Жәңгір қайтыс болғанда орыс патшасы Николай I: «Шын берілген, өте керекті адам еді, аянышты, аянышты», - деп қайғыруы, кешегі қан сасыған оғиғалардың ортасында бірге жүрген генерал Перовский Жәңгір марқұмның сүйікті тоқалы Фатима тоташқа орны толмас қазаға көңіл айтты: «Бізге осыншама ұлағатты сын жіберген жаратқанға сыйына отырып, мен сізben бірге көз жасымды төгемін», - деп жесірімен бірге егіле жылауы-мезгілсіз өмірден озған ханның отаршыл билікке қаншалықты қажеттігін анғартатын ақиқат. Міне, сол қазаққа да, алғы орыс империясына да мәшінүр генерал Жәңгір хан Махамбетті барынша бағалап, оның төгіліп түрған, от шашқан қуатты жырларын өз беделін көтеріп, Ұлы Дағаға даңқын жаюға пайдаланғысы келеді. Кіші жүздің ығайы мен сығайы бас қосқан Хан Кенесінде оны ресми түрде Кіші жүздің бас ақыны, Сарай ақыны етіп бекітіп, астына тұлпар мінгізеді, оқалы шапан кигізіп, үкілі наиза мен күміс қынапты алмас қылыш ұстатауды. Жас ақынды сарайға берік тұрақтандыру үшін ағасы Бекмұхаметті көп уәзірінің бірі етіп сайлайды. Ел билеуге, керекті адамын жаңылмай табуға сұнғыла, мәмлешил Жәңгір Махамбетті «адал» қызмет етуге осылай мәжбүрлекен. Оның үстіне тым өсерленгіш, қырандай мінезді, жүрген жерінде жұртты бойына үйіріп алғаш ақын, сал, алмас қылыштай өткір жігітті еркін ұстайды. Хан – қараның еркесі Махамбет, даңқ құшағына да, асау, тәқаппар, өзімішіл, сауатты да, сұлу, еркетай хан тоқалы Фатиманың оң қабағына ілігіп, жұмақты ертерек сезінеді. Ал Жәңгір хан тұлғасы биік, шешен, алғы денелі, ақылды, парасатты, көреген басшы, батыр, старшын Исатайды да қолдан шығарып алмас үшін алым-салықтан босататын «дархан» қағазын беріп, қызмет бабындағы қандай жазадан да босатылатын грамота ұсынады. Еділ мен Жайық арасындағы ең күнарлы жерлерді хан, жандарал, сұлтан, қожа-молдаларға пышақ үстінен үлестіріп, халыққа «мұжыған сүйек» қалады. Накты деректерге сүйенсек, Жәңгірдің ерке сұлу тоқалы Фәтиманың бір киер салтанаты, гаянтар тас орнатқан ұлттық киімі ғана 150000 сом тұрады екен. Егер сол кездегі бағамен жүйірік ат, құлынды бие 5 сом түрғанын ескерсек, Фатиманың бір киер кейлегіне 30000 жүйірік жылқы немесе құлынды биені базарға шығару қажет. Ал, қала салу, мектеп салу, монша, сауда орындарын тұрғызу, жабдықтау ісін қосқанда қаншама қаражат қажет! Міне, осылардың барлығы қарапайым халықтың мойнына салықтың түрлері бол мінген. Исатай салықтан құтылуға қолындағы барын түтел беріп, қара суға қарап қалған жылаулы халқын күнде көре тұрып, өзіне жасалған «кеңешлікten» бас тартып, Жәңгірге лағнет жаудырады. От тілді, орақ ауыз, «жұмақта жүрген» Махамбеттің сарай ақыны болуын халқымен кіндігі бір Исатай құптамай, жеті қат көктен жерге түсіреді. Әз-Жәнібекке Асан Қайғының, Темірге Шалакиіздің, Есім ханға Жилембеттің, Тұрсын ханға Марқасқа, Абылайға Бұхар жыраулардың қызмет етуімен Жәңгірханға Махамбеттің қызмет етуінің айырмасы жер мен көктейлігіне көзін жеткізеді. Жоғарыдағы аты аталған хандар қазақ

хандығы күрылыш, енді күш алғып келе жатқанда, бас-аяғына дейін темір құрсанған жаумен айқастардың бел ортасында жүрген шақта халықты соның төнірегіне топтастырып, ынтымақ бірлікті-нығайтуға Сарайға талантты ақын қажет болды. Ал Махамбет Жәнгірдің қай қылышын дәрітеп, даңқын асыруға тиісті. Қарауындағы қайыршы халқын базарға сатып, барын сыйырып алғып, дәулет жинап, көз жасынан салтанатын асырған жыртқыш, жағымпаз, дүниеконыз, қатыгез, жылпос ханды дәрітеу-елінді сату, азғындық екенін Исадай «басы піспеген» асау ақынға үқтыруы мүн екен, ол ханнан қос қолын төбесіне қойып безді. «Қазакты төре бастап көгертер деп, малтаңды би мен бектер езбе деді» (Қожаберген жырау) демекші Исадай мен Махамбет тізе қосканнан кейін шектінің көрі батыры Досан, шектінің атақты батырлары Көтібар, Арыстан, адай батыры Сүйінқара, Сырым батырдың баласы Жүсіп, 1812 жылғы Отан соғысына қатыскан Алдияр қарт, күйші Құрманғазы, ақын Шернияз, жасамыс – жас батырлар Ерсары, үндемес Нұралы, Жантас- Балабек, Ноян т.б. Жәнгір мен Баймағамбет, Қарауыл қожа, Шынғали сұлтандарды «басы көкке, сирағы жерге енсе де, ақырып, долданғанда алғып үрді» (И.Крылов). Өздері де сол ұлы арман, ұлы іс жолында құрбан болып, азаматтық тарихқа, туған халқының жадына есімдерін мәнгі жазып кетті. Өздеріне хан тарапынан жасалған жақсылықтардан бас тартып, қатыгез, қанқұйлы, сатқын, қауіпті жауға тік көтерітуге шақырған Исадай батырдың образы характер логикасы мен оқиға логикасының арасында жік көрінбейтіндей берік әрі рухани сұлулығы үндестіріле өрілген. «І Петр тәртіпсіздікің алдын алу үшін кез келген тәртіптің астан-кестенің шығаруға өзір еді» (В.Ключевский), - демекші, Махамбет халықтың түбіне жеткен Жәнгірхан, Баймағамбет сұлтан орнатқан, жүргізген тәртіпті түбірімен жояға соғы демі шыққанша арыстандай айқасты. Жәнгірді «хан емессің қасқырсын», Баймағамбет сұлтан «сендей Нарқоспактың баласы» деп қылыштан өткір, еттен өтіп сүйекке жетер сөзбен сеспей қатыратын улы оған дәл жүректерінің басын көзделеп атты, қытымыр заманнан да қынбады. Исадай мен Махамбеттің қасына ерген, азаттық жолындағы жанын қиуға серттескен 300 сарбазы Ақбұлақтағы шайқаста Орынбордан келген 150 казак, генерал Перовскийдің жеке резервінен бір батальон атқыштары, сұлтандар мен ханының 3000-нан астам біріккен қолымен соғысып, орыс империясы мен Кіші жуз ханының жендеттерін қынадай қырып, «Наймандар мен қыпшақтар Шынғысханмен шайқаста қандай өжет өліммен өлсе, біз де солай өлейік!» (Исадай), - деген серттерінде тұрады. Өздерінен он еседен артық, мұздай қаруланған жазалаушы өскермен айқаста Махамбет бастаған аз ғана адам, Исадайдың әмірімен ұрыс даласын тастап, болашақта халықты қайта көтеруге, жазықсыз шәйт болған халық батырларының кегін алуға ұлы даласының қойны-қонышына сіңіп, болашақ өрттің тамызығын ала кетеді. Әнуар Әлімжанов көркем-публицистикалық романында «Стиль – это человек» (Бюффен) екенін нақты қаһармандар тұлғасын сөзбен өріп, бейнелеп бере алған. Баймағамбет сүмның қолына түскен сарбаз, күйші Құрманғазы мен досы Степан көтерілісшілердің қайда бекінгенін айтпағаны үшін 500 дүре сокқанда жағын ашпайды. Исадайдың жақын достарының бірі Қабыланбай жараланып, шалғайдағы қыстауларды паналап жүргенде ұсталады, шовинизмнің буы бүркырап тұрған 500 қаншер казактың сапынан өткізіліп, шпицрутенмен 1500 рет дүреленеді. Үсті-басы қан, денесі көкала таңба, бет-аузы көнерген ісік болса да тізесін бүкпейді, басын имейді. Характер дамуының ішкі логикасы – шынайы өмір логикасының құбылысын тап басу екенін Әнуар қапысыз ескерген. Елді сілкіндірген оқиға, тарих қайталанып отырмақ. 1986 жылғы Республика алаңында Тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық қозғалысына шыққан

жастарымыздың қайсарлығы, жүрек жүтқан ерлігі «Махамебтің жебесіндегі Иса, Мұса, Жақия тәрізді жасөспірімдер мен Қабыланбайдың қанынан дарыған, рухынан нәр алғандықтың бұлтартпас аксиомасы. Құдай көкте болса, жердегі құдай – халық. Халық қаһарланбасын деңіз, қаһарланса, уақытша күші асқан, қиянаты асқанды, алдын-ала өзірленіп басына әңгір-таяқ ойнатқанды кешпейді зұлымдықты жеңбей, ауыздықтамай, кегін еселеп қайтармай тынбайды. Кіші жүзді орыс империясының қаруымен, жат пиғылды әскерімен қырып-жойып, қанға түншіктырып, нар тұлғалы Исатай бастаған талай марқасқа ұлдарының түбіне жеткен Жәңгірге тосыннан белгісіз ажал тап болды. Көтерілісшілердің рухани көсемі, неше рет түрмеге түсіп, айдауда жүрсе де «акырып тендік сұраған» Махамбетті қапылыста қолға түсіріп, басын патшаға «сыйға тартып» күрметке бөлениген, генерал шенін батырлығы емес, жауыз-қанышерлігі әперген Баймағанбет, жертәнірісіп елге асып-төгіліп келе жатқанда Қиялы-Қиғаш сұына батып өледі. Дауылды құндері егеулі найза қолға алып, түн қатып, түс қашқан қанды көбе кінген Лаубай, Аббас бастаған достары Махамбеттің кегін қан ұыстаған, сатқын Баймағамбеттен осылай қайтарады. Әнуардың бейнелеуінде Исатай, Махамбет, Құрманғазы, Шернияз, Ерсары, Нұралы, Қалдыбай, Нојан, Алдияр қарт т.б. жаны жәнніттә дамылдап жатқан «бұлықсып жүрген ерлер» ұлт азаттық қозғалысының ғана емес, халқының Тәуелсіздігін де аңсап, әсіресе, отаршыларымен табан тіреп, кектене қидаласқан темір өзек батырлар. Әділіне жүгінсек, Жәңгір, Баймағамбет, Қарауылқожа, Шыңғали сұлтандарының тастуýін боп қарғыс атқандарға қарсы атбасын жіберген Исатай, Махамбет қолына түкте емес, үйпалап тастары анық еді. Оны Тастөбедегі шайқастан патша жендеттері, хан жасауылдары мен ауыл арасында шәуілдеген төлеңгітер мықтап көнілге түйді. Тек жасанған, біріккен күшпен ғана дала қаһармандарын патша, хан билігіне басын игізе алатындарына көздерін жеткізді. Исатай-Махамбет көтерілісі қазакты қарумен де, қатал билікпен де бағындыра алмайтынын олардың, дүбәра саяхатшы, үйкүшік елшілер күман, тұман, половцы, қайсақ деп атап, жабайыға жатқызатын осал-оспақ еместігін қылыш ұстап кеп, қылыштан сазайын тартқан соң ұқты. Рулар мен тайпаларды қулық-сұмдықпен араздастырып, өзара шағыстырып, біріне-бірін айдал салған әзәзіл жолмен ғана мәмлеке көндіріп, женетінін отаршылдар көнілге бекем түйді. Демек, Әнуардың Құрманғазысы толғанатындей, Сырымы, Көтібар, Арыстаны, Кенесары, Исатай, Махамбеті бар қазақ: «Ажалдан қорықпайды, құлдықтан қорқады. Дала бостандықты сүйеді, күшті жанды сүйеді. Ұлы Далада айқас дүбірі бір тынып көрген емес, дала перзентін ешкім ешқашан да күшпен тізе бүктіріп көрген емес». Жалпы, «Махамбеттің жебесі» публицистикалық – көркем роман болғандықтан, автор ұлттық идеяға, ұлттық психологияға өрісті кең ашып, оқырманына қан мен тер араласқан аласапыран шақтың құлқы мен пейілін, ниетін, айласы мен амалын көзге көрсету, болашаққа сабак, ғибрат болуы үшін бүкпесіз ашық бейнелеуге өнерін салған.

Әнуардың басқа қаламгерлерге қарағанда өзіндік қайталанбас ерекшелігі барын көрмеу қиянат. Ол әйелдер бейнесін тұлғалы азаматтардың келенкесінде қалдырмайды. Оққа кеудесін төсеп, отқа оранып жүрген азаматтардың жүргегіне жылу, жанына демеу, қиналғанда басын сүйеп, жауыннан кегін қайтарған-ноян, түйыққа тірелгенде ақыл косқан кеменгер – ару, адал, ізгі, тазалығымен отбасына береке-бірлік, ынтымақ орнатқан, «майысқан, бейне гүлдей толықсыған, алтын тақтан кем емес жар төсегін» (Абай) тосқан ана. Сания, Бопай («Жаушы»), Әнида, Бану («Үстаздың оралуы»), Мақпал, Нұрбал

(«Махамбеттің жебесі») сондай, барлық қырынан сөule шашатын алмастай аяулы әйелдер. Әсіресе, Мақпал харakterі жете ашылған. Алғыр, асау, өрттей бет шалып түрған өткір, алмас қылыштай қылпып түрған Махамбетті сүйе біледі, сүйіze біледі, қадірлей біледі, қадірлете біледі. Екі бала туып, үнемі жорық үстінде, ел ішінде жүретін Махамбеттің тілеуін тілеп, жаудың күші асқан шайқаста Исадайдың әйелімен бірге сауыт киіп, қылыштасып, найза ұстап жау түсірген кездері көп. Махамбет қолға түсер кезде де оның бір жауын найзамен түреп, мылтық оғынан жараланып, басы кесілген күйеуін құшақтап жан тапсырады. Хиуа ханы Аллақұл сыйлаған ауған қызы Нұрбал да аз уақытта қазақ ақыны, батыры Махамбеттің көне грек құдайларындай ірі мінездері, пендеге үқсамайтын кесек бітімі, биік адамгершілк қасиеттеріне тәнті болып, бауыр басып қалады. Хиуадан кетерде басына бостандық беріп, еліне апарғызып салуға шешім қабылдаған Махамбетке Нұрбал: «Кешір; мырзам! Алдыңа ашық келіп, қымсынбай сейлеуге үйреткен өзіңсің. Маған, сен күн емессің деуші едің ғой. Мен дегенде есігінді ашық ұстадың, қысым жақпай көргенім жоқ. Әйелді әріне қарап бағалауға болмайды, біздің ауылдың қыздары беттерін таппай, ашық жүреді, егессе-еркектен кем емес дейтінсің. Қалғым келмейді сенен...» - дейді жалынып. Сұлу да ақылды, ханға сыйға әкелінген Нұрбалды Аллақұл Махамбетті өз жағына тарту үшін сыбағасын аузынан жырып батырға ұсынған. Міне, сол асыл перизат та еліне оралған соң Махамбеттен үл туып, сағынып құсадан өлген. Асылы, ұлы адамдардың махаббаты да ұлы. Тербелген бесігі де киелі. Махамбеттің өзі, екі інісі де көтеріліске қатысып, ерлікпен қаза табады. Ағасы Бекмұханбет коммунистік идеология дәуірлеп түрған кезде Жәңгір ханның уәзірі болғандықтан, қанаушы, езушінің шашбауын көтерген жарамсақ адам, көтерілістің қас-жауы ретінде сыналатын. Әнуар керісінше Махамбет шыққан күрсактан жапалак тумайтынын дәлелдеп кетті. Романда Садық аңшы Бекмұхамбетпен жолбарыс аулауға шығады. Жолбарыстың жымына кез болған уәзір ашулы аңды женіл жаралап, өзіне қарай атылуға бейімделгенде сескенбей, қасқайып қарсы тұрып қалады. Аңшы Садық оны мерт қылатынын сезіп, жерден көтерілген жолбарысты қак жүректен атып құлатады. Аңшының өлімнен құтқарған жақсылығына алғыс айтудың орнына Бекмұхамбет ашына: «Мынау сениң қай қылышың?! Өз руының қарғысына ұшырап, бірге тұған бауырларымнан безген жанның адам құсан өлүнен де жол жоқ па сонда?!» - деп тіл қатады. Кім қызметке қандай себеппен алынады, әңгіме онда емес, гәрі жүректі таза ұстауда. Осы үзіндіден біз Махамбеттің ағасы інісін іштей қостап, тілектестігін жасырып, сәті түссе Исадай жағына шығуға бел буып жүргенін аңғарамыз. «Махамбеттің жебесі» жанры жағынан көркем-публицистикалық роман. Роман-трагедия. Бірақ ол халықтың трагедиясы емес, халықтың жағасына жармасқан өлемен, күні өтіп бара жатқан қара күштің трагедиясы.

«Әдебиет – ойдың, тілдің жемісі. Олақ тіл көркем ойдың көркін бұзады. Алғыр тіл күн шалмағанды шалады, қараңғы көңілге сөule бере алады, сұық көңілді жылыта алады» (F.Мұстафин). Әнуар Әлімжановтың тілін көркем ойдың көркін бұзатын кестелі сұлу сөзі кем, тұтықпалы тілге жатқызбайсыз. Оның ойдан алынған кейіпкерлері жоқ, бәрі өмірде болған, жұртына енбегі сіңген піл сауырды азаматтар. Сондықтан жазушы өмір материалдарына, архив деректеріне сүйеніп, өз уақытына, дәуіріне сай қаһармандар бейнесін кестелеп, тілін, мінезін, ұлттық менталитетін, арман-аңсарын, бастысы, тарихи орнын артық бояу жағып алабажақтамай, алғыр публицистикалық тіл, романтикалық бояу, реалистік шырайлы шындықпен тамылжыта бейнелеп, бойындағы барын сығып,

окырманға шырынды ғана ұсынуға талант қуатын жүмсайтын, пірге қол берген жазушы. Оның шығармаларының поэтикасын сөз еткенде Әнуар мақала, очерк, повесть, романдастында мақал-мәтелді, шешендік сөздерді, тұрақты тіркестерді, сатира, юмар, гротеск, гипербола, литота, шарж, карикатураны тиімді пайдаланады. Ән мен күй шертіліп, жер бедері, рельефі, аяу райының құбылысы оқиға мазмұнына ажар, көрік, жылы ағыс әкеліп, жанды өмірмен жүздестіреді. Диалог, перифраз, архаистік сөздер, символ, портреттің түрлері алмасып, шығарма тынысын көніте түседі. Қыскасы, рухани ізденіс, суреткерлік қайсарлығына оқырмандарын үздіктіріп өткен жазушы өнер алдындағы, ақиқат алдындағы адалдығына кір жүқтүрмай, ұлт рухының лидерлігін халқына, ТМД елдеріне, тәрткүл дуниеге де мойындарып өтті, мойындарып келеді. Осы пікірміздің ақиқатын Әнуар Әлімжановтың тонның ішкі бауындай жақын қаламdas досы, замандасы, жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазіргі қазақ әдебиетінің аса көрнекті тұлғасы Дулат Исабеков: «Қайран Әнекем! Момын еліне шырылдан ара түсуден қажымайтын Әнекем! Қай үлкен орта болсын өз елінің беделін көтеріп, мереін үstem етіп жүрген Әнекем!.. Уақыт озған сайын қадірінізді түсіне берерміз, өзініздей Азамат енді қайтып тумасын, туса да басқаша боларын уақыт-патша бізге сезіндіре түсер. Ел намысын ту еткен өмірініз ел есінде әрқашан мәңгі сақталары сөзсіз!» - деп қызыл сөзді сапырмай, таза, мінсіз, жүргінен, майталман қаламынан шықкан асыл сөзімен қоштап, толықтыра түскен.

ӘОҚ 541.124

**Сыдықова М.**

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*  
[Marjan\\_01@mail.ru](mailto:Marjan_01@mail.ru)

## **ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДА ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

В статье рассматриваются особенности употребления сравнения в поэтических произведениях казахского языка.

This article is devoted to the peculiarities of using the methods of comparison in the poetical works in Kazakh.

Қазақ поэзиясының зерттелу тарихына мән беріп, мұқият қарағанымызда көптеген ғалымдардың назар аударған мәселелері өлең жолдарындағы сөз көркемдігі. Сондай көркемдік элементтердің бірін - теңеулер құрайды. Фалым А. Байтұрсынов, З.Қабдолов,

